

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КАФЕДРАСЫ

КЕРИМОВ Б.К., НҮРБОСЫНОВ Б.И.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ
(ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ)

АҚТАУ 2012 ж.

УДК 341(075.8)
ББК 67.412.
Х 17

Құрастырушылар: «Халықаралық қатынастар» кафедрасының аға оқытушылары Керимов Бауыржан Қыдырисламұлы және Нұрбосынов Бекболат Иванұлы 050202 – «Халықаралық қатынастар» мамандығының студенттеріне арналған «Халықаралық құқық» пәнінен оқу-әдістемелік құрал. 2012.

Рецензенттер: т.ғ.д. Озғанбаев Ө.О., т.ғ.к. Бекешов С.С., т.ғ.к. Табылдиева О.Д.

X17 Халықаралық құқық: Оқу-әдістемелік құрал/Құраст. Б.Қ.Керимов, Б.И.Нұрбосынов. – Ақтау, 2012. – 83 б.

ISBN 978-601-7349-44-8

Бұл оқу-әдістемелік құрал мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сай құрастырылып, жоғары оқу орындарындағы халықаралық құқық курсы зерттеу мен оқытуға арналған. Оқу-әдістемелік құралда қазіргі халықаралық құқықтың негізгі ұғымдары, институттары мен салалары қарастырылып, оның даму эволюциясы көрсетілген.

Оқу-әдістемелік құралын дайындау кезінде жаңа нормативтік материалдар, сыртқы саясат құжаттары мен халықаралық ұйымдардың актілері пайдаланылған. Бұл оқу-әдістемелік құрал студенттерге, магистранттарға, оқытушыларға және жалпы халықаралық қатынастар саласына қызығушылық танытатын азаматтарға арналған.

УДК 341 (075.8)
ББК 67.412.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімі бойынша басылады.

ISBN 978-601-7349-44-8

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2012

МАЗМҰНЫ:

Кіріспе	4
I-тарау. Халықаралық құқық және оның ерекшеліктері.	
1.1 Халықаралық құқық ұғымы және оның даму тарихы	5
1.2 Халықаралық құқықтың қайнар көздері мен жүйесі	6
1.3 Халықаралық құқықтың негізгі қағидалары	9
II-тарау. Халықаралық құқық субъектілері.	
2.1 Халықаралық құқық субъектілерінің ұғымы мен түрлері	16
2.2 Халықаралық құқықтағы территория мен тұрғын халық	35
2.3 Дипломатиялық және консулдық құқық	45
2.4 Адам құқықтарының халықаралық құқығы	48
III-тарау. Халықаралық экологиялық, әуе және теңіз құқықтары.	
3.1 Халықаралық теңіз құқығы	56
3.2 Халықаралық әуе құқығы	58
3.3 Халықаралық экологиялық құқық	68
IV-тарау. Тест тапсырмаларының сұрақтары.....	73
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	79

Кіріспе

Халықаралық құқық XVIII ғасырдан бастап осы атаумен атала бастады. Бұған дейін Ежелгі Рим заңдық жүйесіндегі «*jus gentium*» термині қолданылып, ол «халықтар құқығы», «жалпыхалықтық құқық» деген мағыналар берген еді. Қазіргі халықаралық құқық Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында фашизмге қарсы құрылған демократиялық күштердің күшеюі әсерімен қалыптасқан еді. Оның негізі қағидалары Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жазылған болатын.

Халықаралық құқық нормаларының қазіргі таңдағы даму тенденциясын жақсы жағынан бағалауға болады. Халықаралық құқық нормаларын жүзеге асыру барысында жылдан жылға БҰҰ-ның, оның Бас хатшысының, аймақтардағы арнайы мекемелері мен ұйымдарының беделінің артуы жүзеге асып келеді. БҰҰ тек мемлекетаралық қарулы қақтығыстарды реттеуге ғана қатыспай, мемлекет ішіндегі этникалық, діни, әлеуметтік проблемаларға да араласып, олардың алдын алу арқылы миллиондаған бейбіт тұрғындардың өмірін қорғап қалған болатын. Алайда халықаралық-құқықтық нормаларды ұстану мен оларға бағыну, әсіресе оның бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету сияқты шиелініскен саласында әлі де толық өз дәрежесінде болмай отыр.

Халықаралық аренада ұлттық мүдделерінің қарама-қайшылықтарына байланысты мемлекеттер арасындағы күрес үнемі жалғасын тауып отырады. Халықаралық құқық талас-тартыстарды шешуде әскери күштерге жүгінуге тыйым салып, қақтығыстарды реттеуде мемлекеттерді тек бейбіт әдіс-тәсілдерді қолдануға міндеттейді. Бірақ та мемлекеттер арасындағы қарым қатынастар әрдайым әскери-экономикалық потенциалмен, саяси күштердің ара салмағымен анықталады.

Қазіргі жағдайда ірі державалардың әскери қаруларды орынсыз қолдануы халықаралық құқыққа сүйенген әлемдік қауымдастық пен мемлекеттер арасында қарсылық тудырып, олар мұндай әрекеттерді айыптау үстінде. Бүгінгі күні халықаралық құқық жаңа халықаралық проблемалармен, олардың ішінде халықаралық терроризммен және айналадағы ортаның ластануымен, кедейлікпен және мемлекеттердің экономикалық дамуының теңсіздігімен, трансұлтты қылмыстылықпен және жергілікті қарулы қақтығыстардың өршуімен күресудің жалғыз құралына айналып отыр. Осының барлығы халықаралық құқықты жеке мамандық шеңберінде терең оқыту қажеттілігін өзектендіреді.

I-тарау. Халықаралық құқық және оның ерекшеліктері.

1.1 Халықаралық құқық ұғымы және оның даму тарихы.

Халықаралық құқық ежелгі әлемде ертедегі Шығыс, Қосөзен аралығы, Египет елдері арасында б.з.д. IV мыңжылдықтың аяғы мен III мыңжылдықтың басында алғашқы құлиеленушілік елдерде пайда болды. Олардың арасында қарым-қатынас алғашында дәстүрлермен байқалды. Осымен бірге жазбаша халықаралық келісімшарттар пайда бола бастады. Осылардың бірі б.з.д. XXIII ғ. Аккад елінің патшасы Нарамсин мен Элам екеуінің арасындағы келісімшарт болып табылады. Халықаралық келісімшарттың классикалық түрінің бірі б.з.д. XVII ғ. хетт-египеттік келісімшарт болып табылады. Б.з.д. II-I мыңжылдықта халықаралық құқық элементтері Қытай және Индия, кейін ерте Эллада және ерте Рим территорияларында байқалды.

Ерте әлемдегі халықаралық құқық тек екі жақты емес, көп жақты келісім шарттармен жасалды. Ерте Грецияда көп жақты келісімшарттар жүрді, бұл әртүрлі одақтар құруға әкелді (этомистік, ахейстік одақтар).

Орта ғасырлар кезеңіндегі халықаралық құқық феодалдық бытыраңқылық адамзат қоғамының дамуына әсерін тигізді. Феодалдық қоғамда келісімшарттар көп болды, осыған орай жария құқық келісімшарттарды жеке құқықтық келісімшарттардан айыру қиын болды, келісімшарттар субъектілері болады, әр уақытта феодалдар, қалалар болады. Бірақ соғыс заңдары және дәстүрлері өте қатал болады.

Дәл осы орта ғасыр кезеңінде көп жақты келісімшарттар толық дамыды. Мысалы: 1648 жылы 30 жылдық соғыстың аяқталуын заңды түрде бекіткен Вестфаль трактаты болып табылады.

Швейцарияның, Голландияның және Германияның көптеген княздықтарына тәуелсіздік берілді, Рейннің жағалауында орналасқан елдерге еркін суға шығуға рұқсат берілді.

Осы кезеңде сонымен қатар елшілік құқық та дамыды. Елшілікпен алмасу әрдайым болып тұрды және уақытша елшілер, тұрақты елшілер болды.

Жаңа кезеңдегі халықаралық құқық Еуропадағы капитализмнің дамуы мен қатар әлемдік рыноктың құрылуы, халықаралық сауданың тереңдеуі хабар алмасу құралдарының қажеттілігі көптеген халықаралық ұйымдардың құрылуына алып келді. Олардың алғашқылары халықаралық телеграфтық одақ (1865ж), әлемдік почталық одақ (1877ж), халықаралық темір жол одағы (1886ж) құрылды. Бұл халықаралық құқықтың сапалы және тез дамуына алып келді.

Халықаралық құқықтық келісімшарттардың мазмұны өзгерді. Мұнда монархтардың барлық титулдарын жазу жатқызылды. Еуропадағы ант беру тұтқындардың берілуі, Рим папасының бұйрығы дегендер жойылды.

Жалпы халықаралық құқыққа әр түрлі анықтамалар беріледі. Бірақ барлығы бір түсінікке алып келеді. Халықаралық құқық - өзінің субъектілерінің арасындағы қатынастарды негізгі нормалар мен субъектілер арқылы реттеп отыратын ерекше жүйе болып табылады.

БҰҰ барлық ортақ қауіпсіздік пен мемлекеттер арасындағы әр түрлі саладағы қатынастарды реттеуші ұйым ретінде ол қазіргі заманғы халықаралық

құқықтың дамуының катализаторы болып табылады. БҰҰ–ның арқасында жарты ғасыр бойы адамзат бейбітшілікте тұрып жатыр.

Бұл ұйым жаңа халықаралық экономикалық тәртіп орнатуға көп ықпалын тигізді, бұл 1974 жылы экологиялық құқықтар және мемлекеттер міндетті хартиясынан және жаңа халықаралық экономикалық тәртіп орнату Декларациясынан байқауға болады.

Халықаралық құқық халықаралық қатынастарда 2 функцияны: құрылымдастырушы және реттеуші функцияны атқарады. Құрылымдастырушы функция, яғни мемлекет өзіне әр түрлі сферада нақты тәртіп стандарттарын қойып алады.

Реттеуші функция мемлекеттердің стандарттарымен ережелер қабылдап, соларды бақылауында көрінеді.

Халықаралық құқықта нақты комплекстік нормалар бар, олар мемлекеттің көзқарастарын қорғауға арналған осыған орай қазіргі халықаралық құқықтың қорғаушы функциясының 2 түрі бар:

1. Халықаралық жария құқық.
2. Халықаралық жеке құқық.

Халықаралық жария құқық ең алдымен мемлекеттер арасындағы саяси сұрақтарға байланысты қатынастарды реттейді. Халықаралық жеке құқық мемлекеттер арасындағы, сондай-ақ заңды тұлғалардың (ұйымдардың, мекемелердің) жеке сұрақтары мен халықаралық жоспарды реттейді.

Халықаралық құқықтың нормалары диспозитивті (таңдау мүмкіндігі бар) және императивті болып 2 бөлінеді.

Диспозитивті нормалар деп - мемлекеттер өзара келісім арқылы кейін шегінуі мүмкін, егер шегініс басқа мемлекеттерге кесірін тигізбесе.

Императивті нормаларда мемлекеттердің өзара келісім арқылы да шегіне алмайды, ал келісімшарт нормаларды бұзған кезде жарамсыз болып қалады.

Халықаралық құқық бұл – құқықтың ерекше жүйесі. Халықаралық құқықтық реттеудің объектісі мемлекетаралық қатынастар болып табылады. Халықаралық құқықтың субъектілері тек мемлекетаралық қатынастардың қатысушылары болып саналады. Халықаралық құқықтың мемлекетшілік құқықтан айырмашылығы мемлекетаралық қатынастарға қатысушылардың іс әрекеттері ерікті түрде жүзеге асырылады.

1.2 Халықаралық құқықтың қайнар көздері мен жүйесі.

Жалпы құқық теорияларына сәйкес құқықтың қайнар көздері – бұл шығу шарты және бекіту формасы, сыртқы қалпы және құқық нормаларының пайда болуы. Әдебиетте «құқықтың қайнар көзі» екі мағынада қолданылады: материалды және формальды. Бұлар халықаралық құқықта да қолданылады. Халықаралық құқықтың қайнар көзіне арналған әдебиеттері айтарлықтай кең.

Халықаралық құқықтың қайнар көздері – бұл заңды формалар ретінде тану, бекіту, халықаралық құқықтық нормаларының өмір сүруі. Басқа сөзбен айтқанда, халықаралық құқықтың қайнар көзі – бұл егеменді мемлекеттер мен

басқа да халықаралық субъектінің келісімге келу жөніндегі нормативті процестің нәтижесін іске асыру.

Халықаралық құқық қайнар көздері келісім мен дәстүр болып табылады. Халықаралық құқықтың қайнар көзі ретіндегі келісімшарттар – ол субъектілер арасындағы халықаралық құқықтық нормаларға арналған заңды міндеттердің құрылуы.

Халықаралық құқық субъектілері келісімшарттарының алғашқы стадиясы – келісімшарт мәтінін дайындау, екінші стадиясы – келісім мәтінінде тіркелген ережелерді заңды міндеттеме ретінде мойындау.

Халықаралық келісімшарт (келісім, пакт, конвенция) халықаралық құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде танылады. Аттарына қарамастан, олардың бірдей заңды күші болды. Келісімшарт әдетке сай жазбаша формасы бар және ол қайнар көз ретінде көбіне құрылған. Оның мәтінінің астында қол қойылып, мөрмен бекітіледі.

Дәстүр – халықаралық және ішкі мемлекеттік құқықтың қайнар көзі болып табылады. Бірнеше рет қайталанатын әрекеттер келе-келе құқық субъектілерінің тәртібінің міндетті ережесіне айналады. Егер ұлттық құқықтағы дәстүр күнделікті ережелерді сақтай отырып, азаматтардың, адамдар мен мемлекет топтарының әдеттегі іс-әрекеттерінен жасалып, оған міндеттеме мәртебесі беріледі, халықаралық құқықта мемлекеттердің өздері олардың арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін халықаралық құқықтық дәстүр жасайды. Халықаралық құқықта мемлекеттердің халықаралық қарым-қатынастағы тәртібін орнататын бірегей нормалардың болмауына байланысты халықаралық қатынастарды реттеудегі толық емес келісімшарттық реттеулері бар. Сондықтан халықаралық құқықтағы дәстүрлердің ішкі мемлекеттік дәстүрге қарағанда, өлшемсіз үлкен мәні бар. Барлық тарих өлшемінде мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарының дамуында дәстүр халықаралық құқықтың маңызды қайнар көздерінің бірі болды. Қазіргі уақытта да дәстүр халықаралық құқықтың қайнар көзі ретінде үлкен маңызды роль атқарады.

Тарих көрсетуі бойынша халықаралық қатынастардағы дипломатиялық сыртқы сауда және басқа да қатынастар, негізінен, дәстүрлер көмегімен реттеліп отырды. Ежелгі уақыттан бері халықаралық байланыстарды жүзеге асырудағы мемлекеттердің бірнеше рет қайталанған әрекеттері халықаралық қатынастар саласындағы мемлекеттің жүріп-тұру тәртібін реттейтін күнделікті ережеге сай құрылды. Бұл ережелер оларды ұзақ уақыт қолдану нәтижесінде халықаралық құқықтық қайнар көз күшіне ие болды. Сыртқы сауда қатынастары жай құқық нормаларымен (ережелер) реттелді. Олар халықаралық сауда дәстүрі деп аталып, екі жақтан да орындалды. Сауда-экономикалық қатынастарда тараптар өзара құқықтар мен міндеттерді туғыза отырып, бұл ережелер біртіндеп халықаралық сауда құқығына айналды. Дәстүрлер өзгере алады, олар келісімшарт формасына айналады немесе мүдделі келісімге келуші жақтардың көмегімен алынып тасталады. Келісімшарттар мен дәстүрлер халықаралық құқықтың негізгі қайнар көзі болып қалады.

Халықаралық құқықтың материалды қайнар көзі негізіне мыналар түсіндіріледі: материалды өмірдің шынайы шарты ретінде бүкіл халықаралық қоғамдастық, сондай-ақ бөлек мемлекеттерде, халықтарда немесе қоғамдық топтарда бұл шарт қоғамдық қатынастардың нормативті реттелуінің қажеттілігін шарттайды, сонымен қатар құқықты туындатады. Бұлар әлеуметтік-экономикалық категория, заңды ғылым пәні болып саналмайды. 1969 жылы халықаралық келісімшарт құқығы жөніндегі Вена конвенциясының 2-ші бабына сәйкес халықаралық келісімшарт мемлекеттер арасында жазбаша түрде жасалған халықаралық келісімді білдіреді. Жазбаша түрдегі келісімшарт халықаралық келісімшарттың мақсаты мен объектісін анықтап, келісімге келуші жақтардың міндеттері мен келісімшарттың күшіне енуі және оның мерзімі бекітіледі. Кейде міндеттерді орындамаған жақтар жауапкершілікке тартылады.

Халықаралық құқық теориясы қайнар көздерінің түрлерінің мінездемесінде және оның халықаралық құқық жүйесі орнының орталығынан өте алыстау. Көбінесе, бұл халықаралық құқықта мемлекеттің ішкі құқығына қарағанда, оның қайнар көздерінің тізбегін құрайтын негізгі акт жоқ. Кей кезде бұған байланысты әдебиеттерде БҰҰ-ның халықаралық сот статутының 38-ші бабына арналғаны белгілі. Ғалымдардың көбі халықаралық құқық қайнар көздерінің негізін келісімшарттар және дәстүрлерді санай отырып, келісімшартқа ерекше орын бөледі. Ал басқалары құқықты реттеу келісімшарттардың алдыңғы рөлін қолдап, сонымен қатар барлығы халықаралық құқық фундаменті ретінде дәстүрдің рөлін абсолюттендірді. Үшіншілері келісімшарттарға қарағанда, дәстүрлі құқықтың ең үлкен формасы ретінде қарастырады. Бірақ кейбір ғалымдар әйгілі американдық профессор Ганс Кельденнің концепциясына жүгіне отырып, дәстүрлі халықаралық құқықты жалғыз қайнар көз деп санайды.

Халықаралық құқықтың барлық қайнар көздерін (формальды) заңды түрде негізгі екі топқа бөлуге болады: негізгі және көмекші.

Негізгі қайнар көз тобына халықаралық дәстүрлер және келісімшарттар кіреді.

Көмекші топқа құқықтың барлық принциптері, халықаралық ұйымдардың шешімдері, мемлекеттің ішкі заңнамасы, соттық шешімдер, халықаралық құқыққа тән ғылыми доктриналар кіреді.

Қазіргі заманғы халықаралық құқық қайнар көзінің мәселесін қарастыру кезінде, әсіресе, олардың түрлерін қазіргі заманның әлемнің барлық мемлекеттері болып табылатын 1945 жылы БҰҰ-ның халықаралық құқыққа сай статусын иемденді. Статустың 38-бабы бойынша «халықаралық құқық» негізінде сот оған берілген дауларды шешуге міндетті:

- мемлекеттер арасында талқылауды анықтаған, міндеттерді орнатушы жалпы және негізгі халықаралық конвенциялар.

- жалпы тәжірибе ретінде анықталған халықаралық дәстүр құқықтық норма ретінде қабылданған.

- ұлттар қабылдаған құқықтың жалпы принциптері.

- құқықтық нормаларды анықтау үшін арналған көмекші құрал ретінде әр түрлі ұлттардың ашық құқықтарға арналған мамандандырылған специалистердің доктриналары және соттық шешімдері.

Барлық құқық қайнар көздерінің нақты құқықтық қолданылуы – бұл, ең алдымен, өмір сүру құқығының формасы: «физикалық» бекіту және құқық нормаларының жан-жақтан заңдық анықталуы, керек жағдайда басқа да құқық нормаларының керекті ақпарат алуы.

1.3 Халықаралық құқықтың негізгі қағидалары.

Халықаралық құқықтың дамуындағы маңызды белгілердің бірі, оның негізгі қағидаларының рөлінің үдемелі дамуында, ол белгілі бір қатынастардағы халықаралық құқық субъектілерінің тәртіптеріне негізделген, заңи оқшауланған нормалар болып табылуында. Халықаралық құқықтың белгілі бір объектісіне қатысты нақты құқықтық қатынастарды реттеуге арналған нормаларға қарағанда, қағидалар өз әрекетін құқықтық қатынастардың тұтас аумағына таратады. Құқықтық нормамен салыстырғанда, қағида ұзақ мерзімді, әрі өзгеріп тұратын мән-жайлардың әсеріне көп ұшырамайды. Сонымен бірге, нормаларға қарағанда қағидалар ұзақ мерзім ішінде қалыптасады.

Қағидалар дегеніміз - қандай да бір жүйенің негізін қалайтын идеялар, нақты жүйенің барлық нормалары бағынатын, әрекеті көлемді нормалар болып табылады.

Халықаралық құқықтың негізгі қағидалары — бұл халықаралық құқықтық салада болып жатқан түбегейлі өзгерістерді айқын бейнелейтін негізгі бастаулар. Халықаралық құқықтың қағидалары оның басты ережелері болып табылады, оның халықаралық-құқықтық толық нормалары мен арақатынасын заңдағы нормалардың конституциялық қағидаларының арақатысымен салыстыруға болады.

Халықаралық құқықтың негізгі қағидалары — өзіндік сипаттамасы бар дербес құқықтық санатқа жатады. Біріншіден, қағидалар барлық құқықтық жүйеге таралады. Екіншіден, олар міндетті (императивті) сипатта яғни, **jus cogens**. Үшіншіден, қағидаларға жүйе құраушы рөл сипаты тән. Төртіншіден, қағидаларға заңдылық өлшемі тән болады.

Халықаралық құқықта қағидалардың екі түрлі санаты бар: кең ауқымды қолданылатын жалпы, негізгі қағидалар; және шектеулі түрде тәртіп ережелерін бекітетін арнаулы қағидалар.

Халықаралық құқықтың негізгі қағидалары, біріншіден, БҰҰ Жарғысында бекітілген. Бірақ БҰҰ Жарғысы халықаралық құқық қағидаларын тұжырымдау жөнінде арнайы мақсатты көздемегендіктен, олардың кейбіреулері өте қысқа мазмұндалған. Сондықтан, бірқатар мемлекеттердің бастамасымен, бірнеше негізгі қағидалардың мазмұнын айқындау үшін БҰҰ-да бірсыпыра жұмыстар атқарылды. Бұл жұмыс 1970 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының БҰҰ Жарғысына сай (мұнан былай, халықаралық құқықтың негізгі қағидалары туралы Декларация) мемлекеттер арасындағы достық қатынастар мен

ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқықтың қағидалары туралы Декларацияны қабылдаумен аяқталды. 1970 жылы Декларацияда халықаралық құқықтың 7 қағидасы мазмұндалған. Олар:

- Күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау қағидасы;
- Ішкі істерге араласпау қағидасы;
- Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы;
- Мемлекеттердің өзара міндетті ынтымақтасу қағидасы;
- Халықтардың теңдік және өзін-өзі басқару қағидасы;
- Мемлекеттердің дербес теңдік қағидасы;
- Міндеттемелерді адал орындау қағидасы.

Сонымен қатар, 1975 ж. Хельсинки кеңесінің Қорытынды Актісі 1970 жылғы Декларациядағы қағидалар тізіміне қосымша келесі қағидаларды енгізді: шекаралардың мызғымастық қағидасы; аумақтық тұтастық қағидасы; адамның құқықтары мен негізгі міндеттерін құрметтеу қағидасы. Айтып өтетін бір жайт, халықаралық құқық халықаралық құқық субъектілерінің басшылыққа алатын қағидаларының барлығын белгілеуді өзіне мақсат тұтпайды. Әрбір жеке тарихи кезеңде қолданыстағы қағидалар жаңаланып, эволюция жүріп тұрады. Мысалы, халықаралық экологиялық құқықта қоршаған ортаға залал тигізбеу сияқты; қоршаған орта мен оның компоненттерін еркін зерттеу және пайдалану қағидасы; қоршаған ортаны тиімді пайдалану қағидасы және т.б. бар. Халықаралық әуе құқығында халықаралық әуе қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидасы; әуе кемелерін заңсыз қол сұғу актісінен қорғау және т.б. қағидалар негізгі қағидалар болып табылады.

Халықаралық құқықтың қағидаларының түрлері мен олардың мазмұны. Халықаралық құқық доктринасы халықаралық жария құқықтың негізгі қағидаларын былайша жіктейді. Мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік және саяси жүйелерінен тәуелсіз, бейбіт қатар өмір сүру қағидасы басты орын алады. Келесі топқа халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті тікелей қолдайтын қағидалар кіреді. Мұндай қағидаларға күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау қағидасы; халықаралық дауларды бейбіт жолдармен шешу қағидасы; мемлекеттердің аумақтық тұтастық қағидасы; шекаралардың мызғымастық қағидасы жатады. Ал, халықаралық ынтымақтастықты айқындайтын қағидалар тобына мыналар жатады: мемлекеттердің дербес теңдік қағидасы; қол сұқпау қағидасы; халықтардың теңқұқылық және өзін-өзі басқару қағидасы; мемлекеттердің ынтымақтасу қағидасы; халықаралық міндеттемелерді адал орындау қағидасы.

Мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік және саяси жүйелерінен тәуелсіз бейбіт қатар өмір сүру қағидасы. Осы қағидаға сәйкес, мемлекеттер халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға, сондай-ақ өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға міндетті. Бұл қағиданың сипаттамалық белгісі — ол халықаралық құқықтың көптеген негізгі қағидаларының мән-маңыздарының үйлесуі. Сондықтан осы заманғы халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының барлық жүйесі бейбіт қатар өмір сүру қағидаларының жүйесі деп атала алады. БҰҰ Жарғысында "бейбіт қатар өмір сүру" нақты терминмен

негізделмегеніне қарамастан, оның мазмұны Кіріспені толықтай қамтиды және өзге де жарғылық ережелерде оның мәні ашылады. Бейбіт қатар өмір сүру қағидасы бейбітшілікті сүйетін кез келген мемлекеттің сыртқы саясаттағы конституциялық қағидаларының негізін қалайды.

Күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау қағидасы. Алғашқы рет бейбітшілік туралы Декретте жарияланған басқыншылық соғысқа тыйым салу қағидасы, 1935-1939 жж. жасалған шабуыл жасамау және бейтараптық туралы шарттарда заңды түрде бекітілген болатын. Осы қағида 1933 ж. агрессияны айқындау жөніндегі Лондон Конвенциясында басқыншылық соғысқа тыйым салу қағидасын халықаралық құқықтың жалпыға міндетті нормасына айналдырған 1928 ж. Париж шартында онан әрі қарай бекітілді. БҰҰ Жарғысының қабылдануы күш қолданбау қағидасын бекітудің келесі маңызды сатысы болды. БҰҰ Жарғысында бекітілген күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау қағидасының Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін қалыптасқан басқыншылық соғысқа тыйым салу қағидасына қарағанда екі елеулі ерекшелігі бар. Біріншіден, тек қарулы күштерді ғана емес, сондай-ақ, түрлі әскери емес мәжбүрлеу нысанындағы, яғни саяси, экономикалық мәжбүрлеуге де тыйым салынады. Екіншіден, күш қолдану ғана емес, кез келген күшпен қорқытуға да тыйым салынады. БҰҰ Бас Ассамблеясының „басқыншылықты айқындау туралы” 1974 ж. 14 желтоқсанындағы №3314 қарары күш қолданбау қағидасының бекітілген және жүйеленген маңызды халықаралық нормативтік актісі болып табылады. Аталмыш қарардың 1-бабына сәйкес, басқыншылық - бұл бір мемлекеттің келесі мемлекеттің тәуелсіздігіне, аумақтық мызғымастығына, саяси дербестігіне қарсы қарулы күш қолдануы. Қарулы күшті бірінші, себепсіз қолдану басқыншылық актісіне тән. 3-бапта мемлекеттің соғыс жариялауына қарамастан, басқыншылық актісі ретінде саналуы мүмкін әрекеттердің тізімі берілген. Оларға мыналар жатады:

- аумаққа қарулы күштердің күшпен кіруі және шабуыл жасауы, кез-келген әскери басқыншылық;
- басқа мемлекеттің аумағын бомбалау немесе кез келген қаруды қолдану;
- мемлекеттің порттарын немесе жағалауларын басқа мемлекеттің қарулы күштерінің қоршауға алуы;
- мемлекеттің қарулы күштерінің басқа мемлекеттің теңіз, әуе, құрлық немесе әуе флоттарына шабуыл жасауы;
- келісімнің талаптарын бұзғаны үшін басқа мемлекеттің аумағында тұрған қарулы күштерді қолдану немесе келісімнің бітуіне қарамастан, осы аумақтағы әскери күштердің кетуін талап етуді жалғастыру;
- үшінші мемлекетке қатысты басқыншылық актісін жүзеге асыру үшін өз аумақтарын пайдалануға беретін мемлекеттердің әрекеттері;
- мемлекеттің атынан қаруланған бандыларды, жалдамалыларды, реттеу күштерін жіберу.

Әрекеттердің жоғарыда аталған тізбесі толық емес. Басқыншылық актісін саяси, экономикалық сипаттағы ешқандай ақталулар ақтай алмайды.

Басқыншылық актісі - бұл халықаралық қылмыс, ол үшін халықаралық жауапкершілік жүктеледі. Тәуелсіздік үшін күрес басқыншылық актісі болып есептелмейді.

Көпшілік мойындаған қағида — консенсус негізінде жасақталған басқыншылық анықтамасын мақұлдай отырып, БҰҰ Бас Ассамблеясы барлық мемлекеттерді түрлі басқыншылық актілерінен және БҰҰ Жарғысының ережелері мен халықаралық құқықтың негізгі қағидалары туралы 1970 ж. Декларацияға қайшы келетін күш қолданудың басқа да түрлерінен тартынуға шақырды.

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасы. Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу, халықаралық құқық қағидасы ретінде алғаш рет соғыстан бас тарту туралы 1928 ж. Париж шартында бекітілген еді. 1928 ж. Париж шартынан кейін туындаған дауларды бейбіт жолмен шешу басқа да бірқатар мемлекетаралық келісімдерде, сондай-ақ Ұлттар Лигасының қарарларында да халықаралық құқықтың қағидасы ретінде танылды. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін осы қағида БҰҰ Жарғысында, атап айтқанда, 2-баптың 3-тармағында бекітілді: "БҰҰ-ның барлық мүшелері халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке және ақиқатқа қауіп төндірмеу үшін өз дауларын бейбіт құралдар арқылы шешеді".

Дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасын дұрыс түсіну үшін "халықаралық дау" түсінігін айқындаудың маңызы ерекше. Халықаралық дау деп қандай да бір мемлекеттердің арақатынастарында реттелмеген мәселелердің, алауыздықтың болуы, халықаралық өмірдегі түрлі мәселелер бойынша келісе алмаушылық, сондай-ақ халықаралық шарттар, келісімдер және өзге де актілерді талдау негізіндегі қайшылықтардың болуын айтамыз. БҰҰ Жарғысында даулар халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіретін даулар және қауіп төндірмейтін даулар деп екі топқа бөлінген.

Мемлекеттердің аумақтық тұтастығы қағидасы. 1970 ж. Декларацияда осы қағида күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау қағидасының бір бөлігі ретінде баяндалған. Мемлекеттердің аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған әрекеттердің ішінде күш немесе қауіп-қатер күшін қолдану ерекше орын алады. Қарастырып отырған қағиданың тұжырымдамасында мемлекеттердің кез келген мемлекеттің саяси тәуелсіздігі мен бірлігіне қарсы бағытталуы мүмкін кез келген әрекеттерден тартынуы жөнінде айтылған. Сөйтіп, кез келген мемлекеттің саяси тәуелсіздігі мен бірлігі оның аумақтық тұтастығымен тығыз байланысты.

Шекаралардың мызғымастығы қағидасы. Шекаралардың мызғымастығы қағидасының мәні бұл қағиданың соғыс пен бейбітшілік мәселелерін шешудегі ұзақ мерзімді тәжірибемен қамтамасыз етілгенімен айқындалады. Бұл қағиданы қолдану әлемдік тәжірибеде қалыптасқан саяси және аумақтық болмыс шарт-жағдайларындағы барлық мемлекеттер үшін ақиқатты қауіпсіздікті бекіту сұранысының жинақталған көрінісі болып табылады.

Бұрындары шекаралардың мызғымастығы қағидасы халықаралық құқықтың жаңа қағидасы деп аталып келді. БҰҰ жарғылық ережелері кез келген мемлекеттің аумақтық мызғымастығына немесе саяси тәуелсіздігіне күшпен қол сұғуға тыйым салады. Осылайша мемлекеттердің аумақтық мызғымастығын қорғай отырып және оны бұзу үшін күш қолдануға тыйым сала отырып, БҰҰ Жарғысы шекаралардың мызғымастығы қағидасын басшылыққа алады.

Мемлекеттердің дербес теңдігі қағидасы. 1975ж. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Кеңесте Еуропаның даму жолдары туралы пікірталасына белгілі бір қорытынды жасалды. Хельсинки Кеңесі мемлекеттердің қарым-қатынасы дербес теңдік, дербестікке тән құқықтарды қорғау қағидаларына негізделулері қажет екендіктерін растап берді.

Дербес теңдік қағидасы қарама-қайшы қоғамдық жүйелері бар мемлекеттердің тең құқықтарын мойындауды білдіреді. 1975 ж. Қорытынды Актіде дербестікке тән құқықтардың толық тізімі берілмеген. Құжатта әлемдік бірлестіктің қауіпсіздігі үшін аса маңызы бар бірнешеуі ғана көрсетілген.

Ең алдымен, дербес теңдік элементтерінің бірі - әрбір мемлекеттің заңи теңдік құқығы аталған. Дербес теңдікті мойындау, мемлекеттердің тәуелсіздігін құрметтеу - мемлекеттердің әлемдік аренада бейбіт қатар өмір сүру саясатының басты элементі болып табылады. Осы қағиданы халықаралық құқықтың негізгі қағидалар жүйесіне енгізу бейбітшілікті сүйетін күштердің халықаралық қауіпсіздік үшін күресінің үлкен жетістігі болып есептеледі. Қазіргі заманның басты мақсаты - осы қағидалардың халықаралық мәселелерді шешу барысында сақталуын қамтамасыз ету.

Ішкі істерге қол сұқпаушылық қағидасы - халықаралық құқықтың жалпы қағидасы ретінде буржуазиялық революция кезеңінде қалыптасты. Бұл қағида кез келген мемлекеттің құзыретіне қол сұғатын барлық әрекеттерден тартыну міндетін білдіреді. Оның заңдық мазмұны 1970 ж. халықаралық құқықтың негізгі қағидалары туралы Декларацияда баяндалған. "Бірде-бір мемлекет өзінің дербес құқықтарын жүзеге асыру барысында және одан қандай да бір артықшылықтарға ие болу үшін басқа мемлекетті өзіне бағындыру мақсатында экономикалық, саяси шараларды немесе кез келген басқа сипаттағы шараларды қолдана да, көтермелей де алмайды. Бірде-бір мемлекет басқа мемлекеттің құрылымын зорлық-зомбылық арқылы өзгертуге бағытталған қарулы, зиянкес немесе террорлық әрекеттерді ұйымдастырмауы, оларға көмектеспеуі, шағыстырмауы, қолдамауы тиіс". Бұл нысанның маңызды құндылығы - оның сипатының қатаңдығы мен үзілді-кесілді екендігінде. Кез келген тікелей немесе жанама қол сұғушылыққа тыйым салынады. Қол сұғушылық ешқандай себептермен ақтала алмайды. Халықаралық құқықтық және саяси әдебиеттерде мемлекеттердің пайдаланатын қол сұғу шараларына байланысты әскери, экономикалық, саяси, дипломатиялық және қол сұғушылықтың өзге де нысандары қарастырылған, дегенмен олар іс жүзінде бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді.

Халықтардың теңқұқылық және өзін-өзі билеу қағидасы.

Халықтардың теңқұқылық және өзін-өзі билеу қағидасының тұжырымдамасында халықтардың өздерінің саяси мәртебесін айқындауы туралы былай делінген:

- басқару нысанын еркін таңдау;
- өздерінің мемлекеттік құрылымын айқындау;
- өзінің саяси, әлеуметтік және мәдени дамуын өз қалауынша жүзеге асыру;
- мемлекеттің аумақтық тұтастығын қорғау.

Аталған құқықтардың жүзеге асуы халықаралық құқықтың қорғауында болады. Халықтардың өздерінің ішкі саяси мәртебесін еркін айқындауларына кедергі келтіру мақсатында мемлекеттердің ішкі істеріне қол сұғу тек басқыншы мемлекеттерге тән сипат.

Мемлекеттердің ынтымақтасуы қағидасы. Осы қағидаға сәйкес, мемлекеттер өздерінің ынтымақтастықтарын барлық салалар бойынша дамытуға міндеттенеді. 1975 ж. Қорытынды Актісімен 1970 ж. Декларациядағы осы қағиданың тұжырымдамасын салыстыра қарағанда, мемлекеттердің бұл қағиданы материалдық мазмұн жағынан толықтыруға тырысқанын байқауға болады. 1970 ж. Декларацияда ынтымақтасудың бір мақсаты ретінде "халықтардың жалпы әл-ауқатын" жақсарту үшін жәрдемдесу көзделсе, Қорытынды Актіде бұл ереже нақтылана түседі: мемлекеттер өздерінің ынтымақтасуын дамыта отырып, халықтардың тұрмысын көтеруге, оның ішінде экономикалық, ғылыми, техникалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық салаларда таралып келе жатқан өзара таныстықтардан келіп шығатын пайданы қолдануға тырысады.

Адам құқықтарын құрметтеу қағидасы. Бұл қағиданың мазмұнына сәйкес, мемлекеттер азаматтық және саяси ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық құқықтарды да сақтауды өздеріне міндет етіп жүктейді. Сөйтіп, тәуелсіздікке тән дербес теңдік және құқықтарды құрметтеу қағидаларын орындай отырып, мемлекеттер бір-бірінің өздерінің саяси әлеуметтік, экономикалық және мәдени жүйелерін еркін таңдау және дамыту құқықтарын құрметтеуге міндеттенеді.

Қазіргі таңдағы халықаралық қатынастарда, бұрынғы қалпынша адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын апартеид, геноцид, нәсілшілдік сипаттарында дөрекі және жаппай бұзу әлі де орын алып келеді.

Халықаралық міндеттемелерді адал орындау қағидасы. Халықаралық құқықта ертеден-ақ, шарттар орындалуы тиіс – *pacta sunt servanda* - деген қағида бар. Ол кейін БҰҰ Жарғысының Кіріспесінде көрініс тапты. Онда БҰҰ мүшелерінің "халықаралық құқықтың шарттарынан және басқа да қайнар көздерінен туындайтын міндеттемелердің әділдігі мен құрметтелуінің сақталуына шарт-жағдайлар қалыптастыруға" бел байлағандары атап көрсетілген БҰҰ Жарғысының 2-бабының 2-тармағына сәйкес, барлық мүше мемлекеттер Жарғы бойынша қабылданған халықаралық міндеттемелерді адал орындауға міндетті. Мемлекеттер өздерінің ішкі құқықтарына қарамастан,

шарттың мақсаты, мазмұны, мерзімі және орындалу орны бойынша өздерінің міндеттемелерін адал орындаулары тиіс.

Кейінгі жылдарда мемлекеттер арасында жасалып жатқан шарттар мен келісімдер адамзатты жаңа дүниежүзілік соғыс қаупінен арашалауға бағытталған. Олар мемлекеттер арасындағы түрлі ынтымақтастық жүйесін қалыптастыруды мақсат тұтады. Сондықтан шарттық ережелердің орындалуы халықаралық бірлестіктегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жаңа халықаралық келісімдерге қол қойылуының кепілі бола алады.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық құқық ұғымының мән-мағынасы неде?
2. Мемлекетаралық жүйедегі саясат, құқық және күштің ара салмағы қандай?
3. Халықаралық құқық және мемлекетаралық жүйеде әрекет ететін басқа да әлеуметтік нормаларды атаңдар.
4. Халықаралық құқықтың негізгі функциялары қандай?
5. Қазіргі халықаралық құқықтың негіздерінің қалыптасу кезеңдерін атаңдар.
6. Ұлттар Лигасының халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы ролі қандай?
7. Халықаралық құқықтың негізгі қайнар көздеріне нелер жатады?
8. Халықаралық құқықтың қағидаларының мазмұны неде?
9. Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасының орындалу дәрежесі қандай деңгейде?
10. Халықтардың теңқұқылық және өзін-өзі билеу қағидасының мәнін айтыңыз.

II-тарау. Халықаралық құқық субъектілері.

2.1 Халықаралық құқық субъектілерінің ұғымы мен түрлері

Халықаралық құқықтың кейбір ерекшеліктеріне қарамастан, теориядағы құқық субъектілеріне берілген түсінік оған да бірдей болып келеді. Субъективті заңдық құқықтары мен міндеттері бар халықаралық құқықтық қатынастарға қатынасушылар халықаралық құқық субъектілері болып табылады. Олар халықаралық қатынастарға дербес түрде қатысуға; басқа да субъектілермен заңдық әрекеттерге тікелей түсуге қабілетті және де тәуелсіз болады. Халықаралық құқық субъектілері екі топқа бөлінеді: алғашқы және туынды. Бірінші топқа тәуелсіздігі бар мемлекеттер, өз тәуелсіздіктері үшін күресуші халықтар мен ұлттар жатады. Соңғылары өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығын жүзеге асырады. Субъектінің бұл екі тобы алғашқы топқа жалпы белгілері-тәуелсіздігі арқылы біріккен. Мемлекетте ол белгі – мемлекеттік болса, өз тәуелсіздігі үшін күресуші ұлттар мен халықтарда ұлттық белгі болады. Екінші топқа халықаралық ұйымдар мен мемлекет тәріздес құрылымдар кіреді. Ал, жеке тұлғалар халықаралық құқық субъектілерінің ерекше тобын құрайды.

Мемлекеттер - халықаралық құқықтың негізгі субъектілері ретінде.

Халықаралық құқық субъектісі ретінде мемлекеттер үшін ерекше саяси-заңдық сипат, өз аумағындағы үстемдігі және халықаралық қатынастардағы тәуелсіздігі тән. Мемлекет өз тәуелсіздігінің күші бойынша құқықтық субъектілікке ipso-facto-ға ие, яғни өзінің өмір сүру фактісінің нәтижесіне ие болады. Мемлекеттердің әрекет қабілеттігі оның халықаралық шарттық тәжірибелерге қатысуынан, дипломатиялық және елшілік қатынастарды орнату нәтижесінен, халықаралық ұйымдарға мүше болу мәселелерінен көрінеді. Мемлекеттің халықаралық құқықтың субъектісі болуы халықаралық жүйенің өзгешелігін көрсетеді. Мемлекет, бір жағынан алғанда, халықаралық жүйенің бір бөлігі болса, екінші жағынан, одан тыс та дами береді. Мысалы, XX ғ. 60-жылдарының басында Албания халықаралық ұйымдардың құрамынан шығып, басқа мемлекеттермен дипломатиялық және елшілік қатынастардың бәрін тоқтатып, дербес дамуға бел байлады. Дегенмен, халықаралық құқықтың даму тарихында мемлекеттердің өз ішкі мүмкіндіктерін түгелдей тауысқан кездері сияқты мысалдар да аз емес. Сонымен қатар, халықаралық ынтымақтастықты қажет ететін объективті сұраныс туындайды. Осындай тарихи кезеңнен Албания да өтті, ол бүгінгі таңда халықаралық құқықтың тең құқылы субъектілерінің бірі.

Құқықтық субъектілік мәселелері халықаралық құқық ғылымында әрқашан іргелі орын алып келеді. Себебі, ол халықаралық құқықтың субъектілері арасындағы қатынастарды реттейді, ал субъектілер шеңбері халықаралық өмірдің маңызды құбылыстарына байланысты өзгеріске ұшырап отыратыны белгілі.

Кеңес Одағының соңғы кезеңінде одақтас республикаларда, оның ішінде Қазақ КСР-да нақты тәуелсіздік үрдісі мен халықаралық құқық субъектілікке ұмтылу байқалды. Ол одақ пен одақтас республикалардың құзыретін шектейтін

бірқатар нормативтік актілер мен заңдарды қабылдаудан көрінеді. Дәл осы кезеңде Одақтас республикалардың "КСРО құрамынан шығуына байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы" 1990 ж. 3 сәуірінде Заң қабылданған болатын. Біздің республикамызда бұл салада мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметін реттейтін бірқатар заң актілерін қабылдаудан, нақтырақ айтқанда, 1990 ж. 15 желтоқсанындағы "Қазақ КСР-інің сыртқы экономикалық қызметінің негізгі қағидалары туралы", 1990 ж. 30 қарашасындағы "Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы", 1991 ж. 14 маусымындағы "Қазақ КСР-індегі валюталық реттеу туралы" қабылданған заңдардан, Қазақ КСР Президенті шығарған Жарлықтар мен Министрлер Кабинетінің кейбір ережелерінен көрінеді.

Жоғарыда аталған заңдар мемлекеттің сыртқы экономикалық дербестігін қуаттайды. Бірақ, республикамыздың Жоғарғы Кеңесінің 1990 жылғы 25 қарашасында Қазақ КСР-інің мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Декларациясын қабылдағаннан кейін Қазақстанның дербес және тәуелсіз мемлекетке айналғысы келетінін, халықаралық қатынастың тең құқықтылығы субъектісі болатындығын растап берді. Одақ құрамындағы барлық субъектілер осыған ұқсас актілер қабылдаған болатын, яғни одақтық басшылықтың дағдарысқа ұшырағаны айқын көрінеді. 1991 ж. желтоқсанында "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" конституциялық заң қабылданды, сөйтіп Қазақстан тәуелсіз, дербес мемлекет болғанын жария етті. Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастыққа кірген соң. Өзінің халықаралық құқық субъектілігін дамытып және жүзеге асыра отырып, оның нақты мүшесінің бірі болуы қажет еді. Халықаралық құқықта субъектінің объективті қасиеті мыналардан көрінеді: біріншіден, халықаралық құқықтың негізгі субъектілеріне тән тәуелсіздік; екіншіден, дербес шарттық тәжірибесі; үшіншіден, дипломатиялық және елшілік өкілдіктерімен шетелдік мемлекеттермен алмасу; төртіншіден, халықаралық ұйымдардың қызметіне тәуелсіз мемлекет ретінде қатысуы. Мұндай қасиеттер Қазақ КСР-інде де болғанын, бірақ оның жанама халықаралық құқықтың субъектіліктен ғана көрінгенін айтып өткен жөн. Тәуелсіз Қазақстан тек 1991 ж. бастап тікелей құқықсубъектілікке ие болды. Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы дербес халықаралық-құқықтық мәртебе алуға, халықаралық құқықтың негізінде құқықтар мен міндеттерді иеленуге, халықаралық құқықтық шығармашылықтың қатысушысы болуға мүмкіндік алды.

Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың субъектілікке ие болуы үшін өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығы нысанындағы тәуелсіздікке ие болуы қажет еді. Егемендік - мемлекеттің сыртқы және ішкі қатынастарда тәуелсіз саяси ұйым болуына мүмкіндік береді. Халықаралық құқық позициясынан мемлекет жағдайын белгілегенде, біз оның таптық мәнін ғана емес, сонымен қатар халықаралық құқықтық негізін және билік, аумақ, халық сияқты элементтерін де айқындаймыз. ҚР Конституциясының 2-бабының 2-тармағында "Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағаның тұтастығын, қол сұғылмауын және

бөлінбеуін қамтамасыз етеді" деп бекітілген. Аталған конституциялық нормаларды қабылданған бірқатар заңдар растайды, 1993 ж. 13 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" Заң, мемлекеттердің, олардың сыртқы шекараларындағы тұрақты жағдайды қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы ТМД шеңберіндегі 1992 ж. 9 қарашасындағы Келісімге қол қою, 1994 ж. 15 сәуіріндегі тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты сақтау және шекаралардың қол сұғылмасы туралы Декларациялар, Қазақстан - Қытай мемлекеттік шекаралары туралы 1994 ж. 26 сәуіріндегі шарттық ереже, Ресей Федерациясымен ынтымақтастық және сыртқы шекараларды қорғау туралы 1994 ж. 21 қарашадағы, шарттық ереже. Бүгінгі таңда Қазақстан — Қытай шекарасын делимитациялау және демаркациялау туралы мәселе оңды шешімін табуда. Қазақстан Республикасы өзінің шекарасын қайта қарау мәселесінде сенімді қауіпсіздіктің орнауына мүдделі болып отыр. Бейбітшілікті жақтайтын кез келген мемлекетте атқарушы, заң шығарушы және сот органдарының дербес жүйесі бар. Бұл Конституцияның 3-бабы, 4-тармағымен; ҚР Президентінің "Қазақстан Республикасы Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасының Президенті туралы", "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың мәртебесі туралы" конституциялық заң күші бар жарлықтарымен айқындалады. Сөйтіп, Қазақстанда тепе-теңдік және тежеу жүйесін қолдану арқылы биліктің барлық тармақтарының өзара әрекеттестігі және бөлінісінің маңызды қағидасы бекітілген. Жас, тәуелсіз мемлекет шетелдік мемлекеттік құрылымдардың тәжірибесін кеңінен пайдаланды. Мәселен, олар Мемлекет басшысының қызметін, Парламенттің екі палаталық құрылымын, Конституциялық Кеңестің мәртебесін, сот әділдігінің құқықтық негізін айқындағанда қолданылды. Әрине, әр түрлі мемлекеттердің конституциясында атқарушы, заң шығарушы және сот биліктерінің өкілеттерінің көлемі де әр түрлі.

Бейбітшілікті жақтайтын кез келген мемлекеттің адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуі-оның сөзсіз басымдығы. Халықаралық құқықта мемлекет халқын өз азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар құрайды. Халықтың осы тобының заңнамалық бекітілуіне және адам құқықтарын қорғаудағы ұлттық стандарттардың халықаралық стандарттармен сәйкес келуіне байланысты халықаралық құқықтық субъектіліктің нақтылығын айтуға мүмкіндік туады.

Ұлттық заңнамадағы жеке тұлғаның мәртебесі жөніндегі мәселелер конституциялық ережелермен, оның ішінде Қазақстан Республикасы Конституциясының II бөлімімен; Азаматтық туралы 1991 ж. 20 желтоқсандағы Заңмен, Президенттің 1995 ж. 19 маусымындағы "Шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы" заң күші бар Жарлығымен; шетел мемлекеттерімен екі жақты және көп тарапты шарттар жүйесімен қамтамасыз етіледі. Мұнда айта кететін бір мәселе, ұлттық стандарттың халықаралық нормалармен сәйкес келуі мәселелерінде тәуелсіз, жас мемлекеттің революция және эволюция

жасауы керек. Мұны айтып отырған себебіміз, біздің мемлекетіміз, өкінішке орай жеке тұлғаның құқықтарын қорғау жөніндегі маңызды халықаралық-құқықтық актілерді бекітпеді және көбіне қосылмады.

Қазақстанда мемлекеттіліктің алғашқы сатыларында бипатризм институты көп талас тудырды. Біздің қоғамда екі азаматтықтың болуы мемлекеттік-құқықтық институтқа сәйкеспейді. Конституциялық нормаларда басқа мемлекеттің азаматтығын мойындау көзделмеген. 1995 ж. жоғарыда аталған Азаматтық туралы заңға өзгерістер енгізілген кезде, 1995 ж. 20 қаңтарындағы "Ресей Федерациясына тұрақты тұруға келген Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық алуы және Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген Ресей Федерациясы азаматтарының азаматтық алуын жеңілдету тәртібі туралы" Келісімге Ресей Федерациясымен бірге қол қойылды. Одан бір жыл өткен соң, Қазақстан Республикасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер азаматтарының азаматтық алуының жеңілдетілген тәртібі туралы Конвенцияны бекітті. Қазақстан Республикасының халықаралық құқық субъектілігінің мұндай объективті қасиеті оның дербес шарттық тәжірибесінің болуымен сипатталады. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері көлемді шарттық-құқықтық базасын қалыптастырды, сол арқылы мемлекеттің барлық елдермен шаруашылық байланыстарының интеграциялық процесі жеделдетіліп, сыртқы саяси қызметінің басым бағыттарында белсенді қатысуы қамтамасыз етілуде. Бүгінгі таңда Қазақстан қол жеткізген екі тарапты және көптарапты халықаралық шарттарды іс жүзінде жүзеге асыруда. Халықаралық келісімдер халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларына негізделген даму міндеттерін ескере отырып, ынтымақтастықтың түрлі салаларын нығайтуға арналған. Қазақстанның шарттық тәжірибесі мемлекеттермен арақатынастарды реттеуде сенімді құрал ретінде пайдаланылуда, оның ішінде даулы мәселелерді реттеу, туындауы мүмкін жанжалдардың алдын алу құралы ретінде, шарттық-құқықтық базаны нығайту, дамыту және жаңарту мәселелеріне ұдайы көңіл бөлініп келеді. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шарттық-құқықтық басқармасы жалпы даму мақсаттарын, басым бағыттарды айқындайды, олар ұзақ мерзімді, сенімді құқықтық базаға негізделуі тиіс. Бұл, біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық құқықтары туралы 1969 ж. Вена Конвенциясына қосылуымен; ҚР Президентінің 1995 ж. 12 желтоқсанында қабылдаған "Халықаралық құқықтарды жасау, орындау және күшін жою тәртібі туралы" заң күші бар Жарлығымен қамтамасыз етілуде. Қазақстанның шетел мемлекеттерімен шарттық ережелерін сараптау құқықтық реттеудің объектілерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл, біріншіден қауіпсіздікті біртіндеп нығайту, мемлекеттің тұрақтылығы, оның саяси және экономикалық дербестігі мен тәуелсіздігі, шетел инвестицияларын тартуға жағдай жасау, салықтық және кедендік бақылау мәселелері.

Қазақстан қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ТМД шеңберінде және әлемдік деңгейде ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттарға қол қойды. Мәселен, ТМД-ға қатысушы-елдер 1991 ж. ядролық қаруға қатысты бірлескен шаралар

туралы келісімге, 1992 ж. қарусыздану мәселелері бойынша Бірлескен Консультациялық комиссия құру туралы келісімге қол қойды. Қазақстан Республикасы 1994 ж. Будапештте ядролық қаруды таратпау туралы Шартқа қосылуына байланысты қауіпсіздік кепілдемесі туралы Меморандумға қол қойды. Сондай-ақ, 1994 ж. ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдемені қолдану жөнінде МАГАТЭ-мен келісімге қол қойды. Сөйтіп, қауіпсіздік мәселелері ұзақ мерзімге шарттық тұрғыдан қамтамасыз етілді. Ресей, Қытай, ТМД елдерімен қатынасты одан әрі нығайтудың маңызды стратегиялық мәні бар. Шарттық қатынастар тату көршілік, теңқұқылық, тәуелсіздікті құрметтеу, өзара сенім негіздеріне сүйеніп жасалады. Шарттық саясатта басым бағыт АҚШ-пен өзара-қатынастарды, демократиялық әріптестікті нығайтуды алып жатыр. Қазіргі таңда және жақын болашақта Америка жағымен қол жеткізілген келісімдерді жүзеге асыру және қазіргі қатынастардың деңгейіне жауап беретін жаңа ережелер жасау қажет.

Қазақстан Республикасы экономикалық ынтымақтастық мәселелерінде инвестицияларды қолдау және өзара қорғау жөніндегі келісімдерді бірінші орынға қояды. Соңғы кезде Қазақстан еселенген салық салудан бас тарту үшін Конвенцияға қосылмақшы. Мұның нәтижесінде, сауда-экономикалық қатынастардың сапасын арттыруға, шаруашылық субъектілерінің жолындағы заңнамалық "кедергілерді" алып тастауды қамтамасыз етуге қол жеткізеді. Бүкіл әлемдік және Еуропалық даму және қайта құру банкілерінен несиелер мен гранттар алу, қаржылық көмек көрсету туралы келісімдерді жасау тәжірибесін жалғастыру мақсатқа сай келеді. Шетел мемлекеттерімен, халықаралық ұйымдармен шарттық-құқықтық базаны қалыптастыру мәселелері өзара тиімді ынтымақтастық үшін оң жағдай туғызуға себеп болады. Дегенмен, қол жеткізген келісімдерді жүзеге асырғанда ғана жақсы нәтижелердің болатыны сөзсіз. Ондай нәтижеге шарттық ережелерді және келісімдерді жүзеге асыру мәселелері бойынша барлық министрліктер мен ведомстволардың, шетелдердегі дипломатиялық және елшілік өкілдіктердің барынша күш салғанында және тараптардың өз міндеттемелерін орындау барысында мониторингті қамтамасыз еткенде қол жетеді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялап, дербестікке ие болғаннан кейін шетел мемлекеттерімен саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени және басқа қатынастары дами бастады. Сөйтіп, халықаралық қауымдастықпен қатынасудың нысандары мен әдістерін жаңалау қажеттігі туындады. Халықаралық қатынастардың ұлғаюы, шетелдердегі қазақстандық өкілдіктердің және қазақстандық азаматтар санының артуы дипломатиялық және елшілік қызметтердің сапалық өзгеруіне әкеледі. 1993 ж. көктемінде Қазақстан сыртқы саясатты жүргізуде халықаралық стандарттарға қосылды. 1961 ж. дипломатиялық байланыс туралы Вена Конвенциясына, 1963 ж. елшілік байланыс туралы Вена Конвенциясына сәйкес, Қазақстан Республикасы елшілік, миссия немесе елшілік аймақ деңгейінде қатынастар орнатады. Ал, дипломатиялық қатынастарда біз түрлі нысандарды қолдандық. Мәселен, дипломатиялық қатынастарды орнату нысаны ретінде мемлекет басшыларының

(АҚШ, Жаңа Зеландия) Қазақстан Республикасы Президентіне жеке жолдаулары, дипломатиялық қатынастарды орнату туралы сыртқы істер министрлерінің біріккен мазмұндамалары (ҚХР, Испания, Австрия), дипломатиялық қатынастарды орнату туралы хаттама Монғолия, Франция, Үндістан), ноталар алмасу (ОАР, Египет, Израиль) болып келеді. Елшілік қатынастар үшін кең таралған нысан, елшілік конвенцияларға қол қою (Ресей Федерациясы, Венгр Республикасы), визаларды өзара мойындау туралы келісімдер (Грузия Республикасы, ТМД елдері), азаматтардың өзара барыс-келістері және виза беру жөніндегі өзара түсіністіктер туралы меморандумдар (Пәкістан Ислам Республикасы, Иран Ислам Республикасы), елшілік шарттар Украина, Түркменстан).

Қазақстан, шетелдердің тәжірибелерін ескере отырып, дипломатиялық және елшілік қызметтерді ұйымдастыру туралы өз заңдарын қабылдады, сыртқы саяси ведомство - Сыртқы істер министрлігінің жұмысын жетілдіреді, елшілік заңдастыру туралы арнаулы нұсқаулық материалдар дайындайды; Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты құжаттарды, шетелдік тұлғалардың және азаматтығы жоқ тұлғалардың құжаттарын Сыртқы істер министрлігінің мекемелері арқылы сұрату тәртіптері туралы; қазақстандық азаматтарды шетелдерде есепке алу және тіркеу тәртібі туралы; Қазақстан азаматтарының шетелдерде тұрақты тұруына рұқсат беруді ресімдеу тәртібі және басқа да мәселелер жөнінде жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық қызмет бұл мемлекеттік органдардағы азаматтардың кәсіби қызметі, олар ұлттық заңдар мен халықаралық шарттарға сәйкес сыртқы саяси қызметті жүзеге асырады. Біздегі дипломатиялық лауазымға тағайындау тәртібі халықаралық стандарттарға сай келеді. Мысалы, дипломатиялық қызметке жоғары білімі бар, шетел тілдерін білетін, жұмысқа қажетті арнайы білімдері бар Қазақстан азаматтары қабылданады. Біздің ойымызша, жақын болашақта арнайы жоғары білімі мен мемлекеттік тілді білуі керек деген шартты қоюға міндетті болармыз деп ойлаймыз. Мұндай өзгерістер уақыттың талап етуінен туындамақшы. Сыртқы істер министрінің тағайындау тәртібі, дипломатиялық қызметтің өтуі мен тоқталуының ерекшеліктері, қамтамасыз ету, кепілдік пен өтемақылар, құқықтар мен міндеттер көлемі, дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің жауапкершіліктері мемлекеттік қызметтің бұл түріне ерекше жағдайларды қамтамасыз етеді.

Халықаралық ұйымдар - халықаралық құқықтың негізгі субъектілері ретінде. Біздің мемлекетіміздің дипломатиялық және елшілік қатынастары шетелдік мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерін; БҰҰ қызметіне Қазақстанның қатысуын, мемлекеттің мүддесін түрлі сыртқы саясат мәселелерінде қамтамасыз етеді. Дипломатиялық құралдар мен әдістер арқылы мемлекеттің халықаралық бейбітшілікті, ұжымдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі әрекеттері жүзеге асырылады.

Қазақстан дипломатиялық және елшілік қатынастардың дамып отыруына байланысты тұрақты және уақытша халықаралық ұйымдардың жұмысына

қатысып отырады. Құқықтың субъектіліктің мұндай қасиетін сыртқы мойындау мен мемлекеттің тәуелсіздігін қамтамасыз етуді анық көрсетеді. Қазақстан Республикасы 1992 ж. 2 наурызында Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылданды. Оған Қазақстан Республикасын БҰҰ-на мүшелікке алу жөніндегі Қауіпсіздік Кеңесінің қарарын Бас Ассамблеяның дауыс бермей-ақ мақұлдағаны себеп болғанын айта кеткен жөн, БҰҰ-на мүше болғаннан кейінгі алғашқы күндері-ақ Қазақстан бірқатар озық ойлы бастамалар көтерді. Мәселен, Қазақстан тайталасудан кейінгі кезең проблемаларын талқылау үшін Бас Ассамблеяның арнайы сессиясын өткізуді; БҰҰ-ның бейбітшілікті жақтау қорын құруды ұсынды. Қазақстан делегациясының Азиядағы әрекеттестік және сенім шаралары жөніндегі кеңесті сатылап өткізу туралы ұсынысы бүгінгі таңда орындалу үстінде. БҰҰ-ның құрылымдық өзгерістері туралы, оның ішінде Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелеріне байланысты мәселелер жөніндегі ұсыныстар әлі күнге өзекті күйінде қалуда. Қазақстан БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелерінің санын 5-тен 8-ге дейін көтеруді ұсынған болатын, нақтырақ айтқанда, Германия, Жапония және дамушы мемлекеттердің біреуін мүшелікке алу мәселесі қойылған болатын. Қазақстанның ұсынған "1+1" формуласы мемлекеттердің жылдық әскери бюджеттерін 1 пайызға қысқартуға мүмкіндік береді және ол БҰҰ-ның бейбітшілікті орнықтыру, қолдау, нығайту қорының пайдасына қалыптасатын болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстандағы қызметіне 1993 ж. кірісті, өзінің агенттіктерінің кенселерін құрды, атап айтқанда: БҰҰДБ-БҰҰ-ның даму бағдарламасы, БҰҰ еріктілері - БҰҰ-ның еріктілері; Бүкіләлемдік Банк, БДҰ — Бүкіләлемдік Денсаулық Сақтау Ұйымы, ЮНЕСКО - БҰҰ білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша БҰҰ бағдарламасы, ЮНИСЕФ - БҰҰ-ның балалар қоры, БЖКБ - БҰҰ-ның босқындар мәселесі бойынша Жоғарғы Комиссар Басқармасы, ЮНДКП - есірткіні бақылау жөніндегі БҰҰ бағдарламасы, БҰҰ/ҚАД - Қоғамдық ақпарат Департаменті, ЮНИДО -БҰҰ - өндірістік даму бойынша, БҰҰ/СПИД, ХЕҰ - Халықаралық еңбек ұйымы және басқалары. БҰҰ-ның жоғарыда аталған бөлімшелерінің қызметі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық мығымдығы мен тұрақты дамуына көмектесуге бағытталған. Мәселен, қаржылық көмек көрсетудің үш бағдарламасы жұмыс істейді, оны жүзеге асыруға 460 млн. АҚШ доллары жұмсалды. Қазақстан Үкіметі Бүкіләлемдік Банк, халықаралық Валюта Қорының көмегінен 450 млн. АҚШ доллары тұратын үш жылдық бағдарламаны іске асыруда. Халықаралық Валюта қоры Вашингтон және Вена қалаларында арнайы курстар ұйымдастыруда. Бүгінгі таңда БҰҰ шеңберінде 1500 ауған босқындары-этникалық қазақтарды Оңтүстік Қазақстан орналастыру сияқты, Қызыл Крест және Қызыл Жарты ай қоғамы арқылы босқындардың ең аз қорғалған топтарына материалдық көмек көрсету сияқты жобалары жүзеге асырылуда. Халықаралық ұйымдарға қатысты саясатта өзіміздің ұлттық тұжырымдамамызды жасау қажеттілігін айқындау дұрыс болар. Одан басқа, мақсаттылық пен тиімділігін ескере отырып, мемлекетке көп пайда келтіретін

халықаралық ұйымдарға мүше болу үшін олардың қажетті және керектігін таңдауда мақсаттар, міндеттер және негізгі басымдықтарды белгілеп алуымыз қажет деп ойлаймыз.

Халықаралық құқық субъектілік кез келген тәуелсіз мемлекетке тән және өзінің шығу тегі мен сипатына қарай алғашқы және негізгі болып табылады. Ол мезгіл жағынан да, кеңістіктен де, құқықтық реттеудің пәнінен де шектелмейді. Құқық субъектілік халықаралық құқықтық қатынастарға қатысудың жалпы алғышарты болады, ал мемлекеттер құқықтық мәртебені өзара айқындайды, құқықтар мен міндеттерді нақтылайды. Қазақстан Республикасы ашық еуроазиялық мемлекет және басқа мемлекеттермен өзара тиімді негіздерде ынтымақтасуға дайын. Мұнда, мүдделерді өзара ескеру, өзара түсіністік, ынтымақтасудың мақсатқа сай болуы, әріптесінің ішкі істеріне қол сұқпау біздің сыртқы саясатымыздың мазмұны болады.

Өз тәуелсіздіктері үшін күресуші халықтар мен ұлттардың халықаралық құқық субъектілігі. Бұл бастапқы субъектінің болуы халықаралық құқықтың негізгі қағидалары - халықтардың теңдігі мен өз тағдырын өзі шешу қағидаларының мазмұнына байланысты, мұндай қағиданың генезисі әлем халықтарының ұлт-азаттық күресімен айқындалады. БҰҰ Жарғысы халықтардың өз тағдырларын өзі шешу құқығын халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған нормасы деп таныды. (1-баптың 2-тармағы, 55-бап). Кейінірек, өз тағдырын өзі шешу құқығы тәуелсіздікті беру туралы мәселелерде, бірқатар халықаралық-құқықтық құжаттарда нақтылана түсті, Мемлекеттер арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқықтың қағидалары туралы Декларацияда, БҰҰ-ның 1970 ж. 24 қарашадағы Жарғысына сәйкес "Жарғыда бекітілген халықтардың тең құқықтығы мен өз тағдырын өзі шешу қағидаларының күші бойынша барлық халықтардың өзінің саяси мәртебесін басқалардың қол сұғуынсыз айқындауына және экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын жүзеге асыруға құқығы бар" деп жарияланған. Халықтардың тең құқылық және өз тағдырын өзі шешу қағидалары оларға саяси тәуелсіздік беру жолымен іске асады. Оған күрестің барлық құралдарын, ұлт-азаттықты қоса алғанда қол жеткізілуі мүмкін. Азат етілген мемлекеттегі тәуелсіздік алған халықтың өзінің саяси мәртебесін өзгертуге құқығы бар. Қарастырып отырған қағида қазіргі жағдайда, халықтарға басқаның қол сұғуынсыз, еркін, дербес күйде өзінің саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік дамуын айқындауға мүмкіндік береді.

Халықаралық ұйымдардың құқықтың субъектілігі. Мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арасындағы немесе халықаралық ұйымдардың арасындағы шарттардың құқығы туралы 1986 ж. Вена Конвенциясының 3-бабына сәйкес, халықаралық ұйымдар халықаралық құқықтың субъектілері болып табылады. Оларды негізгі субъектілер болып табылатын мемлекеттер әр түрлі ауқымдағы ынтымақтастық үшін құрады. Сондықтан да қарастырып отырған субъект туынды топқа жатқызылады. Халықаралық ұйымдар санының өсуі және халықаралық қауымдастықта маңызды мәселелерді шешудегі рөлінің артуы оларды нормативтік тұрғыдан бекіту қажеттігін туғызады. Мысалы,

эмбебап сипаттағы халықаралық ұйымдардың қатынасындағы мемлекеттердің өкілдіктері туралы 1975 ж. Вена Конвенциясы, мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар немесе халықаралық ұйымдар арасындағы шарттардың құқықтары туралы 1986 ж. Вена конвенциясы.

Халықаралық ұйымдардың тәуелсіздігі жоқ, олар мемлекетке тәуелді, яғни халықаралық ұйымдардың өмір сүруі үшін мемлекеттер ерік білдіруі керек. Сөйтіп, құрылтайшы мемлекеттер халықаралық ұйымдарға құқық субъектілікті береді. Халықаралық ұйымдарда құқық субъектілік XX ғасырдың 20-жылдарында ғана пайда болды. Ұйымдардың халықаралық құқық субъектілігі құрылтай актісінде (жарғысында) бекітіледі. Егер мұндай жағдай жарғыда нақтырақ көрсетілмесе, онда жобаланған құзырет тұжырымдамасы қолданылады. Мысалы, халықаралық Соттың консультациялық қорытындысы 1949 ж. БҰҰ-ны халықаралық құқықтың туынды субъектісі ретінде таныды. Сөйтіп, қазіргі кезең жағдайында халықаралық ұйымдар рөлінің өскеніне байланысты өзінің құқықтық табиғаты бойынша ұйымдар халықаралық құқықтың субъектілері болып табылады. Олардың құқық қабілеттілігінің көлемі - субъектілік құрамы, қызмет көлемі, реттеу пәніне байланысты әр түрлі. Мемлекетаралық, бүкіләлемдік және эмбебап ұйым-БҰҰ-ның қазіргі кезеңнің маңызды ұйымы екендігіне талас жоқ. Халықаралық құқықтың негізгі субъектісі ретінде мемлекет құзіретінің көлемі қандай да бір халықаралық ұйым құрамындағы мемлекеттің құзіретінен әлдеқайда кең болатынын атап өткен жөн.

Мемлекет тәріздес құрылымдардың халықаралық құқықтық субъектілігі. Халықаралық құқықтың тарихы арнайы шарттар арқылы ерекше саяси-аумақтық құрылымдардың мәртебесін айқындап берді. Оларға "еркін қалалар", Батыс Берлин мен қазіргі кезде Ватикан жатқызылып жүр.

"Еркін қалалар". 1815 ж. Вена трактатына сәйкес, мұндай қалаларға 1846 ж. дейін өмір сүрген Краков қаласы, 1919 ж. Версаль бейбітшілік шарты бойынша - Данциг (1920-1939) қаласы жатқызылды, сондай-ақ "Триест бос аумағын" құруға талпыныстар жасалды, бірақ олар жүзеге аспады. Кейінірек, осы аумақ Италия мен Югославияның құрамына кірді.

Батыс Берлин мәртебесі 1971 ж. төрт тарапты келісіммен реттеледі, ол КСРО АҚШ, Ұлыбритания және Франция арасында болды. Мұндай мемлекет тәрізді құрылымның болуы ГДР мен ФРГ-нің өмір сүруімен байланыстырылып түсіндіріледі. Жоғарыда аталған 1971 ж. Келісімнің ережелеріне сәйкес, Батыс Берлин дербес саяси біртұтастықты көрсетеді. Германия біріккен соң халықаралық құқықтың аталмыш субъектісі таратылды.

Ватикан. Халықаралық актілерде Ватикан "әулие тақ" деп аталады. Халықаралық құқық субъектісі Ватиканның ерекше мәртебесі 1984 ж. Италиямен жасасқан келісім арқылы белгіленген. Ватикан халықаралық қатынастарға белсенді түрде қатысады, ол көптеген мемлекеттермен сыртқы байланыс орнатқан. Оны қала-мемлекет деп атайды. Ватикан БҰҰ мүшесі емес, өйткені Біріккен Ұлттар Ұйымының құрамына мемлекеттер ғана кіреді, дегенмен бұл эмбебап ұйымда оның тұрақты бақылаушылары бар.

Халықаралық құқықтың аталмыш субъектісі көптеген халықаралық конференцияларға қатысады, көптарапты конвенциялардың қатысушысы, католиктік елдерде тұрақты дипломатиялық өкілдіктер құрады.

Жеке тұлғалардың халықаралық құқықтың субъектілігі.

Халықаралық сипаттарға сәйкес жеке тұлғаға берілетін құқықтар көлемінің халықаралық және аймақтық деңгейінің кеңеюіне байланысты ол халықаралық құқық субъектісінің бірі болды. Көпке дейін халықаралық-құқықтық әдебиеттерде индивидтің құқық субъектілігі жоққа шығарылып келді. XX ғ. 80-жылдарының аяғында индивидтің халықаралық құқық субъектілігінің жеке элементтерін мойындайтын отандық еңбектер алғаш рет жариялана бастады. Батыстық заңгерлер индивидтің халықаралық құқықтық субъектілік теориясын аз-кем мойындайтын. Қоғамның халықаралық өміріндегі объективті өзгерістер осы заманғы халықаралық құқықтағы адамның құқықтық субъектілігі жөніндегі мәселеден "тыйым салуды" алып тастады.

Индивидтер халықаралық құқықтың шектелген құқықтық субъектілігі бар субъектісі екенін айтып өткен жөн, өйткені оның халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларын құруға қатысу құқығы жоқ. Алайда халықаралық-құқықтық нормаларды қолданудың тиімділігі индивидтің құқықтары мен міндеттерінің көлемін кеңейтуде. Тиісінше, халықаралық қатынастарда жеке тұлғаның рөлі де ұлғаюда. Мұнда, біз "индивид" және "жеке тұлға" ұғымдарын теңдей қолданатынымызды айтып өтсек, себебі жеке тұлға - бұл әлеуметтік маңызды белгілерінің тұрақты жүйесі бар индивид болса; индивид — бұл жеке адам, жеке өмір сүретін тірі тіршілік.

Халықаралық құқық нормалары халықаралық құқықтың негізгі субъектілері болатын мемлекеттердің арасындағы өзара қатынастарды реттеуге бағытталған, ал ол индивидтердің орындауына бағытталған. Мұнан басқа, жеке тұлғаның құқықтық жағдайына әсер ете отырып, аталған құқықтық нормалар мемлекетті индивидтерге белгілі бір мәртебені қамтамасыз етуге міндеттейді. Қазіргі жағдайларда индивидтің халықаралық органдарға жолдану мүмкіндігі жоқ екені талас тудырмайды, кейбір жағдайларды ескермегенде. Халықаралық құқық индивидтердің құқықтарын бұзған жағдайларды қарастыру іс-жосығын айқындайды. Онымен адам құқықтары жөніндегі Комитет, нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі Комитет, азаптауға қарсы Комитет және еркін қамауға алу бойынша жұмыс тобы айналысады.

Индивидтер құқықтарының орындалуын бақылау мақсатында БҰҰ шеңберінде қосымша институттар құрылуда. Мысалы, 1996 ж. 20 желтоқсанындағы Бас Ассамблеяның 48/141 қарарына сәйкес, адамның барлық құқықтарын қолдау және қорғау бойынша Жоғарғы Комиссар қызметі құрылды. Бірінші Жоғарғы Комиссар жұмысына 1994 ж. 5 сәуірінде кірісті. 1997 ж. оның отставкаға шығуына байланысты Мери Робинсон жаңа Жоғарғы Комиссар болып тағайындалды. БҰҰ-ның бұл лауазымды тұлғасына адам құқықтары жөніндегі қызметтің негізгі жауапкершілігі жүктелген. Жоғарғы Комиссардың өкілеттігі адамның барлық құқықтарын қорғаудан және оны тиімді жүзеге асыруды қолдаудан тұрады.

Сөйтіп, индивидтің халықаралық құқық субъектілігін үзілді-кесілді жоққа шығару қазіргі кезде ескірді деуге болады. Халықаралық қатынастарды ізгілендіру адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету ісіндегі жеке тұлғаның белсенді рөлін мойындайды. Бүгінгі таңдағы халықаралық қатынастарда индивидтердің халықаралық құқық субъектілерінің көлемі кеңеюде. Бейбітшілікті жақтайтын кез келген мемлекеттің адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуі басым орында болатыны талас тудырмас. Халықаралық құқықта мемлекеттің халқына өзінің азаматтарын, шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды жатқызады. Халықтың осы топтарының заңдарда бекітілу дәрежесіне қарай адам құқықтарын қорғау туралы ұлттық стандарттардың халықаралық стандарттарға қаншалықты сәйкес келетініне қарай халықаралық құқықтық субъектіліктің нақтылы жайында айтуға болады.

Біздің республикамызда адам құқықтарын қорғау жөнінде әр түрлі бағыттағы процестердің жүріп жатқанына куәміз. Бір жағынан алғанда, осыдан аз уақыт бұрын ешкім де қазіргі оқып жатқандары туралы, қазіргі кездегі сөз сөйлеулері туралы армандай да алмайтын.

Тұлғаның мәртебесі мәселесіндегі ұлттық заңдар конституциялық ережелермен қамтамасыз етіледі: Қазақстан Республикасы Конституциясының II бөлімімен; 1991 ж. 20 желтоқсандағы азаматтық туралы Заңмен; Президенттің "Шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы" 1995 ж. 19 маусымдағы заң күші бар Жарлығымен; шетел мемлекеттерінің екі тарапты және көптарапты шарттарымен қамтамасыз етіледі. Қазақстанда мемлекеттіліктің алғашқы қалыптасу сатыларында бипатризм институты қызу пікірталас туғызды. Біздің қоғамда екі азаматтықтың болуы мемлекеттік-құқықтық институтқа сәйкес келмейді. Басқа мемлекеттердің азаматтығын мойындау конституциялық нормаларда керсетілмеген. 1995 ж. жоғарыда аталған Азаматтық туралы заңға өзгерістер енгізілген кезде, 1995 ж. 20 қаңтарында "Ресей Федерациясына тұрақты тұруға келген Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық алулары және Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген Ресей Федерациясы азаматтарының азаматтық алуы жеңілдету тәртібі туралы" Келісімге Ресей Федерациясымен бірге қол қойылды. Бір жыл өткен соң Қазақстан Республикасы қатысушы мемлекеттер азаматтарының азаматтық алуының жеңілдетілген тәртібі туралы Конвенцияны бекітті.

Индивидтердің халықаралық құқық субъектілігі мәселелерін қолданудың келесі саласы халықаралық қылмыстық сот туралы мәселе, онда индивидтер Нюрнберг және Токио трибуналдары бекіткен тәртіппен жауапкершілікке тартылады. Индивидтердің халықаралық сот органдарына арыздану құқығы 1907 ж. 18 қарашасында халықаралық шақыру сотын құру туралы Конвенцияда қарастырылғанын атап айтқанымыз жөн болар. Аталмыш Конвенция бекітілмеді, ал халықаралық шақыру соты сол күйде құрылмай қалды. Индивидке сот талқылауын қозғау құқығын беру туралы мәселені дұрыс шешу адам құқықтарын халықаралық қорғау мәселесінен келіп шығады.

Халықаралық құқықтың жауапкершілік институты теориясында жауапкершіліктің екі түрі бар: абсолюттік және салыстырмалы.

Абсолюттік жауапкершілікте мемлекеттің атқарушы, заң шығарушы және сот органдары арқылы жауапкершілігі көзделген. Салыстырмалы жауапкершілікте халықаралық қатынастарға мемлекет атынан түсетін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі қарастырылған. Бұл жағдайда мемлекет жауапкершілігін жүзеге асыру мемлекет өкілдеріне мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы болуы мүмкін. Теориялық көзқарас жағынан алғанда индивидтердің қылмыстық жауапкершілік институтының дербестігі жайында айтуға болар еді. Алайда индивидтің жауапкершілігін жүзеге асыру процесінде оның мемлекетпен байланысты екендігі сөзсіз, атап айтқанда, ол қылмыскерге қатысты билікті қолдану мүмкіндігі. Қазіргі таңда, индивидтің қылмыстық жауапкершілігі туралы мәселе халықаралық құқықта көпшілік мойындаған мәселе болып есептеледі. Индивид өз кезегінде халықаралық құқық нормалары мен қағидаларын тікелей мемлекет арқылы бұзады. Мұнан басқа, жеке тұлғалардың халықаралық құқық нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілігі ұлттық қылмыстық заңдар бойынша ғана жүреді.

Халықаралық құқықтағы тұлғаның мәртебесін сараптауды халықаралық қылмыстық процестің құқықтық нормалары бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар туралы Кодекс Жобасында, Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы - ИНТЕРПОЛ Жарғысында, БҰҰ-ның ең төменгі стандарт ережелерінде, кәмелетке толмағандарға қатысты сот әділдігін жүзеге асыруға қатысты 1985 ж. "Пекин ережелерінде", сотталушыларға қараудың 1995 ж. Ең төменгі стандарт ережелерінде, өлім жазасына кесілгендердің құқығын қорғауды кепілдейтін 1984 ж. іс-шараларда кездеседі. Жоғарыда аталған халықаралық құжаттарда мемлекеттердің қылмыскерді ұлттық сотқа беруі немесе басқа мемлекетке қылмыстық қудалауды жүзеге асыруы үшін беру міндеттері; бейбітшілік пен қауіпсіздікке қарсы қылмыс жасаған тұлғаларға ескіру мерзімін қолданбау; кінәсіздік презумциясы, сот талқылауының әділдігі және т.б. қарастырылған. БҰҰ мемлекеттердің қылмыстар бойынша сот әділдігін атқаруға өзара көмектесу шаралары туралы, қылмыскерді беру туралы үлгі шарт жөнінде ұсыныстар жасады, іздеп табуға, ұстауға қатысты халықаралық ынтымақтастық қағидаларын әскери қылмыстар мен адамзатқа қарсы қылмыстар жасаған кінәлы тұлғаларды беру және жазалауды айқындайды. Азаматтықтың реттелмеген мәселелері саяси қайшылықтар мен дауларды туындатады, халықаралық-құқықтық нормаларда азаматтықтың болмауын қысқартатын мәселелерге шешімдер табылған. Мәселен, Халықаралық Стандартқа сәйкес, мемлекет осы мемлекеттің аумағында дүниеге келген кез келген адамға азаматтық береді. Адамды қандай да бір мән-жайларға байланысты, ұлты, этникалық тобы, діни және саяси сенімдері үшін азаматтығынан айыруға жол берілмейді. Адамның мәртебесіне қатысты конституциялық ережелер адам құқықтары жөніндегі Халықаралық билге толық сәйкес келеді. Дегенмен, мұның жеткіліксіз екенін де айту керек. Демократиялық, құқықтық мемлекетке ұмтылатын кез келген мемлекет өзіне

жүктелген міндеттемелерді орындауы үшін нақты экономикалық, әлеуметтік мүмкіндіктері болуы керек, мысалы, мемлекеттің ең жоғарғы жаза - өлім жазасынан бас тарту мүмкіндігі. Қазақстан Республикасы өлім жазасына мораторий жариялағаны белгілі. 1998 ж. 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Қылмыстық кодекстің 49-бабы өлім жазасын ең жоғарғы жаза деп бекіткен. Егер біз бұрын өлім жазасын кәмелетке толмағандар мен екіқабат әйелдерге қолданбасақ, қылмыстық заңның жана редакциясында өлім жазасы кәмелетке толмағандарға, екіқабат әйелдерге тағайындалмайды; еркектер сот үкімі шыққан кезде 65 жасқа толған жағдайда бұл жаза тағайындалмайды. Сөйтіп, біздің мемлекетіміз қазіргі жағдайда өлім жазасынан бас тартып, оның орнын өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстыра алмай отыр. Немесе тағы бір қарама-қайшылықты мысал. БҰҰ-ның ең төменгі стандарт ережелерінде сотталушыларды қамауда ұстаудың ең аз алаңы біздің қарапайым адамдарға берілетін алаңнан көбірек, ҚР ІІМ пенитенциарлық мекеме бөлімшесінің басшысы оның департаментінің бір сотталушыны асырауға бөлінген 130 теңгенің орнына 15 теңге алатынын айтып өтті (Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі 1998 ж. баяндамадан). Қарастырылған проблемада барлық азаматтар құқықтарының теңдігін мемлекеттің нақты мүмкіндіктерін ескере отырып айқындау дұрыс болар деп есептейміз.

Адамның халықаралық құқықтағы мәртебесін айқындай отырып, біз қазақстандық тәжірибедегі әйелдер мен балалар мәртебесі мәселелерін де сөз етер болсақ. Кейінгі кезде әйелдер әлемде болып жатқан барлық өзгерістердің негізгі субъектісі мен объектісіне айналуда. Әйелдердің қызметі жалпы сипат алуда. Бірақ біз бұл өзгерістердің бәрі қоғамның гендерлік құрылымында сыртқы сипатқа ғана ие екенін айтуымыз керек. Әйелдердің объективті қоғамдық жағдайының өзгергені шамалы. Мұны кәсіби қызметпен айналысудан, әйелдің саяси өмірге қатысуынан, оның отбасылық мәртебесінің айқындалуынан көруін болады.

Қазақстан Республикасы әйелдер теңсіздігін жоюда оң нәтижелерге жете қойған жоқ. Мысалы, мемлекеттік құрылымдардағы әйелдер саны 5-6% құрайды, ал төмен кәсіби еңбекпен айналысатын әйелдер деңгейі ерлерге қарағанда екі есе аз, дегенмен әйелдердің білім деңгейі 8—10% жоғары болғанымен, жұмыссыздардың 70%-ын әйелдер құрап отыр. Жоғарыда аталған цифрлар біздің қоғамда әйелдер мәртебесіне жете көңіл бөлінбегеніне айғақ болады. Әйел проблемасы әрқашан отбасының, балалар мен жастардың проблемаларымен бірге жүретіні белгілі. Әйелдер мәселесімен айналысатын жалғыз мемлекеттік құрылым Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат проблемалары бойынша кеңес деп аталады. Президенттің "Қазақстан әйелдері мен балалары" атты бағдарламасы аяқталған жоқ.

Қазақстан Республикасындағы әйелдер жағдайын жақсартудың 1997ж. 5 наурыздағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасының "Әйелдерге қатысты күш көрсету проблемалары" атты бөлімінде Қазақстанда күш көрсетудің кең таралған нысандарына бірге тұруға мәжбүрлеу және жезөкшелік, зорлау, тұрмыстық жағдайда кісі өлтіру, маскүнемдік, нашақорлық, садизмге

байланысты кісі өлтірулер, ұдайы ұрып-соғу мен психологиялық зорлау түрлері жатқызылған. Күш қолданумен күрестегі әлемдік тәжірибеден ең тиімді шара кінәлыны әкімшілік қамауға алу екені белгілі болды. Бұл қайталануы мүмкін күш көрсетуді қысқартудың ең тиімді құралы болып отыр. Мұнан тыс үй жағдайында күш қолдану, ерлі-зайыптық зорлау сияқты ұғымдар енгізудің объективтік қажеттігі туындауда.

Қазақстан Республикасының неке және отбасы заңдарына 1998 ж. енгізілген өзгерістер халықаралық құқықтың ұлттық құқықтан басымдығының қолданылуын дәлелдейді. Мысалы, Қазақстан Республикасы 1989 ж. Бала құқығы туралы Конвенцияны бекітті. Бұл Адам құқықтарын қорғау жөніндегі алғаш бекітілген халықаралық-құқықтық акт екенін айту керек. Бірақ біздің мемлекетімізге ұлттық заңдарды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үшін аттай төрт жыл керек болды. Мысалы, бүгінгі таңда неке-отбасы заңнамасы халықаралық бала асырап алуға рұқсат береді, ал бұрын оған тыйым салынған кезде мемлекеттің балаларды ұрлауға байланысты проблемалар көбейіп кеткен еді. Сонымен қатар, 1993 ж. "Балаларды қорғау және мемлекетаралық бала асырап алудағы халықаралық ынтымақтастық туралы Гаага конвенциясын бекіту қажеттігі туындады. Қазақстан Республикасындағы халықаралық бала асырап алудағы сот тәжірибесі материалдық және іс жүргізу тәртібінде қиыншылықтарға кездесуде. Адамның өмір сүру құқығын жүзеге асыру шеңберінде, атап айтқанда, жасанды ұрықтандыруды пайдалану мен эмбрионды имплантациялау мүмкіндігінде жаңа неке және отбасы заңдары халықаралық стандартты қолданды. Заңды әкелік институтына арналған конституциялық нормаларды әрі қарай мұқият шешу мәселесі қарастырылған.

Халықаралық құқықтағы тану институты. Тану институтының даму тарихы құқықтық субъектілік мәселелерімен тығыз байланысты. Аталмыш институтта халықаралық қатынастардағы барлық өзгерістер тікелей бейнеленеді.

Халықаралық құқық доктринасы тану деп халықаралық құқық объектісінің біржақты актісін түсінеді, оның көмегімен белгілі бір заң фактісі белгіленеді, бір-бірлерімен түрлі қатынастар бекітуге келісімді көрсетеді. Халықаралық құқық комиссиясы осы институтты жүйелеу туралы мәселені бірнеше мәрте қозғаған болатын. 1949 ж. мемлекеттер мен үкіметтерді тану мәселесі бірінші кезекте жүйелеу тізіміне енді. Халықаралық құқық субъектілерінің арасындағы қатынастар тәжірибесі танудың басым мәселелерін айқындап берді. Мысалы, танудың заңдық салдары, танудың түрлері мен нысандары, шартты тануға жол берілуі және басқалары. Осы институтты халықаралық-құқықтық реттеу халықаралық құқықтың әдеттегі нормаларымен, жеке көп жақты және екіжақты шарттармен дипломатиялық және елшілік ынтымақтастықтың қалыптасқан тәжірибесінің бейнеленуімен сипатталады.

Зерттеліп отырған институтты доктриналық талдау танылу теориясының екі негізгі теориясының болуымен сипатталады: негізгі және ресми. Бірінші теория XIX ғасырдың басында пайда болған. Оның кейбір қағидалары кейбір мемлекеттердің дипломатиялық және сот тәжірибелерінің негізін қалады. Бұл

теорияның мәні тану актісіне шешуші рөл берілетіндігінде. Сөйтіп, қарастырып отырған жағдайға сәйкес, халықаралық құқықтың негізгі субъектісі - мемлекет - оны басқа мемлекеттер мойындаған кезден бастап сондай дәрежеге ие болады. Оның мәні - тану арқылы халықаралық құқықтың жаңа субъектісінің пайда болу фактісін белгілеу ғана. Мұндай көзқарасты көптеген халықаралық-заңгерлер ұстанады. Қарастырып отырған теория жаңа субъектінің басқа тараптардың тануына тәуелді болуын жоққа шығарады, яғни халықаралық, құқық субъектілері танылмай-ақ өмір сүре алады дегуге болады. Бұл жағдай әрекеттестік саласына, дипломатиялық және елшілік қатынастарды орнату тәжірибесіне, жасалатын саяси, экономикалық және басқа қатынастардың көлеміне өз әсерін тигізеді.

Танудың бірнеше тәсілі бар. Оның ішінде көп таралғаны бір жақты декларация немесе мәлімдеме. Ол танылатын мемлекеттің үкіметіне немесе басшысына арнайы нота немесе жолдау арқылы бейнеленеді. Екінші, онша көп таралмаған бір түрі қол қойылған және жаңартылған ресми мазмұндама. Мұнан басқа, дипломатиялық қатынастар орнатуға, ноталар алмасуға т.б. байланысты біріккен өтініштер де болуы мүмкін.

Танудың өзіндік түрлері мен нысандары бар. Оның түрлеріне мыналар жатады: мемлекеттерді тану, жаңа үкіметтерді тану, қарсыласу органдарын тану, ұлт-азаттық қозғалысының оның органдары түрінде тану, соғысушы тараптың мәртебесін тану жатады.

Мемлекетті тану. Танудың бұл түрі негізгі және ресми теориялар өкілдерінің арасында даулы талас тудырып отыр. Мемлекеттің халықаралық құқық субъектілігі халықаралық бірлестіктің басқа қатысушыларына тәуелді емес. Оның жақсы нұсқасы мынадай үлгіде болуы тиіс: жаңа мемлекеттің пайда болуы - жаңа субъектінің пайда болуы. Мұндай қарапайым арифметикалық формуланың салдары тану актісі болуы тиіс, себебі бұл мемлекеттер арасындағы өзара қатынастар үшін заң базасын жасайды. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының құрылу және даму тарихы тәжірибеде тану институтының теориялық ережелерінің қоданылытынына куә. Мәселен, біздің мемлекеттілігіміздің қалыптасуының алғашқы жылдарында екі жақты және көп жақты негіздерде ынтымақтастықтың халықаралық-құқықтық базасы құрылды. Сыртқы саясаттың құқықтық негізін қалыптастырғаннан кейін Қазақстан Республикасы шетелдердегі ұлттық мүдделерін қамтамасыз ететін болды. Оған елшіліктер, өкілдіктер, дипломатиялық миссиялар құру арқылы қол жеткізіледі. Қазақстан 1993 ж. аяғына таман халықаралық бірлестікте кеңінен таныла бастады. Оған ірі халықаралық ұйымдар қатарына мүше болу, әлем мемлекеттерімен дипломатиялық қатынастар орнату дәлел бола алады.

Жаңа үкіметтерді тану. Мемлекетті таныған кезде үкіметтің де танылатыны сөзсіз. Бірақ, халықаралық құқықта үкіметті тану туралы мәселе үкіметтің билікке конституциялық емес жолмен келген жағдайларында жиі қойылады. Жаңа үкіметті тану өлшемі жаңа мемлекеттерді тану өлшемдерінен басқашалау. Ондай өлшемге үкіметтің тиімділігі жатқызылады, яғни ол үкіметтің мемлекеттің барлық немесе көпшілік аумағында билік жүргізе алуы және

халықтың негізгі бөлігі үкіметтің саясатын қолдай ма деген мәселе. Бұрын халықаралық құқықта үкімет заңдылығы деген өлшем кең таралған болатын. Бірақ бұл өлшемді қазіргі таңда халықаралық құқық қол сұқпаушылық қағидасына қайшы келеді деп алып тастады. БҰҰ үкіметті тану туралы мәселе, Чанкайши немесе Қытай үкіметіне қатысты; Пиночет немесе С. Альенде үкіметтерін мойындау; Ауғанстан үкіметін немесе тәлибтер үкіметін мойындауға қатысты шешілген болатын. Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде эмигранттық үкіметін тану немесе қудалаудағы үкіметтерді мойындау тәжірибесі кең таралған еді.

Тану кезінде халықаралық конференцияға жаңа мемлекеттің немесе жаңа үкіметтің қатысуы міндетті емес. Халықаралық ұйымдарда өкілдік және үкіметті тану мәселелері халықаралық құқықтың екі дербес институттары. Оның айырмашылығы бұл; халықаралық ұйымға өкілдік туралы мәселеде ұйымның өзі шешім қабылдайды және ол оны тануға байланысты емес және оған негізделмейді. Ал жаңа үкіметтерді тану жеке мемлекеттердің ерекше құзыреттеріне жатады. Егер халықаралық ұйым жаңа үкіметтің өкілдігі туралы оң шешім қабылдаса, ол аталған үкіметті халықаралық ұйымның мүшелері міндетті түрде таниды деген сөз емес.

Қарсыласу органдарын тану, ұлт-азаттық қозғалыстарын, олардың органдары түрінде тану, соғысушы жақтың мәртебесін тану. Қарсыласу органдарын тану мәселелері екінші дүниежүзілік соғыс тарихынан белгілі. Олар халықаралық құқықтың жалпыға танылған субъектісі деп есептелетін мемлекеттердің ішінде құрылды.

Танудың мұндай түрінің тәжірибесі оларды үкіметтің де тануына жатқызбайтын. Ол көбіне-көп билікті тану түрінде қарастырылды. Югославияның ұлттық азаттық комитеті (1941-1943 жж.), "Шайқасушы Франция" (осы жылдары) қарсыласу органдары ретінде танылған болатын. Аталған органдар құрылған соң эмиграцияда немесе басып алынған мемлекеттердің аумағында тікелей пайда болып жатты. Мысалы, Дат Бостандық Кеңесі немесе Польша ұлт-азаттық Комитеті. Танудың бұл түрінің заңдық салдары қарсыласу органдары қатысушыларының соғыс құрбандарын қорғау туралы 1949 ж. Женева Конвенциясының қамқорлығын және 1977 ж. қосымша хаттамаларды пайдаланады, ал қарсыласу органдары соғысушы жақ болып танылады.

Ұлт-азаттық қозғалыстарын тану ұлт-азаттық революция барысында пайда болды. Танудың мұндай түрінің болуы өз тәуелсіздіктері үшін күресуші ұлттар мен халықтардың құқық субъектілігін растайды. Танудың мұндай түрінің үлгі мысалы ретінде Палестинаны азат ету ұйымы -ПАҰ, Оңтүстік-Батыс Африканың Халықтық ұйымы - СВАПО-ны айтуға болады.

Бас көтерген жақты тану туралы мәселе елдің ішінде азаматтық соғыс немесе оның бір бөлігі үшін соғыс туындаған жағдайда шешіледі. Танудың мұндай түрін қолдану тәжірибесі өте сирек кездеседі және XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында болған.

Танудың - дәстүрлі турлеріне *de jure, de facto, ad hoc* жатады. Танудың мұндай нысандары халықаралық құқық субъектілерін танығаннан кейін туындайтын заңдық салдарды айқындайды. *De jure* — бұл толық көлемдегі заңдық салдар туындағанда, құқық бойынша, тұтастай ресми тану. Мысалы, толық түпкілікті тану дипломатиялық өкілдер алмасу, кең көлемдегі екі жақты шарттар жасау, танылатын мемлекеттің мүлікке және басқа құндылықтарға билік ету құқығын тану, танылатын мемлекеттің иммунитетін тану сияқты әрекеттерді жасауға міндеттейді. *De facto* тануы көпжылдық қатынастар орнатуға; экономикалық және әкімшілік сипаттағы шарттар жасасуға міндеттейді. Халықаралық қатынастар тәжірибесінде танудың бұл нысаны субъектінің, мұнан да ресми қатынастар орнату қажеттілігіне сенімсіз болған жағдайларда қолданылады. *De facto* - тануының маңызды сипатының бірі оның қайта қайтарылу мүмкіндігі немесе кейін *de jure* тануына айналуы.

Ad hoc мойындауы фактілік сипатта. Мұндай жағдайда, субъектінің танылуы жоқ, алайда, мысалы, мемлекетке туындаған мәселелерді реттеу үшін белгілі бір қатынастарға түсуі қажет. Мысалы, бір реттік қатынастар - спорт жарыстарына, ғылыми семинарларға, конференцияларға т. б. қатысу. Мұндай шаралар аяқталған соң қандай да бір қатынастардың пайда болғанына қарамастан, субъектінің құқығын танымау жөнінде жариялануы мүмкін.

Халықаралық құқықтағы мирасқорлық институты. Құқықтық мирасқорлық - бұл бір субъектінің құқықтары мен міндеттерінің белгілі бір оқиғалар мен жағдайлардың туындауы нәтижесінде екінші біреуге өтуі. Халықаралық құқықта қарастырылып отырған институт азаматтық құқықтағы құқықтық мирасқорлықтан өзгешерек екені сөзсіз. Мұндай айырмашылықтардың болуы халықаралық құқықтың ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, субъектілік құрам, құқықтар мен міндеттер көлемі, құқықтық мирасқорлық мәселелерін құқықтық реттеу сияқты болып келеді. Халықаралық құқық тарихынан екі диаметрлық қарама-қайшы теориялар белгілі. Әмбебап құқықтық мирасқорлық теориясы ХҮІІ-ХІХ ғғ. пайда болған. Бұл теорияның мәні субъект-мирасқордың барлық құқықтар мен міндеттерді толық көлемде мұраға алуынан көрінеді. Ал, екіншісі халықаралық құқықтың жана субъектісінің бұрынғы субъектісіне ешқандай қатысы жоқ деп есептейді. Халықаралық бірлестік 1961 ж. осы институтты жүйелеу әрекетін жасап көрді. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1961 ж. 18 желтоқсандағы 1686 ж. қарары құқықтық мирасқорлық туралы мәселені бірінші кезектегі тізімге енгізді. Құқықтық мирасқорлықтың негізгі мәселелері мынадай әмбебаптық және аумақтық көпжақты шарттармен реттеледі: 1971 ж. мемлекеттердің шарттарға қатысты құқықтық мирасқорлығы туралы Вена Конвенциясы, 1983 ж. мемлекеттік меншік, мемлекеттік мұрағат және мемлекеттік қарыздарға қатысты құқықтық мирасқорлық жөніндегі Вена Конвенциясы, КСРО-ның сыртқы мемлекеттік қарыздары мен мұрағаттарының құқықтық мирасқорлығы туралы 1991 ж. 4 желтоқсандағы Шарт. КСРО таратылып, тәуелсіз мемлекеттер құрылғаннан кейін, ТМД құқықтық мирасқорлық институтына қатысы бар мынадай шарттарға қол қойды:

- ТМД мемлекет басшыларының "Бұрынғы КСРО-ның шетелдердегі меншігі туралы" 1991 ж. 30 желтоқсандағы Келісімі.
- КСРО-ның сыртқы мемлекеттік қарыздары мен активтеріне қатысты құқықтық мирасқорлық туралы шартын толықтыру жөніндегі 1993 ж. 13 наурыздағы Келісім.
- Бұрынғы КСРО-ның шетелдердегі барлық меншігін бөлу жөніндегі 1992 жылдың 6 шілдедегі Келісім.
- Бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік мұрағаттарына қатысты құқықтық мирасқорлық туралы 1992 ж. 6 шілдедегі Келісім.
- Бұрынғы КСРО-ның шарттарына қатысты өзара мүдделерді көрсететін құқықтық мирасқорлық мәселелері жөнінде өзара түсінісу туралы Меморандум.
- Құқықтарды өзара мойындау және меншік қатынастарын реттеу туралы 1992 ж. 9 қазандағы Келісім.
- Бұрынғы КСРО-ның сыртқы мемлекеттік қарыздары мен активтеріне қатысты құқықтық мирасқорлық мәселелерін реттеу жөнінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1993 ж. 6 қыркүйектегі Келісім және басқалары.

Халықаралық құқықта мемлекеттердің құқықтық мирасқорлығы туралы мәселелері мынадай жағдайларда туындайды: а) әлеуметтік революцияларда; б) отарлардан мемлекеттердің құрылуы кезінде; в) мемлекеттердің бір бөлігінің бөлек шығуы; г) мемлекет аумарының бір бөлігінің басқа мемлекетке өтуі кезінде.

а) Әлеуметтік революциялар кезінде.

- Мұндай тарихи мән-жайлар кезіндегі құқықтық мирасқорлықтың мағынасы әлеуметтік революциялар нәтижесінде пайда болған жаңа мемлекетке бұрынғы мемлекеттің бірқатар халықаралық құқықтары мен міндеттерінің өтуімен түсіндіріледі. Мұндай құқықтық мирасқорлыққа мысал ретінде XVIII ғ. аяғындағы Ұлы француз революциясын, 1917 ж. Ұлы Қазан социалистік революциясын айтып етуге болады. Әлеуметтік революциялар кезіндегі құқықтық мирасқорлық мынадай мәселелерді қозғайды:
 - аумақтық-жаңа мемлекет бұрынғы мемлекеттің аумағында қалады;
 - халыққа қатысты мәселелер - мемлекеттің қол астындағы бұрынғы азаматтар жаңа мемлекеттің азаматтары болып қалады; ал шетелдегі адамдар мұндай жағдайда өздері туралы хабарлауы тиіс;
 - шарттық міндеттемелер - жаңа мемлекет, әдетте бұрынғы әділетсіз шарттар жүйесін қайта қарайды;
 - меншік мәселелері - бұрынғы мемлекеттің активтері мен пассивтері жаңа мемлекетке берілуі тиіс;
 - халықаралық ұйымдарға мүшелік мәселелері — әлеуметтік революциялар халықаралық ұйымдардағы мүшелікке әсер етпейді. Мысалы, Куба бұрынғыдай БҰҰ-ның мүшесі болып қала берді.

б) Мемлекеттердің отарлардан бірігуі кезінде:

- жаңа мемлекет бұрынғы отар аумағында қалыптасады.
- шарттық міндеттемелердің, әдетте, кейбір ескертпелері болады.

Бұл бұрынғы метрополиялардың (отарлап, билеуші мемлекеттердің) халықаралық міндеттемелерді өздеріне толық көлемде ала алмауына байланысты. Мысалы, Танганьика мемлекетті 1961 ж., ал Уганда 1962 ж. БҰҰ бас хатшысына екі жыл көлемінде бұрынғы метрополиялардың шарттарын іс жүзіндегі шарттар жүйесі деп есептеп келгендері туралы хабарлайды. Осы кезең ішінде жаңа тәуелсіз мемлекеттер шарттық негіздердің тиімділігі мен қажеттілігін айқындаған болып шығады.

в) Мемлекеттің бір бөлігінің бөлек шығуы кезінде

- аумақтық ұмтылыстар шарттық тәртіпте келісіледі;
 - халыққа таңдау құқығы және өздері жататын ұлтқа қосылу құқығы беріледі;
 - меншік мәселелері шарттық тәртіпте шешіледі;
 - мүшелікке өту мәселелері әр нақты жағдайда жеке дара шешіледі.
- Мысалы, 1963 ж. Малайзия Федерациясы құрылды (Малайя, Сингапур, Солтүстік Борнео, Саравак Федерациясы). 1965 ж. Сингапур Малайзия Федерациясының құрамынан бөлек шығып, БҰҰ-ның құрамына дербес мемлекет ретінде қабылданды.

г) Мемлекет аумағының бір бөлігінің басқа бір мемлекетке өтуінде:

- аумақтық ұмтылыстар шарттық тәртіпте келісіледі;
 - халыққа таңдау құқығы және өздері жататын ұлтқа қосылу құқығы беріледі;
 - меншік мәселелері шарттық тәртіпте шешіледі;
 - мүшелікке өту мәселелері әр нақты жағдайда жеке-дара шешіледі.
- 1958 ж. Египет және Сирия бірігіп, Біріккен Араб Республикасын құрды. 1961 ж. 29 қыркүйегінде Сирия БАР құрамынан шығып, қайтадан БҰҰ-ның дербес мүшесі болды. 1990 ж. Солтүстік және Оңтүстік Йемен біріккен кезде мүшелікке өту осыған ұқсас жағдайда өткен болатын.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру кезіндегі құқықтық мирас қорлық мәселелер.

КСРО-ның бұрынғы субъектілері - мемлекеттер - өздерінің арасындағы бұрынғы барлық қатынастарды түбегейлі қайта қарау керек деп шешті. Ең алдымен, ТМД-ға мүше-мемлекеттер үшін КСРО-ның халықаралық құқық субъектісі ретінде өмір сүруін тоқтатқаны белгілі болды.

Соған сәйкес, халықаралық құқықтың жаңа субъектілерінде де, сондай-ақ мирасқор-мемлекет Ресей Федерациясында да көптеген проблемаларды жеделдете реттеу қажеттігі туралы мәселе пайда болды. Бұл проблемалар, жоғарыда айтып өткеніміздей, аумақ, халық, меншік, шарттық тәжірибелерге, тұрақты және уақытша халықаралық ұйымдардағы мүшелік мәселелеріне қатысты болатын ТМД-ның барлық мүше-мемлекеттері өздерінің құрылтай құжаттарында сыртқы саясаттың іс жүзіндегі мәселелерін жүзеге асыру үшін тиісті шарт-жағдайлар қалыптастыру туралы жариялап, бұрынғы Одақтың мүліктерінен тиісті, бекітілген әділ үлестеріне ТМД-ның әрбір мүше-мемлекетінің иелену, пайдалану, билік ету құқығын бекітіп жатты. ТМД-ның барлық мүшелері халықаралық шарттардың мемлекеттер арасындағы қатынастарды одан әрі дамыту және нығайту ісіндегі рөлі туралы мәселені шешуге ортақ мәмілемен келу қажеттілігі жөнінде мәлімдеді.

ТМД-ның іс жүзіндегі тәжірибесі көптеген проблемалардың әлі күнге дейін шешімін таппай келе жатқанын көрсетеді. Ол біріншіден, Каспий теңізінің мәртебесін айқындай алмаудан; Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының сыртқы саясатындағы даулы аумақтық мәселелерден; Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш кешенін ұзақ мерзімге жалға алу мәселесінің толық келемде шешілмеуінен байқалады және біздің ұлы отандастарымыз Ш.Уәлиханов пен Ә.Бөкейхановтың қаламдарынан шыққан Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Томск қалаларының кітапхана қорларында жатқан мұрағаттық құжаттардың бірқатарын беру мәселелесі шешілу сатысында тұр.

1991 жылы 8 желтоқсандағы ТМД-ны құру туралы келісімде, 1991 жылы 21 желтоқсандағы Алматы Декларациясында, 1993 жылғы 22 қаңтардағы ТМД Жарғысында жалпы экономикалық кеңістікті, жалпы еуропалық және еуразиялық нарықты қалыптастыру және дамыту; жұрт таныған нормалар мен халықаралық құқық қағидалары негізінде демократиялық құқықтық мемлекеттер құруға ұмтылу; ТМД мүше-мемлекеттерінің азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді сақтау жауапкершілігін сезіну мәселелерінде ынтымақтастықтың жолын қуу бірнеше мәрте бекітілді.

ТМД аясында құқықтық мирасқорлықты жүзеге асыру ТМД-ға мүше-мемлекеттердің мүдделерін, сондай-ақ ТМД мемлекеттерінің басқа мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен қатынастарын келістіру үшін уақыт талап ететін күрделі процесс.

Сонымен, құқық мирасқорлық дегеніміз — дамуына әлемдік аренада болып жатқан тарихи өзгерістер үлкен әсерін тигізетін халықаралық жария құқықтың бір институты болып табылады.

2.2 Халықаралық құқықтағы территория мен тұрғын халық.

Территорияға келесі сипаттар тән: өлшемі, яғни жалпы жер көлемі; солтүстіктен оңтүстікке және шығыстан батысқа қарай созылуы; қомақтылығы, яғни бірыңғай бүгінділігі; әлем картасындағы географиялық орналасуы, сонымен қатар өзендердің болуы және теңізге шығу мүмкіндігі.

Территорияның әмбебап түсінігінің заңдық стержені әлеуметтік организмнің өмір сүру негізі, яғни территорияны ондағы қоғамның функционалдануының кеңістіктік шеңбері түрінде ғана қарастырмайды, сонымен бірге оны саяси, экономикалық, мәдени кеңістік, елде ішкі саясатты іске асыру шеңбері ретінде қарастырып, шеңберден тыс жерде мемлекет шетелдік, сыртқы күш болып табылады.

Халықаралық құқықтағы территория сөзінің кең мағынасында жер шарының сулы және сусыз жер қабаты, әуе кеңістігі, ғарыштық кеңістік және ондағы аспан денелері.

Территория классификациясының әр түрі бар. Ағылшын құқықтанушысы Я.Броунли территория режимдерінің 4 түрін бөліп көрсетеді:

- территориялық суверенитет;

- өзінің жеке статусы бар және басқа мемлекеттің немесе мемлекеттер тобының суверенитеті тарамайтын территория (мысалы, мандатасты және қамқорлықтағы территория);
- *res nullius* (ешкімге жатпайтын территория);
- *res communis* (барлығына жататын территория).

XX ғасырдың ортасына қарай территорияның келесі классификациялары қалыптасты:

- каноникалық территория;
- мемлекеттік территория;
- халықаралық территория;
- аралас режимді территория;
- өтпелі режимді территория;
- әкімшілік территория (мемлекеттің бір бөлігі ретінде).

Оқу құралдарының көбінде территорияның үш типін бөледі:

- мемлекеттік территория;
- халықаралық территория;
- аралас (конвенциялық) режимді территория.

Мемлекеттік территория белгілі бір мемлекеттің суверенитетінде болады және мемлекет осы территорияның шеңберінде өзінің территориялық билігін жүзеге асырады.

Халықаралық режимді территорияға қандай да бір мемлекетке жатпайтын, халықаралық құқыққа сәйкес барлық мемлекеттердің ортақ пайдалануындағы, мемлекеттік территориядан тыс жатқан жер кеңістіктері жатады.

Аралас режимді территориялар – бұл жағажай мемлекеттерінің халықаралық және ұлттық заңнамалық нормаларының бірдей таралатын территориялары.

Мемлекеттік территория құрамына шеңбері мемлекеттік шекара арқылы анықталатын жер, су және олардың астында орналасқан жер қабаттары, олардың үстіндегі әуе кеңістігі жатады. Мемлекеттің жер территориясы – оның шекаралары шеңберіндегі жер болып табылады. Мемлекеттің сулы территориясы ішкі сулар мен территориялық теңізден құралады. БҰҰ-ның 1982 жылғы конвенциясына сәйкес ішкі суларға мыналар жатқызылады:

- территориялық теңіз енін санау үшін қабылданған тіке сызықтардан жағаға қарай орналасқан теңіз сулары, оның ішінде архипелаг-мемлекеттердің сулары;
- порт сулары;
- жағасы бір мемлекетке қатысты бұғаз сулары, егер олардың ені 24 теңіз милінен аспайтын болса және тарихи бұғаздар.

Сонымен қатар ішкі сулар деп – бір мемлекеттің шекарасы шеңберіндегі өзендер, көлдер және басқа да су бассейндерін атайды. Территориялық суларға жоғарыда аталған Конвенцияға сәйкес 12 мильден аспайтын жағалық теңіз суларының ирек сызығы жатады.

Мемлекеттің әуе территориясын – оның шеңберінде орналасқан жер және су шекараларының әуе кеңістігі құрайды. Мемлекеттің территориясы құрамына жер және су шекараларының шеңберінде орналасқан жер қабаты да жатады (оның тереңдігі есепке алынбайды).

Мемлекет өзінің территориясы шеңберінде билігін жүргізеді және бұл мемлекет суверенитетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Территориялық билікке қатысты өзара құрмет көрсету және территориялық қол сұғылмаушылық – қазіргі халықаралық құқықтың маңызды бастамалары.

Мемлекеттік территория белгілі бір мемлекеттегі жоғары билікті жүргізудің кеңістігі ретінде ғана емес, сонымен қатар ол әр түрлі компоненттері бар табиғи орта, яғни жер, су, әуе кеңістігі және жер қабаты ретінде де анықталады. Табиғи орта өндірісте де, ауыл шаруашылығында да, күнделікті адам өмірінде де қолданылады.

Осының барлығы дерлік мемлекеттік территорияның материалдық құрамы болып есептеліп, қай мемлекеттің шекаралары шеңберінде орналасқан болса, сол мемлекетке жатқызылады.

Территориялық қызмет, сұғылмаушылық принциптеріне орай, ешкімде де мемлекетке жататын территория мен онда орналасқан табиғи ресурстардан мемлекетті айыру құқығы жоқ.

Әр мемлекет өзінің территориясын пайдалануына құқығы бар. Территориялық билік келесі постулаттарға негізделген:

- мемлекет территориясы – меншік объектісі;
- мемлекет өз билігін өзіне тиесілі территорияда жүзеге асырады;
- әр мемлекет өзінің территориясы шеңберінде және одан тыс жерде белгілі бір компетенцияға ие;
- мемлекет территориясынан тыс жерде кейбір функцияларды жүзеге асыра алады, мысалы экономикалық аймақта.

«Халықаралық құқықтағы территориялар мен шекаралар» тақырыбын оқыған кезде, төмендегідей тақырыптармен пәнішілік байланыс байқалады:

- халықаралық құқық принциптері;
- халықаралық теңіз және өзен құқығы;
- халықаралық дауларды шешудің бейбіт әдістері.

Халықаралық құқықта ұлттар мен халықтардың өзін-өзі анықтау принципі бекітілгендіктен, ірі территориялық өзгерулер соның негізінде болуы тиіс. Өзін-өзі анықтау принципінің екі жағы бар: сыртқы – халықтың белгілі бір мемлекет құрамына ену құқығы және ішкі – халықтың өз ішкі құрылысын анықтауы.

Мемлекеттің шекарасын бекіту кезінде территорияның тарихи қалыптасқан экономикалық қажеттіліктерін ескереді. Экономикалық қатынастар белгілі бір территорияда іске асырылады, себебі ол шикізат, өткізу нарығы, сауда жолдары сияқты түпнегіздерге байланысты болады. Бұдан басқа территориялық шекараларды бекітудің тарихи аспектілері де қарастырылады. Маңызды критерий болып, сонымен қатар, тұрғындардың ішкі әлеуметтік және

мәдени байланыстары да табылады. Осы байланыстар белгілі бір труппаның территориялық шекараларын белгілеуге әсерін тигізеді.

Барлық территориялық даулар халықаралық даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу принципіне орай, бейбіт жолмен шешілуі тиіс. Бұл принцип мемлекеттердің бейбіт арақатынасына ықпалы зор. Халықаралық даулар әрқилы болуы мүмкін және олар сипатына қарай әр түрлі болып жіктелуі мүмкін: объектісі немесе нәрсесі бойынша, халықаралық әлемге қатысты қауіптілігі деңгейі бойынша, территорияны қамтуы бойынша және ондағы тұлғалары бойынша. Аталған даулардың арасында территориялық даулар ерекше орынға ие. Дауланатын нәрсе – әр түрлі көзқарас (саяси, экономикалық, әскери) жағынан үлкен бағалылыққа ие территориялық учаскесі.

Дау шешімінің қорытындысы қазіргі халықаралық құқықтық принциптер мен нормаларға негізделуі керек.

Территориялық дауларды бейбіт түрде шешуге «күш қолданбау және күшпен қорқытпау» принципінің тікелей қатысы бар. Халықаралық территориялық дауларды шешу кезінде бұл принцип негізге алынады, бірақ шабуыл жасалған кезде өзін-өзі қорғаумен жауап беруге болады.

Территориялық тұтастық принципі. Мемлекетаралық қатынастардағы тұрақтылықты сақтауда бұл принциптің маңызы зор. Оның мақсаты – мемлекет территориясын қандай да бір қолсұғушылықтан қорғау.

Территориялық тұтастық принципі мемлекеттік территорияның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, шекарадан келетін қауіп-қатерлердің алдын алады.

Шекаралардың мызғымастығы принципі халықаралық құқықтың дәстүрлі принципімен көп ортақтығы бар. Соңғысы мемлекеттік шекаралар сызығының орын ауыстыруына тыйым салады. Әр мемлекет өзінің шекарасының сызығын қатаң бақылауға алып отыруы тиіс. Дегенмен, цессия немесе концессия арқылы берілген мемлекеттік территориялар құқық бұзушылық болып есептелмейді.

Делимитация – бұл мемлекеттік шекара бағытын келісімшарт негізінде картада, схемада, планда анықтап көрсету болып табылады. Делимитация кезінде шекара сызығының өту бағытын нақты белгілейді.

Демаркация – бұл мемлекеттік шекара сызығын арнайы шекаралық белгілермен (пирамида, әріп, белгі, маяк) белгілеу болып табылады. Демаркация кезінде шекара сызығы айрықша сипатқа ие белгілермен анықталады.

Редемаркация – бұл бұрын демаркіленген территорияны тексеру, белгілерін жөндеуден өткізу.

Мемлекеттердің аймақтық бүтіндігі принципі, өзінше дербес халықаралық принцип ретінде, Хельсинки Қорытынды актісінде бекітілген. Бұл құжатта мемлекет БҰҰ Жарғысына қайшы келетін және мемлекеттердің аумақтық бүтіндігіне қарсы бағытталған кез-келген өрекеттен тартынуға тиіс делінген. Айта кететін бір жай - мемлекеттердің аумақтық бүтіндігі және шекараларының мызғымастығы принципі посткеңес кеңес-

тігінде құрылған жаңа тәуелсіз мемлекеттер назарын өзіне бірден аударды. Бұл принцип ТМД-ға мүше елдердің кездесулерінде неше қайтара талқыға түсті.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің Егемендікті, аумақтың бүтіндігін және шекаралардың мызғымас-тығын сақтау туралы 1994 жылғы 15 сәуірде қол қойылған Декларациясында былай делінген: ТМД-ға мүше мемлекеттердің басшы-лары, халықаралық құқықтың көпшілік таныған нормаларын, БҰҰ Жарғысының, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Кеңестің мақсаттары мен принциптерін басшылыққа алып, аумақтық бүтіндікті, шекаралардың мызғымастығын құп-тап, аумақты заңсыз иемденуден және бөтен аумақты бөлшектеуге бағытталған барлық әрекеттен бас тартады және әскери, саяси, экономикалық және басқадай формада, блокада жасап та, қысым көрсетуден, сондай-ақ ДОСТАСТЫҚҚА МҮШЕ ЕЛДЕРДІҢ кез келген біреуінің аумақтық бүтіндігіне және дербестігіне қарсы сепаратизмді қолдаудан және пайдаланудан тартынады. Екі тату көрші елдердің аумақтық бүтіндігі мен шекараларының мызғымастығы принципіне қауіп төндіретін сепаратизмді, қолдаудан бас тарту туралы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасында қол жеткен келісімнің маңыздылығын атап өтпеуге болмайды. Қазақстан өзінің сыртқы саясатын нағыз бейбіт жолға салды, сондықтан да оның шекараларының бойын бойлай, саяси және халықаралық-құқықтық арқауы бар, сенімге, тату көршілікке және достыққа негізделген белдеу құрылды.

Н.Ә.Назарбаевтың пікірінше, бұған Қазақстанда "көршілерге деген ешқандай аумақтық, саяси немесе басқалай талаптардың болмауы, олардың заңды мүдделерін құрметтеу, жан-жақты өзара тиімді ынтымақтастыққа біздің шын үмтылып отырғандығымыз"⁵³ өсер етті.

БҰҰ Жарғысының және 1990 жылғы Халықаралық құқық принциптері туралы Декларацияның мазмұндарынан бұл принциптің күш қолданбау принципінің құрама бөлігі екендігін көреміз. Ол 1975 жылғы Хельсинки Қорытынды актісінде жеке дара бөлінді, онда "әрбір мемлекет басқа мемлекеттің халықаралық шекараларын бұзу мақсатында күш қолданудан немесе күшпен қорқытудан тартынуға міндетті" деп жазылған. Актіге сөйкес, шекараларды зорлық әдістермен бұзуға жол берілмейді. Бірақ, шектес жатқа мемлекеттердің араларынан өтетін шекараларды олардың өз келісімімен, ықтиярымен өзгертуге тыйым салынбайды.

Басқа, бейбітшілікті сүйетін мемлекеттер сияқты Қазақстан да шекаралардың мызғымастық принципін қолдайды. Бұл, мысалы, Қазақстан-Қытай шекараларына қатысты мәселелер бойынша Қытаймен арада қол жеткен келісімде көрініс тапты. Қазіргі кезде шекараны демилитаризациялау және шекараны кесіп өтетін су мәселелері бойынша Қазақстан әртүрлі деңгейде келіссөздер жүргізуде.

Халықаралық құқық субъектісі – бұл халықаралық қарым-қатынасқа қатысушылардың халықаралық аренадағы құқық пен міндеттемелерді тасушы. Халықаралық құқық субъектісіне мемлекеттер, ұлттар және халықтар,

үкіметаралық ұйымдар, өздерінің құқықтарын жүзеге асырушы адамдар жатады.

1970 ж. БҰҰ-ның жарлығына сәйкес мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен достық қатынастарға қатысты халықаралық құқық принциптері жөніндегі декларациясында халықаралық құқық субъектісінің негізгі құқықтары бекітілген, олар: өзін - өзі анықтау, өз территориясының мызғымастығы, тәуелсіздік, суверендік теңдік, халықаралық қатынастар.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде территориясының мызғымастығы мен суверендік теңдік, халықаралық қатынастарды жүзеге асыру құқығын қолданады. Осыған сәйкес ол халықаралық құқықтың субъектісі болып табылады. Осы және басқа да құқықтар Қазақстанның егемендік мемлекеттілігінен шығады, яғни Қазақстанның халықаралық құқықтық субъектілігінің негізінде оның мемлекеттік егеменділігі жатады.

Мемлекеттік суверенитет – бұл мемлекеттің ажыратылмас қасиеті. Халықаралық құқық субъектісіне халықаралық құқықтық қабілеттілік пен халықаралық қабілеттілік (құқық және міндеттерді жүзеге асыру қабілеттілігі). Д.И. Фельдман мен Г.И. Курдюковтың пайымдауынша халықаралық құқық субъектісінің негізгі белгілері келісімдік құқық қабілеттілігі болып табылады.

Халықаралық қатынастарда мемлекеттер ешкім билеп – төстей алмайтын суверендік құрылым болып табылады. Мемлекеттің егемендік теңдігі дегеніміз – барлық мемлекеттер заңды түрде тең және олардың әлемдік қауымдастықтың мүшесі ретінде тең құқықтары мен міндеттері бар. Статусы мен мемлекеттік құрылымына қарамастан, мемлекеттердің халықаралық құқықтық субъектілігіне ие. Осыған сәйкес халықаралық құқықтық субъектісіне унитарлы және федеративті мемлекеттер жатады.

Халықаралық құқықтық толық құқылы субъектісіне мына федеративті мемлекеттер кіреді: АҚШ, Канада, Мексика Құрама Штаттары, Бразилия, Швейцария, Герман Федеративті Республикасы, Австрия Республикасы, Ресей Федерациясы, Индия Республикасы және т.б. Федерацияның субъектілері халықаралық құқықтың субъектісі болып табылмайды. Қандай да бір федеративті мемлекеттің конституцияларында федерация мүшелерінің халықаралық құқықтық субъективтілігі жөнінде баптар жазылмаған. Яғни федерация мүшелері суверенді мемлекет болып табылмайды. Ал өздерінің мүшелерінің құқықты субъективтілігін жариялаған федерациялар, мысалға Кеңес Одағы қазір жоқ. Кеңес Одағының құрамындағы мемлекеттер халықаралық құқықтың субъектісі болды.

Халықаралық құқық тарихы мемлекеттік бірігудің тағы бір формасын – конфедерацияны біледі. Федерация – бұл одақтас мемлекеттер болса, конфедерация – бұл ортақ мақсатқа қол жету үшін біріккен одақтас мемлекеттер. Бұрын Швейцария, АҚШ, Германия конфедерация болды. Қазіргі уақытта конфедерация жоқ.

Мемлекеттер, халықтар мен ұлттар достастыққа біріге алады. Қазіргі уақытта әлемде екі достастық бар. Британдық ұлттар достастығы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД). Халықаралық құқық субъектісі өзін өзі

анықтау мен өз алдына мемлекет құруға ұмтылған ұлттар мен халықтарға тән. Халықаралық құқықтық құжаттардың бірқатары ұлттар мен халықтарға қолдау көрсетеді.

Ұлттар мен халықтардың халықаралық құқық субъективтілігі мәселесі отарлы жүйенің құлдырау периодында ауқымды болды.

Үкіметаралық ұйымдардың халықаралық құқық субъективтілігі: Халықаралық ұйымдар XIX ғасырдың ортасында пайда болып, қызмет ете бастады. XX ғасырда олардың саны 35 мыңға жетті. Халықаралық ұйымдардың ішінде тек үкіметаралық ұйымдар халықаралық құқықтың субъектісі бола алады. Себебі оларды құрушы – мемлекеттер болып табылады. Халықаралық үкіметаралық ұйымдардың ішіндегі үлкен көлемдегі халықаралық құқық қажеттілігіне БҰҰ ие.

Қазіргі замандағы халықаралық құқықта азаматтық жөнінде мәселесі үлкен ықпалы бар. Азаматтық деп мемлекетке қатысты жауапкершілік және белгілі бір құқық мөлшеріне ие болуы, сонымен қатар мемлекеттің бір тұлғаға қатысты жауапкершілік пен құқық мемлекетпен бір тұлғаның тұрақты саяси-құқықтық байланысты түсіндіреді. Азаматтық бұл ең алдымен әрбір мемлекеттің ішкі құқықтық институты болып табылады. Сонымен бірге бұл-халықаралық жариялы құқықтың институты да болып есптеледі. XX ғасырдың басында азаматтыққа қатысты мәселе ұлттық заңнаманың толық понополиясы болатын еді. XX ғасырдың аяқтарында азаматтыққа қатысты мәселе халықаралық құқықтың нормаларымен қамтамасыз етіледі. Мыс: мемлекеттердің конвенциялық нормаларында азаматтықты орнатуды келісімді компромистік тәртіпті бекітнді. Азаматтықты қабылдаудың шарты мен процедурасына қарамастан суверенді мемлекеттің сферасында орналасады және сонымен қатар белгілі бір ережелерді ұстануларына қатысты унифицированы ережесі болады.

Азаматтық институт буржуазиялық қозғалыс кезінде пайда болған «қол астында» деген түсінік кейбір мемлекеттің заңнамалық актілерінде сақталып қалды. Азаматтық жөнінде күшіне енген заңнамада азаматтыққа қабылдаудың екі түрі бар: туылу күшіне (филиация) және натурализация тәртібі (укоренения). Азаматтықты қабылдаудың бірінші жағдайы физикалық тұлғаның еркініне қарамастан болады, екінші жағдайы азаматтықты қабылдау үшін тұлғаның келісімі мен қызығушылығы болуы керек, сонымен қатар қабылданған заңмен, құқықтық ережелердің болуы.

Туылу күшіне қарай азаматтыққа қабылдау кезінде екі принцип қолданылады – «қан құқығы» туылу жөнінде азаматтыққа қабылдау және «жер құқығы» - туған жеріне қарай азаматтыққа қабылдау.

«Қан құқығы» принципі Еуропа территорияларында (Австрия, Италия, Финляндия, Швеция, Норвегия, Дания және т.б.) қолданылады. «Жер құқығы» принципі латынамерикандық мемлекеттердің заңнаманы басшылыққа алады. Азамат жөнінде заңнаманы басшылыққа алады. Азамат жөнінде заңнама кейбір мемлекеттерде көрсетілген екі принцип қолданылады (АҚШ, Ұлыбритания, Үндістан, және т.б.) 1991 жылы Қазақстан Республикасының азаматтық

жөнінде Заңның 10 бабына сәйкес біздің мемлекет «қан құқығы» принципі қабылданады.

Қандай да бір мемлекеттің мүдделі тұлғаның өтініші бойынша азаматтыққа қабылдау – натурализация болып түсіндіріледі. Натурализацияның тәртібі мен шарты мемлекеттің заңнамасында наықталған. Натурализация тәртібінде азаматтық мына жолдармен алынады:

-бір мемлекеттің азаматы (азаматша) басқа мемлекеттің азаматшасымен (азаматымен) некеге тұрған жағдайда.

-азаматтығы жоқ немесе басқа мемлекеттің азаматы болса азаматтарының бір мемлекеттің баласын асырап алғанда.

-оптация азаматтықты (таңдау). Оптация құқығы халықаралық келісімшарт негізінде немесе бір жақты тәртіпте ұсынылады. Оптацияны кең мағынада айтқанда – азаматтығы бар белгілі бір мемлекет азаматын қабылдау. Бірақ оптацияның басқа да формасы бар, азаматты болмаған, оның алдындағы азаматтықтан бас тартқан, өзімен бірге жаңа азаматтықты қабылдау әдісі.

Натурализация жағдайында белгілі бір мемлекеттің заңнамасымен қарастырылған белгілі бір шарттары болады.

Мыс: азаматтық жөнінде американдық заңнама ағылшын тілі туралы білімін, адал болуы сияқты шарттар. Сонымен қатар азаматтықты бекітпейді егер тұлға коммунист немесе атеист болса. Францияда азаматтыққа алу үшін сол мемлекетте бірнеше жыл тұру қажет, сонымен қатар кандидат жоғары моральді бет альпеті болуы қажет, биографиясында жезөкше және қаңғырушылық болмау қажет.

Азаматтықтың ауысуының тағы бір түрі бұл егер бір мемлекет территориясы басқа мемлекетке өткен жағдайда болады. Сонымен қатар азаматтықты қабылдаудың 2 түрі болуы мүмкін:

-азаматтықтың 2-ң біреуін өзінің еркімен таңдау.

-азаматтықтың автоматты өзгеруі

-трансферт – территорияның тұрғындарын бір мемлекеттен екінші мемлекетке өтуі.

Азаматтық жөнінде коллизиянды норма азаматты болмау (апатризм) немесе екі мемлекеттің азаматтығы (бипатризм) пайда болады.

Халықаралық тәжірибеде қандай да бір мемлекеттің азаматтығы жоқ тұлғалар (апатрид) болады. Мыс: әйел жағының заңнамасы, егер әйел шет ел азаматымен некеге тұрса, «әйел күйеуінің азаматтығына жүгіну» ринципін ұстанады. Бұндай жағдайларда әйел өз елінің азаматтығынан шығып, белгілі бір формальністерді орындамаған үшін күйеу жағының заңнамасы оған азаматтықты бермейді. Апатризмнің басқа да кең тараған түрі бар: азаматтықтан айырылған немесе өз қалауы бойынша бас тартуы және басқа мемлекеттің азаматтығын қабылдамауы. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мемлекетке апатризмнің келу барысында адамның бостандығы және негізгі құқығы берілу қажет. Апатридтердің болуы халықаралық және мемлекет ішіндегі құқықтың құқықтық «аномалиясы» болып табылады. Сондықтан-ақ мемлекеттер өз мемлекетінде азаматтығы жоқ тұлғалардың

санын азайтуына тырысады. Мыс: 1991жылы азаматтық жөнінде Заңының 13-ші бабына сәйкес – баланың әке – шешесі туралы еш мәлімет болмаған жағдайда, бала – ҚР азаматы болып есептеледі бұл азаматтық жөніндегі Қазақстандық заңнамада қарастырылады. Егер азаматтығы жоқ бірақ ҚР территориясының тұрақты тұрғыны болып ҚР территориясында босанса, туылған бала – 1991 жылғы азаматтық жөніндегі Заңның 14-ші бабына сәйкес ҚР азаматы болып есептеледі. Бала туылу кезінде ата – анасының біреуі ҚР азаматы болып, ал екіншісінің азаматы жоқ немесе азаматтығын жоғалтқан жағдайда, азаматтық жөніндегі Заңның 14-ші бабына сәйкес бала туылу жеріне қарамастан ҚР-ң азаматы болып саналады.

Аппатридтердің статусын қазіргі заманғы құқық 1961ж азаматтықты қысқарту жөнінде конвенция және 1954ж аппатрид статусы жөнінде конвенцияны анықтайды. Бұл халықаралық – құқықтық құжаттар бұл конвенцияға қол қйылған мемлекеттердің территориясында аппатридке ұсынылған бірнеше льготтар мен азаматсыздық жағдайларын қысқарту үшін бағытталған. Аппатризм жағдайынан аулақ жүру үшін азаматтық жөніндегі заңнамасы бойынша «қан құқық» принципі қолданылады – сонымен қатар егер екі жақтың азаматтығы болмаған жағдайда бала арқылы әкесінің немесе шешесінің азаматтық алу шарасы қолданылады. Мемлекет аппатридтерге арнайы құқықтық режим қолданады.

Бипатризмнің себебі бұл екі немесе одан да көп азаматтық – сонымен қатар әр түрлі мемлекеттердің азаматтық жөнінде заңының коллизиясы болып табылады. Аппатризм сияқты бипатризм халықаралық – құқық принциптерінің орындалуына кедергі болып тұрады. Бұндай коллизияларды шеттеу үшін мемлекет заңнамалық актілерді және халықаралық келісімшарттарды бекітеді. Бипатридтердің құқықтық статусын анықтаған кезде белгілі бір қиындықтар туғызады. Еуропалық Одақта «қос азаматтық» туралы тезисқабылданған. Бипатризммен байсалды мәселе дипломаттың және соңғылардың құқықтың заңдық қорғау кезінде туындайды. Теоретикалық көзқараста екі мемлекетте, өздерінің суверендік құқықтарына сәйкес бипатридті қорғайды. Тәжірибеде соңғы бір мемлекеттің территориясында тұра алады. Сондықтан мемлекеттің бірі өз азаматын қорғауға қарсы шығады, ал басқа мемлекет суверенді мемлекеттің ішкі компетенциясына араласпауы жөнінде айыптай алады. Бипатридтер мен үшінші мемлекетпен қатынасы өте байсалды мәселе туындайды. Бұған байланысты ХХ ғасырдың 60жылдарының басында халықаралық құқықта «қос азаматтықтың» алынуы үшін екі жақты және көп жақты келісімшарттарды бекітеді. Соңғыларына көп жақты америкааралық конвенциялар, 1963ж көп азаматтық жағдайында әскери жауапкершілік және көп азаматтық жағдайын қысқарту жөнінде батысеуропалық конвенциялар, жатады. ФРГ, Греция, Израиль елдерінің заңнамалары қос азаматтықты өте қатал шектеулі шекте ұстайды.

ҚР-ғы конституциялық нормасының 10-шы негізгі заңның 3 бабының пунктінде Республика азаматында басқа республика азаматтығы мойындамайтынын растайды. ҚР азаматтық жөніндегі заңның 3 бабының 2

бөлімінде ҚР азаматтығына басқа ел азаматтығы мойындалмайтынын анықтайды. 1993 жылғы ҚР конституциясында «қос азаматтық» мәселесін жою және жалпы құқықты белгілейді. Мыс: 1993 жылғы конституцияның 3 бабының пунктінде ҚР азаматы болып табылатын тұлға басқа мемлекет азаматына қатыстылық мойындалмайтыны туралы норма бар. 1995 жылғы ҚР Конституциясы бипатридтердің құқықтық статус мәселелері жалпы қабылданылған халықаралық стандарттармен сәйкес келеді. 1995 жылы өзгертілген 1991 жылғы ҚР азаматтығы жөніндегі заңында басқа мемлекет территориясында жасайтын қазақтарға, жаппай қуғын-сүргін, зорлықшы ұжымдық, басқа антигумандық саяси акция кезінде республика территориясын тастап кетуге мәжбүр болған қазақтарды және оның ұрпақтарын елге қайтып келулеріне барлық жағдайлар жасалып жатыр. Сондықтан да ҚР бірінғай азаматтықты суверенді мемлекеттің тұрақтылық кепілдігін, ұлттық тең құқылықтың негізін жариялайды.

ҚР-да азаматтық алудың 4 негізгі тәсілі бар:

-туылуына байланысты;

-ҚР азаматтығына қабылдану кезінде тәртіппен және себеппен ҚР мемлекетаралық келісімшарттың алдын ала қарастырылу кезінде;

-азаматтық жөнінде Заңмен қарастырылған басқа себеппен;

Қазақстанның азаматтығына қабылдануы өтініш беру арқылы болады. ҚР азаматтығына қабылдау туралы өтініш ҚР Президентімен қабылданады. Азаматтыққа қабылдау үшін мамандық цензі немесе мемлекеттік тіл білу қажет емес. Қазақстан азаматымен некеге тұрған тұлғаға кем дегенде 5 жылға дейін тұрақты тұру мекен жайы қажет емес. Қазақстанның Мемлекетаралық келісімшарты әскери қызметтің азаматтық мәселесі ҚР территориясында орналасуы және нақты әскери қызметтерде тұратынын анықтайды.

Заңның 17 бабына сәйкес ҚР азаматына қабылдамауына толық қамтылған тізім бар, егер тұлға:

1. Халықаралық құқықпен қарастырылған, ҚР тәуелсіздігімен суверенитетін біле тұра қарсы шықса, адамзатқа қарсы қылмыс жасаса;
2. ҚР территориясының біртұтастығын бұзушылыққа шақырса;
3. Халықтың денсаулығына, мемлекеттік қауіпсіздікке зақымкелтіретін құқыққа қарсы іс-әрекет жасау;
4. ҚР мемлекеттік тілінің қызмет атқаруына қарсы іс-әрекет, мемлекетаралық, ұлтаралық және діни қастандықты ұйымдастыру;
5. Террористік іс-әрекет үшін айыпталған;
6. Сот ерекше қауіпті рецидивист деп мойындаған;
7. Басқа мемлекет азаматтығында тұрады.

Азаматтықтан айырылудың екі жолы бар - өз еркімен азаматтықтан шығу және азаматтықтан еріксіз айырылу.

2.3 Дипломатиялық және консулдық құқық.

Сыртқы қатынастар құқығы мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы. Сыртқы қатынастар құқығы – сыртқы саясаттың өніміне айналып, сыртқы саясат пен дипломатияға өз әсерін тигізеді.

Сыртқы қатынастар құқығының керемет ескерткіші ретінде ХХ ғасырдың басындағы, яғни 1899 жылғы Гаага конвенциясы мен 1907 жылғы әскери іс-қимыл жөніндегі заңдар мен соғыс ережелері, құқықтары және теңіз немесе жаяу әскери соғыс болған жағдайдағы бейтарап мемлекеттердің міндеттері болып табылады. Сыртқы қатынастар құқығы ХХ ғасырда орын алған екі дүниежүзілік соғыстардың алдын ала алмады. Бірақ ол өзінің әлі келгенше әскери қимылды жүргізудегі әдістер мен тәсілдердің мүмкіндігін шектеді, сондай-ақ екі соғыс процесінде де мемлекеттер арасындағы химиялық соғысты жүргізудің алдын алды.

ХХ ғасырдың ірі оқиғасының бірі 1919 жылы Ұлттар Лигасының және 1945 жылы БҰҰ-ның құрылуы болды. Осы кезден бастап сыртқы қатынастар құқығының идеялары жүзеге асты. Құқықтық қатынастардың идеялық формаларын жүзеге асырған әмбебап ұйымға айналып, олар сыртқы қатынастар құқығының дамуына өз әсерін тигізе бастады.

Сондай-ақ, ХХ ғасырдағы маңызды халықаралық құжат – 1928 жылы қол қойылған Брианн-Келлог актісі болды. Мұнда мемлекеттерді даулы мәселелерді шешу құралы ретінде соғыстан бас тартуға шақырды. Осы актінің нормалары кейінірек қазіргі заманғы сыртқы қатынастар құқығының жалпыға бірдей нормасына айналды.

Халықаралық қатынастарда сыртқы қатынастар құқығы координациялық және реттеуші функциясын атқарады. Координациялау функциясының мағынасын мемлекеттер түрлі салада белгілі бір стандартты әрекетін бекітеді. Қабылданған стандарттар мен ережелерді сақтау – реттеуші функцияға жатады.

Сыртқы қатынастар құқығының негізін дипломатиялық және консулдық құқық құрайды. Көптеген әдебиеттерде дипломатиялық және консулдық құқық бір тақырыпқа біріктіріліп қарастырылады. Бірақ олардың өзіне тән ерекшеліктері бар. Елші де, консул да бір ведомствоның құрамында, яғни Сыртқы Істер Министрлігінде жұмыс жасайды, екеуі де белгілі бір артықшылықтарға және иммунитеттерге ие, екеуі де мемлекеттің шетелдік сыртқы қатынастар органдарында жұмыс атқарады, дегенмен, елші – саяси фигура болып табылады және аккредиттелген елдің барлық аймақтарында өз елінің атынан өкіл бола алады, ал консул тек қана консулдық аймақ шеңберінде ғана жұмыс істей алады. Сонымен қатар елшіге жалпысаяси мәселелерді шешу жүктелетін болса, консул экономикалық және құқықтық қызмет көрсетуді реттейді.

Дипломатиялық құқық түсінігі. Дипломатиялық құқық – бұл дипломатиялық қатынастар мен дипломатиялық саладағы қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын құқықтық нормалардың жиынтығы. Дипломатиялық құқықтың қайнар көзі, яғни түпнегізі 1961 жылғы дипломатиялық қатынастар жөніндегі Вена конвенциясы, дипломатиялық

қатынастар орнатуға байланысты мемлекеттер арасындағы екіжақты келісімдер, елшілік салт-дәстүр. Батыс елдерінде судьялық прецедентті де дипломатиялық құқықтық қайнар көзіне жатқызады. Дипломатиялық құқық дипломатия саласында қызмет істейді.

Халықаралық өмірді қарастырған уақытта, көбінесе, мынадай ұғымдар қолданылады: сыртқы саясат, дипломатия, дипломатиялық қызмет. Көбінде, бұл ұғымдарды бір-біріне ұқсас деп қарастырады.

Дипломатия – сыртқы саясаттың міндеттері мен мақсаттарын іске асыратын мемлекеттің қызметі. Бірақ ол бұл саясатты іске асырудағы жалғыз әдіс қатарында дипломатия айтарлықтай орын алады. Дипломатия – бұл бәрінен бұрын сыртқы саясатты бейбіт түрде жүзеге асыратын тәсіл. Дипломатияның негізгі әдісі – бұл келісімсөздер.

«Сыртқы саясат», «дипломатия», «халықаралық құқық» ұғымдары. Бастапқы екі ұғымдар ескі заманда пайда болды. Бұл ұғымдардың барлығы бір-біріне ұқсайды, себебі олар халықаралық қатынастар сферасында өмір сүреді.

Сыртқы саясат – бұл өзінің халқының талаптарымен шартталған мемлекеттің халықаралық аренадағы қызметінің бағыты. Сыртқы саясаттың жалпы жағдайын 8 мемлекеттік мекеме жасайды.

Сонымен, дипломатия дегеніміз – бұл мемлекеттің халықаралық аренадағы сыртқы саясатын іске асыратын әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. Әр мемлекеттің сыртқы саясатының талаптарын ескере отырып, әр түрлі мемлекеттің дипломаттары осы әдіс-тәсілдердің көмегімен өз елінің сыртқы саясатын іске асырады. Алайда, мақсатты іске асыру үшін, оларды жазбаша түрде, яғни соған сәйкес келісімшарттармен жүзеге асырыды. Осындай келісімшарттың жиынтығы халықаралық қатынастарды және халықаралық құқықты туындатады. Халықаралық құқық – мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы. Халықаралық құқық сыртқы саясаттың өміріне айналып, сыртқы саясат пен дипломатияға өз әсерін тигізеді. Халықаралық құқық көптеген салаларда қызмет атқарады (экономика, сауда, теңіз ісі, кеден ісі, қылмыспен күрес және т.б.).

Дипломатиялық құқықта мемлекеттің сыртқы қатынастар органдары мемлекеттік және халықаралық ұйымдар болып анықталады. Ал кластары бойынша сыртқы қатынастар органдары: а) мемлекет ішілік, яғни парламент, мемлекет басшысы, үкімет, сыртқы істер және сыртқы экономикалық байланыстар ведомстволары; б) шетелдік органдар, яғни тұрақты және уақытша. Шетелдік органдарға елшіліктер, миссиялар, БҰҰ жанындағы үкіметтер және басқа да үкіметаралық ұйымдар жатады. Шетелдік органдар саяси функцияларды жүзеге асырады және дипломатиялық өкілдіктердің барлық құқықтарын пайдаланады.

Консулдық құқық дегеніміз – бұл консулдық өкілеттіктердің қызметін реттейтін және ұйымдардың тәртібін бекітетін, консулдардың тағайындалуы мен кері қайтарылуын, олардың иммунитеттері мен артықшылықтарын, функцияларын қадағалайтын құқықтық нормалардың жиынтығы. Консулдық қатынастарды реттейтін негізгі халықаралық құжат – 1963 жылғы 24 сәуірдегі

консулдық қатынастар жөніндегі Вена конвенциясы болып табылады. Әрбір мемлекетте консулдық қызметті сыртқы істер ведомствосының консулдық бөлімі немесе консулдық басқармасы басқарады. Консулдық басқармалар консулдардың қызметінің құқықтық негіздерін қамтамасыз етеді. Консулдық қызмет негіздеріне азаматтық мәселелері, визаларды беру, құжаттарды дайындау, мұрагерлік мәселелері және мүлік құқықтары мәселелерін шешу жатады.

Дипломатиялық құқық – бұл дипломатиялық қатынастардағы, дипломатия сферасындағы қатысушылардың міндеттері мен құқықтарын анықтаушы құқықтық нормалардың жиынтығы. Дипломатиялық құқықтың қайнар көздері ретінде 1961 жылғы дипломатиялық қатынастар жөніндегі Вена конвенциясы, мемлекетаралық дипломатиялық қатынастарды, елшілік дәстүрлерді бекіту негізіне сәйкес екіжақты келісім шарттар. Батыс елдерде соттық прецедентті де дипломатиялық құқықтың қайнар көздеріне жатқызады. Дипломатиялық құқық дипломатия сферасында әрекет етеді.

Өркениетті әлемдегі дипломатиялық тәжірибе тәуелсіз мемлекеттердің сыртқы саясаттағы мүдделерінде дипломатиялық қызметтің дәстүрлі әдістерінің және жаңа нысандар мен әдіс-тәсілдерінің қолданылып келе жатқанын көрсетіп отыр. Дипломатиялық қатынас пен талқылаудың түрлі нысандары ерекше маңызға ие болуда. Оларға мемлекет басшыларының кездесуі, мемлекеттер арасында жүргізілетін жоғары деңгейдегі көп жақты келіссөздерді жатқызуға болады.

Дипломатиялық қызмет нормативтік қамтамасыз етуге, халықаралық құқықтың басқа субъектілеріне қатысты олардың жүзеге асу тәртіптеріне мұқтаж болуда. Көптеген ғасырлар бойы осы құқықтың нормалар реттеу заты бойынша салыстырмалы түрде тұрақты және дербес саланы жасап шығарды. Қазіргі таңдағы дипломатиялық құқық халықаралық құқық салаларының ішіндегі анағұрлым жүйеленген және үдемелі дамыған салалардың бірі. Дипломатиялық құқық – бұл құқықтың байырғы салаларының бірі. Ол ең алдымен елшілік құқық ретінде пайда болып, дамыған еді. XX ғ. басына қарай елшілік құқық дипломатиялық құқыққа айналды.

Дипломатия (грек тілінен - *diploma*) – мемлекет пен үкімет басшыларының, мемлекеттің сыртқы істер органдары қызметкерлерінің сыртқы саясат саласындағы саяси іс-әрекеттері. Бұған қоса дипломатияға халықаралық ынтымақтастықты орнату, кеңейту, сақтау, ұлтаралық жанжалдарды болдырмау және оны реттеу мақсатында жүргізілетін келіссөздер, халықаралық конференциялар жұмысына қатысушы делегациялардың қызметі, сондай-ақ, мемлекеттің шетел азаматтары мен мекемелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауы жатады. Президент немесе үкімет өз мемлекетінің дипломатиялық бағыт бағдарын белгілейді, ал сыртқы істер мекемелері осы бағдарды жүзеге асырып отырады. Көптеген әдебиеттерде дипломатияны «сыртқы қатынастар ғылымы» немесе «келіссөздер жүргізу өнері» деп те атайды. Дипломатия алғаш рет Шығыс елдері (Мысыр, Вавилон, Қытай, т.б) мен Ежелгі Грецияда пайда болды. Түркі елдері, оның ішінде Ғұн,

Сақ, Үйсін, Қаңлы, Оғыз, Хазар мемлекеттер, Шыңғыс хан империясы, Алтын Орда, Қазақ хандығы тарихында әлемнің әр қиырындағы елдермен жүргізілген дипломатиялық қызмет туралы деректер көп. Ежелгі Қазақстан туралы жазбалардың көпшілігі (Карпини, Рубрук, Ибн Фадлан, т.б) – осы өлкеге дипломатиялық қызметпен келгендер. Қазақ хандығы тарихында да дипломатиялық келіссөз жүргізу шеберлерінің сан түрлі үлгілері туралы деректер мол. Әсіресе қаз дауысты Қазыбек бидің Абылай ханды жоңғар ханының тұтқынынан босатуы осындай мәмлегерліктің жарқын үлгісі болып табылады.

Ежелгі заманда елшіліктер белгілі бір жағдайларға байланысты (бітімге келу, одақ құру, дау-дамайды шешу, т.б) бір елден екінші елге барып келісім жасалғаннан кейін дереу елдеріне қайтып отырған. XV ғасырдың орта тұсынан бастап халықаралық қарым-қатынастардың дамуы нәтижесінде кейбір мемлекеттер шет елдерде тұрақты елшіліктер ұстай бастады. Дипломатия термині мемлекеттік қызмет атауы ретінде тек XVIII ғасырдың аяқ кезінен бастап батыс Еуропада қолданыла бастады. Дипломатиялық тәжірибеде, негізінен кең тараған тәсілдер жоғары дәрежедегі ресми келіссөздер мен сапарлар, дипломатиялық конгрестер мен конференциялар, екі жақты және көп жақты халықаралық келіссөздер, дипломатиялық актілерді бекіту рәсімдері, шет елдердегі дипломатиялық өкілдердің күнделікті қызметінің әр алуан түрлі дипломатиялық хат алмасулар т.с.с қолданылады.

Дипломатия түсінігінің анықтамасына келетін болсақ, «дипломатия – сыртқы қатынастар туралы ғылым. Оның негізінде монархтардан шығатын дипломдар мен жазбаша актілерді игеру жатады; «дипломатия мемлекеттердің шетел істер немесе сыртқы қатынастар жөніндегі ғылым, немесе халықтардың мүдделерін өзара келістіретін өнер, дәлірек айтсақ, келіссөздердің өнері және ғылымы» (бұл соңғы анықтаманы берген ресейлік зангер-дипломат Ф.Мартенс). Дипломатия – бұл мемлекеттер арасындағы көпшілік (публичный) істерді дұрыс жүргізуге қажетті принциптер мен білімдердің жиынтығы» Мәскеуде Сыртқы істер министрлігінің қамқорлығымен шығарылған Дипломатиялық сөздікте (бас редакторы А.А.Громыко) мынадай анықтама беріледі.: «Дипломатия – мемлекеттердің сыртқы саясатының міндеттері мен мақсаттарын жүзеге асырудағы, сондай-ақ шекарадан тыс мемлекеттің мүдделері мен құқығын қорғау жөніндегі арнайы сыртқы қатынастар органдары мен үкіметтердің және мемлекет басшыларының принциптік қызметі».

Сонымен дипломатия – бұл ғылым және өнер. Кейбір батыс дипломаттар дипломатияны ғылымнан гөрі көбірек өнер деп санайды. Осылай олар дипломаттардың келіссөздерге қатысушы ретіндегі жеке қасиетіне көп мән береді.

2.4 Адам құқықтарының халықаралық құқығы.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыта отырып, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мекемесі Париж принциптеріне сүйену керек, ол адам құқықтарын қорғау және көтермелеу мәселелері бойынша құзыретті Біріккен

Ұлттар Ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесіндегі кез келген басқа ұйымдармен, басқа мемлекеттердің аймақтық мекемелері мен ұлттық мекемелерімен ынтымақтастықты ұлттық құқық қорғау мекемелерінің бірден-бір қызметі ретінде көрсетеді. Адам құқықтары жөніндегі уәкілеттінің құқық қорғау мүмкіндіктерін кеңейткен Мемлекет басшысының 2004 жылғы 29 қарашадағы № 1474 «Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін болашақта жетілдіру туралы» Жарлығы халықаралық ынтымақтастықты дамыту бойынша қызметтерінің маңыздылығын атап өтіп, адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдар мен басқа да үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының жұмысына қатысу құқығы омбудсменге бекітілді. Халықаралық ынтымақтастық саласында Адам құқықтары жөніндегі уәкілеттінің халықаралық және аймақтық құқық қорғау форумдарына қатысуы барынша маңызды болып табылады. 2005 жылғы 11-15 сәуір аралығында Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті Женева қаласында өткен БҰҰ адам құқықтары жөніндегі комиссиясының 61-сессиясының күн тәртібіндегі 16-19 тармақтарын талқылауға қатысты. Адам құқықтары жөніндегі комиссиясының сессиясы нақты халықаралық құқық қорғау форумдары болып табылады. Адам құқықтары жөніндегі халықаралық құқықтар негізін әзірлеу үшін 1946 жылы құрылған комиссиясы уақыт өте адам құқықтары саласындағы бірқатар проблемаларға ықпал ете алатын органға айналды. БҰҰ мүше мемлекеттердің 53 мүшесінен тұратын комиссия жыл сайын өзінің алты аптаға созылатын сессиясын шақырады, онда орташа алғанда адам құқықтарын сақтауға қатысты жүзден аса шешім қабылданады. Сессияда Адам құқықтары жөніндегі уәкілеттімен күн тәртібінің 17-тармағының b) «Ұлттық мекемелер мен аймақтық іс-шаралар» және 17 с) «Ақпарат және білім беру» бойынша екі баяндама жасалды. Баяндамаларда қазақстандық омбудсмен мекемесінің халықаралық қызметі, бірлескен жобалар шеңберінде халықаралық ұйымдармен бірлестігі баяндалды, Уәкіл институтының ағарту және білім беру бастамаларына баға берілді. Ағылшын тіліндегі баяндамалардың мәтіндері www.unchr.info веб-сайтында орналастырылды.

2005 жылғы 8-9 маусымда Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті қазақстандық делегация құрамында Кордова қаласында (Испания) өткен ОБСЕ антисемитизм және шыдамсыздықтың өзге де нысандары бойынша конференциясының жұмысына қатысты. Конференция сессиясында БПҚ-тағы антисемитизмді үгіттеу мәселелері, оқушыларға Холокоста тарихын оқыту, мұсылмандарға, христиандар және ОБСЕ-ге қатысушы мемлекеттердің өзге дін мүшелеріне қатысты кемсітушілік мен шыдамсыздыққа қарсы күресі, сондай-ақ үкімет, азаматтық қоғам, жалпы білім беретін мектептер және бұқаралық ақпарат құралдарының нанымдардан сақтау және шыдамдылықты көтермелеудегі рөлі талқыланды. Конференцияға қатысушылар антисемитизм, нәсілшілдік, ксенофобия, дінаралық шыдамсыздық және кемсітушіліктің өзге де формаларының пайда болуын айыптайтын және ОБСЕ-ге қатысушы мемлекеттердің олардың алдын-алу бойынша шаралар кешенін қолдануға

шақыратын Кордова декларациясын қабылдады. Конференцияда қазақстандық делегация ұлтаралық, конфессияаралық және қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету, адам құқықтары мен бостандықтары құқықтарын сыйлау және шыдамдылық мәдениетін қалыптастыру бойынша мемлекеттің оң тәжірибесімен таныстырды.

Шет елдердің омбудсмен мекемелерімен ынтымақтастық шеңберінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті мен оның мекемесінің қызметкерлері үш халықаралық конференция жұмысына қатысты. 2005 жылғы 31 мамыр мен 1 шілде аралығында Мәскеу қаласында Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті «21 ғасыр басында жалпы либерализация үрдістерін және қоғамдық процестерді ізгілендіру контексінде Ресей, ТМД және Балтық елдеріндегі адам құқықтарының мониторингі» халықаралық конференциясының жұмысына қатысты, ол Ресей Федерациясындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілі В.П. Лукин және Конрад Аденауэр қорымен ұйымдастырылды. ТМД, Балтық елдері және Ресей аймақтарының ұлттық омбудсмендері қатысқан конференцияда Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті қатысушыларды қазақстандық омбудсмен мекемесінің құқық қорғау мониторингін өткізу тәжірибесімен таныстырды. 2005 жылғы 10-15 мамыр аралығында Карловы Вары (Чех Республикасы) қаласында Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті және Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық орталық басшысы «Эдукон Прага» чех үкіметтік емес ұйымының қолдауымен Еуропада және ТМД-да ПРООН аймақтық бюросының ұйымдастыруымен өткізілген 5-аймақтық Еуропа және ТМД мемлекеттері омбудсмендері дөңгелек үстелінің жұмысына қатысты. Дөңгелек үстелде кемсітушілік мәселесі бойынша шағымдарды қабылдау бойынша тәжірибе алмасу, бостандықтарынан айыру орындарында ұсталатын шағымдар мен адам құқықтарын қорғау қарау рәсімдері бойынша басшылық бекітілді, 2005 жылға іс-шаралар жоспары келісілді, 2010 жылға дейінгі аймақтық ынтымақтастық болашақтары талқыланды.

2005 жылғы 28-30 қараша аралығында Прага қаласында Еуропа және ТМД-да ПРООН аймақтық бюросымен өткізілген 6-аймақтық Еуропа және ТМД мемлекеттерінің омбудсмендері дөңгелек үстеліне Азаматтардың өтініштері жөніндегі бөлімнің бас сарапшысы М.К.Қасенова қатысты. Дөңгелек үстелде басты назар омбудсмендердің сот билігімен өзара қарым-қатынасы, сондай-ақ омбудсмендердің түрлі кемсітушілік нысандарының алдын алудағы рөлі мәселелеріне бөлінді. Адам құқықтары жөніндегі уәкілеттінің шет елдердің омбудсмендері мекемелерімен ынтымақтастығына тарту тәжірибе алмасу және ең жақсы тәжірибені үйрену көзқарасынан ғана емес, шет елдердегі Қазақстан азаматтарының және Қазақстандағы шет ел азаматтарының бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қайта қалпына келтіруге жәрдемдесу деболыптабылады.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілеттінің және осы мекеме қызметкерлерінің халықаралық ұйымдармен ұйымдастырылатын іс-шараларға қатысу практикасы жалғасып келеді. Іс-шараларға қатысу үнемі баяндама оқумен жалғасады. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мекеме көбінесе ОБСЕ

демократиялық институттары және адам құқықтары жөніндегі бюросының (БДИПЧ) жәрдемдесуімен немесе қатысуымен өткізілетін іс-шараларға қатысады, олар талқыланып жатқан проблеманың өзектілігімен, нәтижеге жетуге мақсаттылығымен ерекшеленеді. ОБСЕ өткізетін барлық дерлік іс-шаралар ұсыныстар енгізумен аяқталады. Олардың арасында мыналарды атап өтуге болады:

«Алдын-ала қамау орындарында адам құқықтарын сақтау мониторингі» тренингтік семинары (Алматы, 2005 жылғы 15-29 наурыз); «Қазақстан Республикасында алқа билерін енгізу: теория және практика проблемалары» дөңгелек үстел (Алматы, 2005 жылғы 17 наурыз, қосалқы ұйымдастырушылар: ҚР Жоғарғы соты, ҚР адвокаттар Одағы, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл);

«Орталық Азияда бірлестік бостандықтары мен кейбір жиындарды құқықтық реттеу: проблемалары және болашақтары» халықаралық конференциясы (Алматы, 2005 жылғы 31 наурыз - 2 сәуір, ұйымдастырушылар ішінде Халықаралық коммерциялық емес орталығы, ҚР СІМ және Қазақстан Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі халықаралық бюросы); «Қазақстан Республикасының адам құқықтары және қауіпсіздік саласындағы заңнамасы және халықаралық стандарттары» форумы (Астана, 2005 жылғы 22 сәуір, қосалқы ұйымдастырушылар: ҚР Президенті жанындағы адам құқықтары жөніндегі комиссиясы, ҚР Еуропа комиссиясы делегациясы); «жеке тұлға қол сұғылмаушылықты қамтамасыз ету саласындағы халықаралық стандарттар: қамауды соттық санкциялау» дөңгелек үстелі (Астана, 2005 жылғы 26 сәуір, қосалқы ұйымдастырушы: ҚР Парламенті); Қазақстанның кризистік орталығының заңгерлері үшін республикалық университет шеңберіндегі семинар (Алматы, 2005 жылғы 27-29 сәуір, қосалқы ұйымдастырушы: «Қазақстанның кризистік орталық одағы»ЗТБ); «Қазақстан Республикасының тұрақты және серпінді дамуындағы Конституцияның рөлі» конференциясы (Алматы, 2005 жылғы 3-4 сәуір, ұйымдастырушылар: ҚР Конституциялық Кеңесі, ҚР Әділет министрлігі, Қазақстан халықаралық адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі бюросы);

«Бірігу бостандығына құқық – Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамның болашағы» (Астана, 2005 жылғы 28 қыркүйек); адам құқықтары саласында білім беру мәселелері бойынша ақпарат алмасу жөніндегі кездесулер (Алматы, 2005 жылғы 29 маусым, Астана, 2005 жылғы 28 қыркүйек);

«Қазақстандағы ювенальды әділет» жобасы шеңберінде «Кәмелетке толмағандардың істері бойынша соттық тергеу» сараптама кеңесінің кеңейтілген мәжілісі (Астана, 2005 жылғы 6 шілде, қосалқы ұйымдастырушылар: ҚР Жоғарғы соты, «Сорос-Қазақстан» қоры, Ашық қоғамның құқықтық бастамасы); «Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысындағы азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету» ҚР Конституциясының 10-жылдығына арналған (Астана, 2005 жылғы 26 тамыз,

қосалқы ұйымдастырушылар: Парламент, Жоғарғы Сот, ҚР Бас прокуратурасы); «Ұлттық әрекет жоспарының жобасы және Қазақстан Республикасында адам саудасы құрбандарын қайта қайтару ұлттық механизмін енгізу мәселелері» (Бурабай, 2005 жылғы 20-21 қыркүйек, қосалқы ұйымдастырушылар: ҚР Әділет министрлігі); «Өмір сүруге құқық: Орталық Азиядағы өлім жазасының баламасы» халықаралық конференциясы (Алматы, 2005 жылғы 7 қараша). Сондай-ақ, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мекемесі БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) іс-шараларына қатысты: «Бала құқықтары және йод тапшылығы бұзушылығы мен темір тапшылығы анемиясын алдын-алу туралы Конвенциясының мониторингі бойынша жергілікті билік органдарының міндеттері» (Астана 2005 жылғы 25 қаңтар); «БАҚ-тағы балалар тақырыбы: проблемалары мен болашақтары» тренинг семинары (Астана қаласы, 2005 жылғы 26-27 мамыр); Әлемдегі балалар жағдайы, 2005 жыл: Балалыққа қауіп төніп тұр» жыл сайынғы баяндаманың таныстырылуы (Астана, 2005 жылғы 1 маусым); Бала құқықтары жөніндегі БҰҰ Конвенциясының ережелерін іске асыру бойынша ведомствоаралық жұмысшы топтың мәжілісі (Астана, 2005 жылғы 14 маусым, 2005 жылғы 14 шілде); «Әділ сотты қайта қалпына келтіру бағдарламасының жазғы мектебі» семинары (Алматы, 2005 жылғы 28-30); Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған алғашқы интеграцияланған балалар шығармашылығының фестивалі (Астана, 2005 жылғы 11 қараша); «Бала құқығы және БАҚ. Қазақстан балалары мен жастарына арналған ұлттық желі» бұқаралық ақпарат құралдарына арналған семинар (Алматы, 2005 жылғы 17-19 қараша); «Бала құқықтары мен мүдделерін қорғау» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Астана, 2005 жылғы 24 қараша). Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті және осы мекеменің қызметкерлері басқа халықаралық ұйымдардың өкілдіктерімен ұйымдастырылған конференцияларда, семинарларда, дөңгелек үстелдерде, форумдарда, тұсаукесерлерде қатысу практикасы жалғасып келеді, олардың ішінде мыналарды атап өтуге болады: Еуропа Одағы мен Қазақстан Республикасы арасындағы әділ сот пен құқықтық тәртіп жөніндегі шағын комитеттің үшінші мәжілісі (Астана, 2005 жылғы 1 ақпан, ұйымдастырушылар: ҚР СІМ, ҚР Еуропа Одағы делегациялары); Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық әрекет жоспарын әзірлеу туралы мәселені талқылау бойынша дөңгелек үстел (Астана, 2005 жылғы 12 сәуір, ұйымдастырушылар: ҚР Президенті жанындағы адам құқықтары жөніндегі комиссиясы, БҰҰ дамыту бағдарламасының Қазақстандағы өкілдігі); «Кедейшілікті төмендету бағдарламасына гендерлік аспектілерді енгізудің өзекті аспектілері» семинары (Астана, 2005 жылғы 14 сәуір, ҚР Президенті жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссиясы, Азия Даму банкі); «Гендер және саясат» семинары (Астана, 2005 жылғы 18-19 сәуір, ҚР Президенті жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссиясы, «Отбасы» депутаттық тобы, «Гендер және даму» БҰҰ Бюросы және «Sprangbradan» швед консалтингтік компаниясы); Инъекциялық жолмен есірткіні пайдаланатындарға, ВИЧ/СПИД-пен ауыратын адамдарға қатысты және аймақтағы олардың құқықтарының мониторингіне

қатысты адам құқықтарын сақтау мәселелері бойынша тренингі (Алматы, 2005 жылғы 28 маусым-7 шілде, «Сорос-Қазақстан» қоры, Адам құқықтары жөніндегі Хельсинкий қоры). Адам құқықтары жөніндегі уәкілеттінің аталған іс-шараларға қатысу практикасы халықаралық ұйымдар Қазақстандағы адам құқықтары идеясын, осы процеске мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарын тарта отырып, қарқынды дамытатындығын білдіреді деп қорытындылауға мүмкіндік береді. Мәселелерді талқылау Қазақстанда өткізілген құқықтық реформалар саласында халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша Орталық Азия аймағында бірізді және маңызды болып табылатын конструктивті сипат алады. Қазақстандық омбудсмен мекемесі халықаралық ұйымдар мен шет елдер елшіліктерінің назар аудару объектісі болып табылады. ЮНИСЕФ, Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссары Басқармасы, ОБСЕ, Еуропалық Одақ өкілдерімен, шет елдер елшіліктерімен оқтын-оқтын кездесулер өткізіліп отырады. Алматы қаласындағы ОБСЕ Орталығының басшысы, елші Ивар Виккимен, БҰҰ Балалар қорының өкілдігінің басшысы А.В. Зувепен, БҰҰ босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссары Басқармасының Астана қаласындағы офисінің басшысы Бронислав Коичпен тұрақты байланыстар жасалып тұрады. 2005 жылы қазақстандық омбудсмен мекемесінде «Еуропа халық партиясы – еуропа демократтары» Еуропарламент саяси фракциясының мүшелері Гиерги Шепфлин және Саймон Ковани, Фракция хатшылығының кеңесшісі А.Валь (2005ж. 1 маусым), Нидерланды СІМ адам құқықтары жөніндегі елшісі Пит де Клерк, Нидерланды СІМ департаментінің директоры Ян Лукас Ван Хорн және Нидерландының Қазақстан Республикасындағы елшісі Петер Ван Леувен (2005 ж. 7 қараша), БДИПЧ/ОБСЕ миграция жөніндегі сарапшысы Алина Брашовеану (2005 ж. 7 маусым), БДИПЧ/ОБСЕ терроризм мәселелері жөніндегі кеңесшісі Сьюзен Алегра, Алматыдағы ОБСЕ орталығы бөлімінің меңгерушісі Питер Фельх, ОБСЕ сарапшысы Майкл Тойнби (2005 ж. 2 тамыз), Орталық Азия бойынша ОБСЕ төрағасының өкілі Алоиз Петерле, оның көмекшілері Митя Моцник және Арманда Пуполс (2005 ж. 2 қараша), АҚШ Мемдепартаментінің Қазақстан бойынша кеңесшісі Элизабет Рамборген (2005 ж. 19 шілде), Түркия Республикасы Әділет министрлігінің делегациясы әділет министрі Жемил Чичек бастаған (2005 ж. 15 қыркүйек) өкілдер болды. Адам құқықтары жөніндегі уәкілеттінің тікелей кездесулері халықаралық ұйымдар мен шетелдік өкілдіктердің өкілдерін ұлттық құқық қорғау мекемелері жұмысы туралы жақсы білу ғана емес, сондай-ақ адам құқықтары жөніндегі өзекті мәселелер мен Қазақстанда құқықтық жүйесін қалыптастыру жобаларын талдауға мүмкіндік береді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мекемесі мамандарының шетелде біліктілігін көтеру практикасы жалғасын тапты. Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық орталықтың қызметкерлері БҰҰ босқындары істері жөніндегі Жоғарғы Комиссар Басқармасымен Сан –Ремо қаласында (Италия), Адам құқықтары және гуманитарлық құқық жөніндегі Рауль Валленберг институтымен Лунд қаласында (Швеция) және Белградта (Сербия), Канада адам құқықтары жөніндегі қорымен Монреал қаласында (Канада), АҚШ

Мемлекеттік департаментімен Вашингтонда, Мемфисте, Сан-Диего және Нью-Йоркте (АҚШ), Голландия мемлекеттік басқару институтында Амстердамда және Брюссельде (Нидерланды, Бельгия), «Гендер және дамыту» ПРООН Бюросы Швеция және Литвадағы омбудсмендер офистерінде ұйымдастырылған оқу бағдарламалары мен курстар шеңберінде адам құқықтарын қорғау мәселелерінің теориялық және практикалық мәселелерін зерттеу мүмкіндігін алды. 2005 жылғы 24-28 мамырда Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық орталықтың азаматтардың өтініштері бойынша бөлім меңгерушісі А.Т. Валиева АҚШ мемлекеттік департаментінің (Халық, босқындар мен мигранттар істері жөніндегі бюросы), Ирландия және ACNUR Испания (Италия, Сан-Ремо) қолдауымен, БҰҰ босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссар басқармасымен ұйымдастырылған босқындар проблемалары жөніндегі отыз төртінші оқыту курстарына қатысты. Аталған курстардың мақсаты – босқындардың құқықтарын қорғау саласында халықаралық нормалармен танысу, тарату және оқыту болып табылады. Оқыту босқындар құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық және аймақтық құралдармен, босқындардың жағдайын жақсарту және үйлесім әдістерін, сондай-ақ ұлттық деңгейде халықаралық құқық қорғау стандарттарын орындау және практикада қолданудың қазіргі әдістерімен мұқият танысуға мүмкіндік берді. 2005 жылғы 12 мамырдан 4 маусым аралығында Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың қызметкері А.Х. Арынов «Международные визитеры» бағдарламасы шеңберінде АҚШ Мемлекеттік департаментімен ұйымдастырылған «АҚШ сыртқы саясаты мен адам құқығы» АҚШ аймақаралық оқыту сапарына қатысты. Бағдарлама төрт кезеңнен тұрды. Бірінші кезең Вашингтонда өтті, онда АҚШ сыртқы саясаты және адам құқықтары мәселесіне арналды, кездесулер АҚШ конгресінде, Мемлекеттік департаментте, Әділе департаментінде, «Еуразия қоры», «Фридом Хаус», «Хельсинкий комитеті» және басқа да халықаралық ұйымдарда өткізілді. Екінші кезең Мемфис қаласында (Теннеси штаты) өтті және Мартин Лютер Кингтің азаматтық құқық, нәсілдік кемсітушілік проблемалары үшін қозғалыстарының тарихын зерттеуге арналды. Сан-Диего қаласында (Калифорния штаты) өткен үшінші кезең адамдар трафигі, заңсыз миграциямен күрес, шекараға жақын проблемаларды реттеу мәселесін зерттеу мақсатын ұстанды. Нью-Йоркте өткен төртінші кезеңде қатысушылар БҰҰ жүйесі мекемесінің жұмысымен танысты. Сапар қорытындысы бойынша АҚШ өзінің сыртқы саясатында адам құқығы проблематикасын белсенді пайдаланады деп қорытынды жасауға болады. Сондай-ақ, АҚШ ұстанымдары мемлекеттің негізгі халықаралық құқық қорғау құжаттарына қосылмауы және нәсілдік кемсітушілік мен өзге де адам құқықтарын бұзу нысандарына жол беруінде оның осалдығы байқалады. 2005 жыл бойы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мекеменің қызметкерлері Адам құқықтары және гуманитарлық құқық жөніндегі Рауль Валленберг институтымен (Лунд, Швеция) ұйымдастырылған және Швед халықаралық даму жөніндегі агенттігімен қаржыландырылатын Еуропа және

Орталық Азия мемлекеттері үшін екі аймақтық бағдарламада оқытудан өтті.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық құқық субъектілерінің қанша түрлерін білесіз?
2. Халықаралық құқық субъектілерінің мазмұны неде?
3. Ең маңызды субъектілерінің бірі - мемлекет жөнінде не айта аласыз?
4. Халықаралық ұйымдардың атқарар ролі қандай?
5. Халықаралық құқықтағы мирасқорлық институтын қалай түсінесіз?
6. Мемлекеттік аумақ дегеніміз не?
7. Екіжақты және көпжақты дипломатияны қалай түсінесіз?
8. Дипломатиялық құқықтың түсінігі мен оның қайнар көздерін атаңыз.
9. Халықаралық ұйымдар өкілдіктерін тағайындау және оның міндеттері мен құрамын белгілеу қалай жүргізіледі?
10. Дипломатиялық өкілдік қызметінің негізгі функциялары қандай?

III-тарау. Халықаралық экологиялық, әуе және теңіз құқықтары.

3.1 Халықаралық теңіз құқығы.

Мемлекеттер түрлі мақсатта теңіздер мен мұхиттар кеңістігін пайдаланады: жүзу үшін, ғылыми зерттеулер үшін, теңіздің жанды және жансыз ресурстарын алу үшін. Көріп отырғандай, теңіз қызметі алуан түрлі және соған сәйкес толық және жан-жақты халықаралық- құқықтық реттеулерді талап етеді.

Планетадағы теңіз кеңістігін былай топтауға болады: 1) мемлекет егеменділігінде орналасқан кеңістік; 2) қандай да болмасын мемлекеттік заңдастырулардан бос кеңістік. Территориялар мен шекаралар жөніндегі тақырыпта көрсетілгендей территориялық сулар, ішкі теңіз сулары, өзендер, көлдер мемлекеттің ішкі территориясын құрайды. Сонымен қатар сулардың әртүрлілігі бір бірімен құқықтық мәртебесімен ерекшелігімен айрықшаланады.

Халықаралық теңіз құқығы - әлемдік мұхитта іске асырылатын қызметімен байланысты халықаралық құқық субъектісі арасындағы қатынастарды орнататын нормаларды құрайтын халықаралық құқықтың бөлігі.

Халықаралық теңіз құқығы халықаралық құқықтың ең көне саласы болып табылады. XX ғасыр бойы қабылданған көптеген конвенциялар оның қайнар көзі болып табылады. 1923 жылы теңіз порты жөніндегі Женева конвенциясы алғашқы қайнар көздері болып табылады. Онда мемлекеттер өздерінің портына шетел кемелерін кіргізу, кіргізбеуді өзі шешуге құқылы делінген норма бекітілген.

1958 жылғы теңіз құқығы жөніндегі БҰҰ-ның I Женева конференциясы әдеттегі нормаларды келісімшарттыққа өзгеруіне әкелді. Бұл конференциялардың нәтижесі ашық теңіз, территориялық теңіз, жағаға жақын аймақ, континентальды шельф, балық аулау және ашық теңіздің тірі ресурстарын қорғау туралы конвенциялар болды.

Теңізді пайдалануды реттеудің жаңа режимі 1967 жылдан бастап жүзеге асырылды. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында жалпы адамзат мұрағатының концепциясы талқыланды. (Әлемдік мұхит жазығы және түбі). Мұхит және теңіз түбін бейбіт пайдалану мәселелерін зерттеу мақсатында теңіз түбі жөніндегі Комитет қызмет атқарады.

БҰҰ-ның теңіз құқығы жөніндегі Конвенциясы Халықаралық теңіз құқығының маңызды қайнар көзі болып табылады. Бұл конвенцияға 1982 жылы 10 желтоқсанда Монтего-Бееда (Ямайка) қол қойылды. Конвенция мәтіні 1973-1982 жылдардағы сессияларда талқыланды.

Конвенцияның құрамында делимитация мәселелері мен теңіз ортасын ластауды бақылау, ғылыми зерттеу мен теңіз мәселелері жөніндегі дауларды реттейтін 320 баптар мен 9 қосымшалар бар.

Әлемдік аренада еркіндікке шыққан мемлекеттер топтары пайда болып, олардың мүдделері мен талаптарына сай келетін жаңа теңіз құқығын құруды талап еткендіктен жаңа Конвенция қабылданды. Сондай-ақ қабылданған жаңа Конвенциялар ғылыми-техникалық революция нәтижесіндегі әлемдік мұхитты соның ішінде оның ресурстарын игерудің жаңа мүмкіндіктерінің пайда болуымен шартталды.

Конвенция халықаралық теңіз құқығының барлық принциптерін сақтайды. Оған кеме жүзу еркіндік принципі, территориалық сулардан өту құқығы, теңіз кемелерінің кедергісіз транзиттік өтуі және халықаралық бұғаз статусы бар бұғаздардан ұшатын аппараттардың ұшып өту құқығы жатады.

Территориялық сулар. 1982 жылғы Конвенцияда территориялық теңіз мәселелері реттелген. «Конвенцияның екінші бабында - жағалауда орналасқан мемлекеттер егеменділігі оның ұлттық территориялары мен ішкі суларынан тыс таралады». Осы баптың 2 пунктінде көрсетілген суверенитет территориялды теңіз үстіндегі ауа кеңістігінде сондай-ақ оның түбі мен жер қойнауларына таралады. Мемлекеттің территориялық теңізінің ені 12 теңіз милінен аспау керек; территориялық теңіздің сыртқы шекарасы сызық болып келеді, негізгі нүктеге жақын орналасқан әрбір нүкте территориялық су еніне тең (3 және 4 баптар).

Территориалды теңіз сызығының негізгі нүкте жағында орналасқан сулар мемлекеттің ішкі суының бөлігін құрайды (Конвенцияның 8 бабы).

Конвенцияның 15 бабы қарсы немесе көршілес жағажайдағы мемлекеттердің арасындағы делимитацияны (бөлу) орнатады. Егер екі мемлекеттің жағасы бір біріне қарсы немесе қосылып жатса, ешқайсысы, егер, ол туралы келісім болмаса өзінің территориялық теңізін орталық сызыққа таратуға құқығы жоқ.

Конвенцияның көрсетілген барлық шарттарын сақтау кезінде, барлық мемлекеттердің кемелері, оның ішінде жағалаудағы кемелер мен теңізге шыға алмайтын кемелер территориалды теңіз арқылы бейбіт өту құқығын қолданады. Өту түсінігі Конвенцияның 18 бабында анықталған. Өту деп территориалды теңіз арқылы а) ішкі суға кірмей немесе рейдке немесе ішкі судан тыс портқа тұрмай теңізден өту, б) ішкі суға өту немесе одан шығу немесе рейдке тұру. Сонымен қатар, өту тез және толассыз жүзеге асырылу шарты қойылады.

Сондай-ақ бейбіт өту түсінігі болады. Егер жағалаудағы мемлекеттің қауіпсіздігі мен бейбітшілігі бұзылмаса, өту бейбіт деп танылады. Сонымен қатар 19 баптың 2 пунктінде шетел кемелерінің өтуі жағалаудағы мемлекеттің қауіпсіздігі мен бейбітшілігін бұзуды білдіретін әрекеттердің толық тізімдері анықталған.

Шетел кемелеріне қатысты мемлекеттердің юрисдикциясы. Коммерциялық мақсатта қолданылатын мемлекеттік кемелер мен сауда кемелеріне қолданылатын ережелер болады.

Территориялық теңіз арқылы өтіп бара жатқан шетел кемелерінің ішінде жағалаудағы мемлекеттің қылмыстық юрисдикциясы жүргізілмейді. Басқаша сөзбен айтсақ, жағалаудағы мемлекеттің билігі шетел кемесінің ішінде қандай да бір тұлғаларды тұтқындап, өту кезінде кеме ішінде болған қандай да бір қылмысқа байланысты тексерулер жүргізе алмайды. Бірақ, егер, қылмыстың нәтижесі жағалаудағы мемлекетке таралып, оның тыныштығы мен территориялық тәртібін бұзған жағдайда, немесе егер кемең капитаны, мемлекеттік тудың дипломаты, консулы жергілікті билікке көмек көрсету өтінішін білдірсе, егер есірткі мен психотропты заттарды заңсыз өткізуге қарсы

шаралар қажет етілсе, жағалаудағы мемлекет өзінің юрисдикциясын шетелдік кемелерге тарата алады.

Бұғаздар мен архипелагтардың құқықтық мәртебесі. Конвенция халықаралық кеме жүзуге арналған бұғаздар режимін реттейді. Бұғаздарда барлық кемелер мен ұшатын аппараттар транзиттік өту құқығын пайдаланады, сондай-ақ оларға кедергі жасалмауы тиіс.

Кемелер мен ұшатын аппараттар бұғаз арқылы немесе оның үстінен кешіктірулерсіз, бұғазбен шекаралас мемлекеттің территориялық тұтастығы мен егеменділігіне қарсы күш көрсетулер мен қауіп төндіруден тартынып өтулері қажет. Кемелер транзиттік өту кезінде теңіздегі қауіпсіздікке байланысты халықаралық ережелерді сақтау қажет.

Бұғаздармен шекаралас мемлекеттер бұғаздарда теңіз коридорын, сондай-ақ халықаралық кеме жүзуінде қолданылатын бұғаздарды бөлу схемасын орната алады және олар транзиттік өтулерге бөгет жасамауы тиіс.

Конвенцияда сонымен қатар архипелаг-мемлекеттердің мәртебесі реттелген. Архипелаг-мемлекеттердің егеменділігі аралдарға, территориялық суларға, құрлық пен су үстіндегі әуе кеңістігіне, сондай-ақ жер қойнаулары мен су түбіне таралады.

Архипелаг-мемлекеттер шетел кемелерінің оның суы арқылы тез және тоқтаусыз өтуге икем келетін әуе және теңіз коридорларын орнатуға құқылы.

3.2 Халықаралық әуе құқығы.

Халықаралық әуе құқығы - бұл құқықтық нормалар мен институттар жиынтығын көрсететін, әуе кеңістігін пайдалану және әуе қатынастарын ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін осы заманғы халықаралық құқықтың бір саласы.

Бұл құқықтық нормалар мыналарды реттейді:

- халықаралық ұшу және әуе кеңістігінің режимі;
- шетелдік әуе кемелеріне мемлекеттердің ұшу құқығын беру тәртібі мен шарттары;
- мемлекеттің әуе кеңістігінде ұшу ережелері;
- шетелдік әуе кемелері мен олардың экипаждарына қойылатын талаптар;
- әуежайларды, аэродромдарды, радиотехникалық құралдарды пайдалану тәртібі мен шарттарын реттейді.

2. Әуе көлігі қызметі:

- ұшу аппараттарына мемлекеттің әуе кеңістігінде ұшуға рұқсат берілген шетелдік әуе-көлік кәсіпорындарының коммерциялық қызметін;
- шетелдік әуе-көлік кәсіпорындарына халықаралық әуе желілерін пайдалануға рұқсат беретін тәртіптер мен шарттарды;
- шетелдік әуе кемелерінің қону бекеттеріндегі коммерциялық құқықтарының ауқымын; осы мемлекеттің аумағынан өтетін әуе кемелерінің халықаралық әуе желілерін пайдалану шарттарын реттейді.

Халықаралық әуе құқығының даму тарихын үш кезеңге бөлсек, бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар олардың шекарасы болып табылады.

Бірінші кезең ішінде негізінен халықаралық әуе құқығының теориясы қалыптасты. Әуе кеңістігінің заңдық табиғаты жөнінде халықаралық құқықтық қоғам көптеген пікірталастар жүргізді. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында авиациялық техниканың кеңінен дамуы және майдандарда ұшақтардың барлау және соғыс мақсатында ойдағыдай қолданылуы, әуе құқығы мәселелері бойынша алғашқы ұлттық заңдардың қалыптасуына себеп болды. Сөйтіп, халықаралық әуе құқығының теориялық даму кезеңі аяқталды.

Осы құқық саласының екінші даму кезеңі мемлекеттің өз әуе кеңістігінде толық және ерекше егемендігін тәжірибе жүзінде іске асыратын қағидаға арналады. Бұл қағида халықаралық-құқықтық сенімге ие болып, көптеген мемлекеттің ұлттық заңдарында бекітілген. Соғыс аяқталған соң әуе кеңістігінде мемлекеттік егемендік қағидасы үш көп жақты конвенцияда бекітілген: 1919 ж. Париж Конвенциясы, 1926 ж. Мадрид Конвенциясы және 1928 ж. Гавана Конвенциясы. Париж Конвенциясы әуе кеңістігінің режимі жөніндегі мәселені қарама-қайшы екі шешімде мазмұндайды. Бір жағынан ол мемлекеттің әуе кеңістігінде толық және ерекше егемендік қағидасын бекітті, екінші жағынан ауа еркіндігі аумағы біршама жеңілдіктер жасады, сөйтіп ол конвенциядағы басқа мемлекеттердің аумақтарының үстімен азаматтық әуе кемесінің зиянсыз ұшуын шешіп берді.

Осылай, Конвенция мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды көрсетумен қатар, мемлекеттік егемендік теориялар арасындағы және ауа еркіндігі жөніндегі келісімді белгілеп берді. Антантаның алдыңғы қатарлы державалары ерекше құқыққа ие болды. Париж конвенциясы екінші дүниежүзілік соғыстың басына дейін өмір сүріп, 1944 ж. Чикаго конвенциясы қабылданғаннан кейін ресми түрде алынып тасталды.

Мадридтік әуе навигациясы туралы Конвенция Иберия түбегі (Испания және Португалия) мемлекеттері мен латынамерикандық мемлекеттер арасында 1926 ж. қабылданды. Осылай Мадрид конвенциясы Париж конвенциясы режиміне қарсы саяси демонстрация болды. Дегенмен бұл Конвенция тәжірибе жүзінде жетістіктерге жете алмады, өйткені оны 6 мемлекет ғана бекіткен еді. АҚШ бастамасы бойынша жасалған американдық мемлекеттер конференциясында әуе коммерциясы жөнінде 1928 жылғы Гавана конвенция қабылданды.

Гавана конвенциясының алдыңғылардан айырмашылығы - ол "зиянсыз ұшу құқығын" беріп қана қоймай, қатысушы мемлекеттердің аумағы арасындағы халықаралық әуе желілерін ұйымдастыруға және пайдалануға құқықтар берді. Үшінші кезең екінші дүниежүзілік соғыстың соңғы кезеңінен басталып, қазіргі күнге дейін жалғасып келеді. Бұл кезеңге тән ерекшелік халықаралық әуе құқығында халықаралық әуе көлігінің құқықтық мәртебесіне қатысты мәселелерді қарастыру.

Халықаралық аренаға азаматтық авиацияның кең түрде шығуы, тұрақты халықаралық авиажелілердің ұйымдастырылуы көптеген елдерді байланыстырып отыратын, барлық мемлекеттерге ортақ (халықаралық) әуе қатынастары, жолаушылар мен жүктердің әуе тасымалдауының халықаралық

ережелерінің қажеттігін көрсетті.

Халықаралық әуе құқығында әуе көліктерінің халықаралық қызметін реттейтін құқықтық нормалардың қалыптасуында 1944 жылғы Чикаго конференциясы маңызды сатылардың бірі болды. Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенция және тұрақты әуе қатынастарындағы коммерциялық құқық туралы көпжақты екі келісімнің қабылдануы осы халықаралық форумның жұмыс нәтижесі еді.

Халықаралық азаматтық авиация жөніндегі 1944 жылғы Чикаго Конвенциясы соғыстан кейінгі халықаралық әуе қатынастарын реттеудегі өте маңызды қадам болды. Чикаго Конвенциясы Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемесі болып табылатын тұрақты халықаралық авиациялық ұйым - халықаралық азаматтық авиация ұйымы ИКАО-ны құрды. ИКАО-ның негізгі мақсаты халықаралық әуе навигациясының қағидалары мен техникаларын дамытудан және халықаралық әуе көліктерін жоспарлау мен дамытуды қолдаудан тұрады, олар:

- әлемде халықаралық азаматтық авиацияның қауіпсіз және жүйеленген дамуын қамтамасыз ету;
- ұшақтарды бейбіт мақсатта пайдалануды ынталандыру;
- халықаралық азаматтық авиациялар үшін авиажелілер, авианавигациялық құралдарды дамытуды ынталандыру;
- әлем халықтарының қауіпсіз, жүйелі, тиімді әуе көлігіне деген сұраныстарын қанағаттандыру;
- пайдасыз бәсекелестіктің кесірінен болатын мағынасыз экономикалық шығындарды болдырмау;
- мүше мемлекеттер құқықтарының толық құрметтелуін қамтамасыз ету және олардың әрқайсысының халықаралық авиажелілерді пайдаланудағы әділ мүмкіндіктерге ие болуына кепілдік беру;
- мүше-мемлекеттер арасында кемсітушіліктерге жол бермеу;
- халықаралық авиажелілердегі ұшу қауіпсіздігін нығайту;
- халықаралық азаматтық авиаұшулардың барлық жақтарының жалпы дамуына қолдау көрсету.

Халықаралық азаматтық авиация ұйымы ұшақтар мен олардың жабдықтарының біршама бөлігінің құрастырылуы мен пайдаланылуын айқындайтын бірқатар халықаралық стандарттар мен тәжірибелік шаралар қабылдады. Бұл стандарттар авиакөлік компаниялары ұшқыштарының, ұшу экипаждарының әуе қозғалысы қызметі операторларының, жердегі экипаждардың қызметтік міндеттерін, коммерциялық авиакөлікпен тасымалданатын қауіпті жүктерді тасымалдау ережелерін анықтайды. Сонымен қатар, олар халықаралық әуежайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптар мен рәсімдерді белгілейді.

ИКАО әртүрлі кедендік, иммиграциялық (төлқұжаттық), санитарлық ресмилікті қысқарту арқылы халықаралық шекаралардан өтуді жеңілдетуге тырысады. ИКАО шолып ұшу және аспаптар бойынша ұшу жөнінде ережелер жасайды. Ол сондай-ақ ұшақ жүргізу үшін бүкіл әлемде аэронавигациялық

карталарды дайындайды. Ол сонымен қатар авиациялық электр байланыс жүйесін жүргізеді: олар қауіпсіздікті қамтамасыз ету радиожилігі мен рәсімдері.

Барлық мемлекеттер өкілдерінің жиналысы - Бас Ассамблея ИКАО-ның ең жоғары органы болып табылады, онда әрбір мемлекет бір дауысқа ие. Бас Ассамблея үш жылдық мерзімге сайлайтын Кеңес - ұйымның басты атқарушы органы болып табылады. Кеңес Бас директорды тағайындайды, ИКАО-ның қаржыларын жүргізеді, халықаралық аэронавигацияның нормаларын белгілейді, тараптардың өтініштері бойынша халықаралық азаматтық авиацияға байланысты кез келген дауларды қарастыру бойынша трибунал ретінде шыға алады. Кеңесті Президент басқарады. Арнаулы мекеменің штаб-пәтері Монреальда орналасқан. Заң саласында ИКАО халықаралық келісімдерді тіркеуді жүргізеді, ұлттық әуе заңдарын жүйелейді, халықаралық келісімдердің жобаларын жасайды.

Жоғарыда көрсетілгендей, 1944 жылғы Чикаго конференциясы, Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенциядан басқа, Халықаралық әуе желілері бойынша транзит туралы келісім ("екі ауа ауа еркіндігі" туралы) және халықаралық әуе көлігі жөніндегі келісімді ("бес ауа еркіндігі" туралы) қабылдады. Халықаралық әуе құқығының маңызды қайнар көздерінің қатарына халықаралық әуе тасымалдарына қатысты және халықаралық желілердегі авиатасымалдаушылардың жауаптылығы туралы кейбір ережелерді біріздендіруге арналған 1929 ж. Варшава конвенциясын; Жер үстінде шетелдік әуе кемелеріне және үшінші тұлғаларға келтірілген залалдар туралы 1952 ж. Варшава конвенциясы және оның 1978 ж. қосымша хаттамасын; Әуе кемесі бортындағы қылмыстар және басқа да әрекеттер туралы 1963 ж. Токио конвенциясын; Әуе кемелерін заңсыз басып алумен күрес туралы 1970 жылғы Гаага конвенциясын; Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күрес туралы 1971 ж. Монреаль конвенциясын және оның 1978 ж. Қосымша хаттамасын; Ашық аспан жөніндегі 1992 ж. Шартты жатқызуға болады.

Халықаралық әуе құқығының негізгі қағидалары. Халықаралық әуе құқығы халықаралық құқықтың саласы ретінде халықаралық құқықтың көпке танылған қағидаларына негізделеді. Сонымен қатар, әуе құқығы қағидалары жүйесіне халықаралық азаматтық авиацияның қызметін реттеп отыратын арнаулы қағидалар мен нормалар кіреді. Оларға мыналар жатады:

- әуе кеңістігінде мемлекеттің ерекше және толық егемендік қағидасы;
- халықаралық әуе кеңістігінде еркін ұшу қағидасы;
- халықаралық әуе қатынастарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидасы;
- әуе кемелерінің заңсыз килігу әрекеттерінен қорғау қағидасы;
- тіркеу негізінде кемелің ұлттық негізін мойындау қағидасы;
- әуе кемелеріне және үшінші мемлекеттерге тигізген зияндарды өтеу қағидасы.

Халықаралық әуе құқығының құқықтық қағидалары әуе кеңістігінде мемлекеттің ерекше және толық егемендік қағидасына негізделеді. Бұл осы

заманғы халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған қағидаларының бірі.

Халықаралық құқық теориясы әуел бастан әуе кеңістігінде мемлекеттің ерекше және толық егемендігін мойындау қағидасымен ұстанып отыр, өйткені әуе кеңістігі мемлекеттің ажырамас бөлігін алып жатқандықтан, мемлекет сол аумақ шегінде өзінің жоғары билігінің жүргізеді, демек әуе кеңістігіндегі егемендік біртұтас мемлекеттік егемендіктің бір бөлігін құрайды. Мемлекеттік егемендіктің бұл элементі оны халықаралық конвенциялар мен басқа келісім-шарттардың мойындағанына қарамастан, өмір сүреді.

Мемлекеттік егемендік нақты мемлекеттің аумағын қоса алғанда, құрлық және су аумағының үстіндегі барлық әуе кеңістігіне тарайды. Аумақтық сулардан сауда кемелерінің бейбіт өту ережелері әрекет ететін халықаралық теңіз құқығынан айырмашылығы, халықаралық әуе құқығы егер іргелес жатқан мемлекеттің арнаулы рұқсаты болмаса, аумақтық сулардың үстімен азаматтық кемелердің бейбіт ұшып өтуін мойындамайды.

Әуе кеңістігінің мемлекеттік егемендігі әуе кеңістігінің өзінің шегімен шектеледі және ұшы-қиырсыз ғарышқа дейін жалғаса алмайды. Көптеген ғасырлар бойы мемлекеттік егемендіктің жоғарғы шегі туралы мәселе тек қана теориялық қызығушылықпен ғана қарастырылатын. Дегенмен, ғылыми-техникалық прогрестің, авиация мен авиациялық қатынастардың дамуымен егеменді әуе кеңістігінің жоғарғы шегін бекіту қажеттігі туындады. Жердің алғашқы жасанды серігінің пайда болуы және ғарыштың еркіндік қағидасының бекітілуіне байланысты, бір жағынан, ұлттық ауа кеңістігінде мемлекеттің егемендік қағидасы, екінші жағынан, ғарыш еркіндігі қағидасы туралы мәселе кеңістік шегі жөнінде туындады.

Ғарыштық кеңістікті пайдаланудағы мемлекеттердің халықаралық іс-тәжірибесі жердің айналасындағы орбитада еркін ұшып жүрген, соның ішінде ең төменгі перигейлерді мемлекеттердің ғарыш кеңістігінде орналасқан деп қарауынан шығып отыр, яғни ғарышты зерттеу және пайдалану еркіндігі қағидасының бір саласы болып табылады. Халықаралық құқықта, бір салт-дәстүр қалыптасып қалған соған орай ғарыш кеңістігі жердің жасанды серіктері орбитасының ең төменгі перигейлерінің биіктігінен басталады. Бұл биіктік мұхит деңгейінен шамамен 100 км., ол әуе кеңістігіндегі ұлттық егемендік осы шектен жоғары бола алмайды дегенді білдіреді.

Әуе кеңістігіндегі мемлекет егемендігі ұғымының мазмұнына барлық әуе қозғалыстарын, сондай-ақ өз меншіктеріндегі және шетелдік кемелердің коммерциялық қызметін, әуе кемелеріне, олардың экипаждарына және осы кемелердегі жолаушыларға, жүктерге және нақты мемлекеттің аумағында болған кездегі поштаға қатысты әкімшілік, аумақтық, қылмыстық юрисдикцияны реттеу құқығы жатады. Мемлекеттердің қылмыстық санкцияларды қолдануы мемлекеттердің саяси, экономикалық мүдделерін қорғауға, олардың қауіпсіздігі оның әуе кеңістігіндегі әуе қозғалыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 306-бабында маршруттарда рұқсат етілген қону орындарын, әуе қақпаларын (яғни, мемлекеттік шекараны кесіп өту бекеттері),

ұшу биіктігін сақтамау немесе халықаралық ұшу ережелерін өзге де бұзушылықтар үшін жауапкершілік көзделген. Сонымен бірге, Қазақстан заңдарында әуекөлігі жұмысшыларының, олардың көлік қозғалысы немесе көлік құралдарын сапасыз жөндеуі, сигнал беру жүйесі мен байланыс құралдарын, сондай-ақ әуе кемелерін, ұшуды қамтамасыз етудің жердегі құралдарын, байланыс немесе сигнал беру жүйесін қасақана бұзғаны немесе құртқаны үшін қылмыстық санкцияларды қолдану көзделген (ҚР ҚК-нің 12-тарауы - "Көліктегі қылмыстар").

Мемлекеттің азаматтық-құқықтық және әкімшілік юрисдикциясы мәселелеріне мыналар жатады: шетел әуе кемесінің заңдық мәртебесін анықтау; кеме командирінің құқықтарын анықтау; әуе кемесі бортында жасалған азаматтық-құқықтық әрекеттерді реттеу; басқа кемелерге әуе кемесінің зақым тигізу жағдайлары кезінде әуе кемелері иелерінің жауапкершілігі; жер үстіндегі үшінші жақтарға ұшып жүрген әуе кемесі тигізген зияндар үшін жауаптылық; ең соңғысы әуе тасымалдаушыларының жүк иелері мен жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі. Қазақстан Республикасының 2001 ж. 30 қаңтарындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 27-тарауы көліктегі әкімшілік жауапкершілікке арналған. Соның ішінде, 442-бап Қазақстан Республикасы әуе кеңістігін қолданудағы тәртіп бұзушылықты анықтайды; 446-бап әуе кемесінде өзін-өзі ұстау тәртібін бұзушылық жауапкершілігін белгілейді; 445-бап - әуе кемесін мас күйде басқару жауапкершілігіне арналған.

Халықаралық әуе кеңістігінде еркін ұшу қағидасы. Халықаралық әуе кеңістігіне ашық теңіз бен Антарктиканың үстіндегі әуе кеңістігі жатады. Осы кеңістіктердің үстінен ұшуды жүзеге асырған кезде әуе кемелері өзі тіркелген мемлекеттің юрисдикциясына бағынады. Бірақ бұл мемлекеттер мен олардың әуе кемелері құқықтық актілерде бекітілген халықаралық ережелерді сақтамауы тиіс дегенді білдірмейді. 1944 ж, Чикаго Конвенциясының 2-қосымшасында осындай аумақтарда ұшу ережелері бекітілген. Халықаралық әуе кеңістігінің еркіндігіне күшіне қарай мемлекеттердің тұрақты келісілген іс-тәжірибесі қажет. Халықаралық ұшулардың орындалуы халықаралық негізде әуе қозғалысына қызмет көрсету (ӘҚК) маршруттары арқылы жүзеге асады, олардың негізгілері ИКАО шеңберінде шақырылатын аэронавигациялық кеңестерде белгіленеді және қайта қарастырылады.

Халықаралық азаматтық авиацияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидасы. Бұл қағиданың мазмұны мемлекеттің мынадай екі міндеттеріне негізделеді:

1. Авиациялық техниканың, аэроаппараттардың, қосалқы қызметтер мен әуе көлігінің техникалық сенімділігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау.
2. Азаматтық авиацияның қызметіне заңсыз араласу әрекеттерімен күрес жүргізу.

Бұл қағиданың орындалуы үшін халықаралық азаматтық авиацияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірлескен шаралар қажет. Мемлекеттер ИКАО шеңберінде әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын, әуе кемелерінің

ұшатын және техникалық қызметкерлерінің біліктілігін, әуе кемелерін және борттағы құжаттарды тіркеуді, байланыс жүйелерін және аэронавигациялық карталарды, әуежайлар мен қону алаңдарының сипаттамаларын, ұшу ережелері мен әуе қозғалысын басқару іс-тәжірибесін, сондай-ақ аэронавигацияның қауіпсіздігі мен тиімділігінің басқа барлық мәселелерінің өлшемдерін белгілейтін халықаралық регламенттерді, ережелерді, ұсыныстарды, стандарттарды ұдайы дайындап отырады.

Әуе кемелерін басып алу және айдап кету оқиғаларының жиілеп кетуіне байланысты, ИКАО 1944 жылғы Чикаго конвенциясына "Қауіпсіздік, азаматтық авиацияны заңсыз қол сұғу әрекеттерінен қорғау" деп аталатын 17-қосымшаны жасап шығарды.

Әуе кеңістігінің режимі және халықаралық ұшуды құқықтық реттеу. Мемлекеттің әуе кеңістігіндегі әуе қозғалыстарын реттейтін және осы кеңістікті қолдану тәртібін белгілейтін құқықтық нормалардың жиынтығын мемлекеттің әуе кеңістігі режимі анықтайды. Бұл нормалар мемлекеттердің ұлттық заңдары мен екі жақты және үш жақты сипаты бар халықаралық келісімдерде белгіленген.

Ұлттық нормаларға сәйкес, әуе кеңістігіндегі шетелдік әуе кемелерінің ұшуы мемлекеттер арасында жасалған әуе қатынастары туралы келісім-шарттарға сәйкес немесе бір реттік ұшуға арналған арнаулы рұқсат негізінде заңды болып саналады. Қонуға тиісті болған, әуе кеңістігінде тиісті рұқсатсыз ұшқан кез келген әуе кемесі құқық бұзушы кеме деп танылады және ол жерге қонуы керек. Шетелдік әуе кемесі нақты мемлекеттің аумағы шегінде болған кезінде осы мемлекеттің халықаралық аэронавигация мен әуе кемелерін пайдалануды реттейтін қолданыстағы барлық заңдары мен ережелеріне бағынуы туралы ереже халықаралық әуе құқығының көпшілік мойындаған қағидасы болып табылады. Шетелдік әуе кемесін мемлекеттік аумақтың шегіне өткізу туралы мәселені шешкен кезде мұндай кемелердің қандай мемлекеттің иелігінде екенін анықтау проблемасы пайда болады. Халықаралық әуе құқығында әуе кемесі өзі тіркелген мемлекеттің меншігіне жататыны белгіленген. Бұл ретте, бір кемені екі және одан да көп мемлекеттерде тіркеуге жол берілмейді. Әуе кемесінің бір мемлекетке тиесілі екендігін қуаттайтын ресми құжат оны тіркеу куәлігі болып табылады, ол кеменің ішінде болуы тиіс. Сонымен қатар, әрбір әуе кемесіне мемлекеттік тіркеу белгілері соғылады. Көпшілік мойындаған ережелер бойынша тіркелінбеген әуе кемелері мен тіркелу белгілері жоқ кемелер халықаралық ұшуға жіберілмейді.

Бортында мынадай міндетті борттық құжаттары жоқ кемелерге әуе кеңістігінде ұшуға рұқсат етілмейді:

- тіркелу туралы куәлік;
- ұшуга жарамдылығы туралы куәлік;
- порт журналы;
- порттағы радиостансаға берілген құжаттар;
- жолаушылар тізімі;
- жүктер мен поштаның тиісті құжаттары.

Халықаралық ұшуды жүзеге асырушы әуе кемесінің ұшқышында және экипажының басқа мүшелерінде ұшу құрамының куәліктері болуы тиіс. Жоғарыда аталған барлық құжаттарды әуе кемесін тіркеген мемлекеттің біреуі немесе жарамды деп тануы, әдетте халықаралық ұшуларға рұқсат берген басқа да мемлекеттердің аумақтарында жарамды деп танылады.

Азаматтық әуе кемесінің орналасқан мемлекетінің осы кеменің экипаж мүшелеріне, соған орай жолаушыларына, бағажына, жүктеріне және поштасына ұлттық юрисдикциясының таралатыны туралы норма халықаралық әуе құқығында көпшілікпен мойындалған.

Әуе кеңістігі режимінің кейбір ерекшеліктерін мемлекеттердің ұлттық заңдары белгілейді. Бұл ерекшеліктер мынаған келіп тіреледі:

1. Халықаралық келісімдер, сондай-ақ бір реттік рұқсаттар негізінде мемлекеттердің әуе кеңістігінде жасалатын шетелдік әуе кемелерінің ұшулары тек белгіленген халықаралық әуе жолдары арқылы жүзеге асырылады, яғни ұшудың қауіпсіздігі мен жүйелілігін қамтамасыз ететін қажетті құралдармен жабдықталған тұрақты маршруттар бойынша деген сөз болып табылады. Шетелдің әуе кемесі мемлекет аумағында шетелдік әуе кемесіне ашылған, белгілі бір әуежайларда ғана қону рәсімін жүзеге асыра алады және қонатын әуежайды анықтау құқығы әуе кеңістігі тиесілі мемлекеттің заңдары бойынша берілетіндігін атап айту керек.

2. Келесі ерекшелігі - ұшқышсыз әуе кемелерінің ұшуын реттеу, Авиациялық техника мен ракета жасаудың қарқынды дамуы қазіргі күннің өзінде азаматтық авиация мақсатында ұшқышсыз ұшақ аппараттарын қолдану мүмкіндігі туралы мәселе қоюға мүмкіндік беріп отыр. Мысалға, пошталар мен матрицалар жеткізу үшін ракеталардың қолданылуы. Мемлекет аумағы үстіндегі әуе қозғалысының қауіпсіздігін нашарлатпау мүмкіндігінің жоқтығы ұшқышсыз әуе кемелерінің халықаралық ұшуларының маңызды шарты болып табылады. Осы мақсатта мемлекеттерге тиісті мемлекеттік органдардың ұшып жүрген әуе кемелерінің басқалармен соқтығысып қалмауын бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ету жүктелген.

Аэронавигациялық халықаралық құқықтық реттеуге қатысты мәселелерді айта отырып, жеке нормалардың бірыңғайға салынуымен қатар, әуе қозғалысын реттеп отыратын ережелердің маңыздылығын атап көрсету қажет. Мұндай бірізділіктің қажет екені көптеген мемлекеттердің аумағынан ұшып өтетін әуе кемесінің ұшқышы, өз елінің ережелерін біліп қана қоймай, өзі ұшып өтетін әрбір мемлекеттің де ережелерін білуге міндетті екендігінен көрінеді.

Халықаралық аэронавигацияның сан қилы ережелері ұшқыштарға ғана емес, жердегі авиадиспетчерлік қызметтерге де қиындықтар туғызады, бұл ережелерді білмеушілік немесе дұрыс қолданбау күрделі авиациялық оқиғалардың туындауына себеп болуы мүмкін. Сондықтап, ИКАО-ның аэронавигациялық ережелерді бірізге салу жөніндегі жұмысы дер кезінде жасалып жатыр және ол өте құнды болып табылады. ИКАО жасаған халықаралық аэронавигациялық ережелер Чикаго Конвенциясының техникалық қосымшасы ретінде ресімделген және мынадай жағдайларды бірізге салған:

- халықаралық ұшуларды жүзеге асыру ережелері;
- халықаралық азаматтық авиацияға метеорологиялық қызмет көрсету,
- халықаралық әуе жолдарының аэронавигациялық карталары;
- "ауа-жер" байланысында қолданылатын өлшем бірліктері;
- халықаралық әуе желілерін пайдалану ережелері;
- ұлттық тәнділігін белгілеу ережелері және әуе кемелеріне мемлекеттік тіркеу белгілерін соғу;
- әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын куәландыру;
- халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелері апатқа ұшыраған жағдайда іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастырудағы авиациялық телекоммуникациялар;
- авиациялық оқиғаларды зерттеу тәртібі;
- аэродромдарды пайдалану ережелері;
- халықаралық ұшуларға арналған авиациялық-ақпараттық қызметті ұйымдастыру.

Халықаралық әуе желілерін мемлекеттердің бірлесіп пайдалануы, азаматтық авиация саласындағы олардың арасындағы ынтымақтастықтың одан әрі нығаюы мемлекеттер аумағындағы халықаралық әуе қозғалыстарының реттелуіне қатысты нормаларды бір ізге салу жұмысының жалғасуын талап етеді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының аясында 1992 ж. мамыр айында әуе кеңістігін қолдану туралы келісімге қол қойылды. Келісімінің 2-бабына сәйкес әуе қозғалысы мен әуе қорғанысына қарсы бірыңғай басқару жүйелерінің органдары мемлекеттердің әуе кеңістігін қолдануын басқару және бақылау мәселелері бойынша негізгі органдар болып табылады. Қатысушы мемлекеттер әуе қозғалыстарын, навигациялауды, қону мен байланысты ғылыми жасақтау, жобалау, дайындау, сатып алу және техникалық құралдар мен басқару жүйесін ендіру барысында үйлестірілген қызметті жүзеге асыру үшін өздеріне міндеттемелер алды. Сонымен қатар, Достастық мемлекеттерінің қарулы күштері мен әуе кеңістігін басқаруда пайдаланушылардың мүдделерін ескере отырып, әуе кеңістігін қолдануды жетілдіру саласында бірлескен бағдарламаларды жасау жоспарлануда. Қатысушы-мемлекеттер мен Достастықтың Біріккен Қарулы күштерінің әскери әуе кемелері, қатысушы мемлекеттердің Қорғаныс министрліктері (комитеттері) бірігіп бекіткен арнаулы ережелерге сәйкес, Достастықтың барлық мемлекеттерінің әуе кеңістігінде ұшуды жүзеге асырады. Бұл ережелер осы мемлекеттің аумағында қолданылатын әуе кемелерінің ұшу ережелеріне қайшы болмауы керек.

Әуе қатынастарын халықаралық-құқықтық реттеу. Жолаушыларды, пошта мен жүктерді белгілі бір сыйақы үшін тасымалдау мақсатында ортақ пайдалануға ашық болатын екі және одан көп мемлекеттердің аумақтары арасында әуе кемелерінің ұшуы халықаралық-құқықтық әуе қатынастары деп аталады.

Халықаралық әуе қозғалыстарын реттеу проблемалары жиынтығында мемлекеттік қауіпсіздікті, сондай-ақ халықаралық ұшулардың қауіпсіздігі мен

жүйелілігін қамтамасыз ететін ұшу- техникалық нормаларды белгілеуге байланысты. Өзінің әуе кеңістігінде шетелдік әуе кемелеріне ұшу құқығын және өз аумағындағы нүктелерде қону құқығын берген әуе қатынастарын реттеу мәселелері мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғауға арналған.

Халықаралық әуе желілерін пайдаланатын шетелдік әуе кемелерінің коммерциялық қызметін реттеу проблемаларының мынадай негізгі аспектілері бар:

- халықаралық әуе көлігіндегі коммерциялық құқықтар;
- коммерциялық құқықтарды жүзеге асыратын шетелдік авиакәсіпорындарды бақылау;
- халықаралық әуе желілерінің маршруттарын реттеу;
- тасымалдау мөлшері мен халықаралық әуе желілерін пайдаланудың басқа да шарттарын реттеу;
- ұдайы емес халықаралық әуе қатынастарын құқықтық реттеу.

Халықаралық әуе көлігіндегі коммерциялық құқықтардың әуе құқығында маңызды орны бар. Бұл мәселе маңыздылығы жағынан ұшу құқығынан кейін тұрады. Халықаралық әуе көлігіндегі коммерциялық құқықтар дегеніміз - авиакәсіпорындарға коммерциялық іспен айналысуға рұқсат беру, яғни жолаушылар, багаждар, жүктер және пошталардың әуе тасымалдауын жүзеге асыру. Бір мемлекеттің аумағы шегінде орналасқан нүктелер арасындағы тасымалдаудың орындалуы, сонымен қатар, екі және одан да көп мемлекеттер арасындағы тасымалдаудың орындалуы осы құқықтардың мазмұны болып табылады. Осы заманғы халықаралық тәжірибеде коммерциялық қызмет құқығын "әуе еркіндігі" деп аталатын шартты санаттарға бөлу орын алған. Әдетте мұндай санат саны бесеу болып келеді:

1. Шетелдік мемлекеттің аумағында транзитті қонусыз ұшуды жүзеге асыру құқығы.
2. Осы мемлекет аумағындағы нүктелерде коммерциялық мақсатсыз қонуды жүзеге асыру құқығы.
3. Әуе кемесі тіркелген елде бортқа алынған багаждарды, жүктерді, пошталарды және жолаушыларды түсіру құқығы.
4. Әуе кемесі тіркелген мемлекетіне жеткізу үшін осы мемлекеттің аумағында бортқа жолаушыларды, багажды, жүктерді, пошталарды алу құқығы.
5. Осы мемлекеттің аумағындағы нүктелерге жолаушыларды, багажды, жүктерді, поштаны әкелу құқығы, сондай-ақ оларды осы нүктелерде кез келген үшінші елдерден немесе басқа үшінші елдерге жеткізу үшін бортқа алу.

Коммерциялық құқықтарды жүзеге асыратын шетелдік әуе кәсіпорындарын бақылау. Халықаралық келісім бойынша ұшу құқықтары мен халықаралық әуе желілерін пайдалануға арналған коммерциялық құқықтар алған мемлекет осы құқықтардың жүзеге асырылуы үшін өзінің бір немесе бірнеше кәсіпорындарына дербес өкілеттік бере алады. Бір жағынан, мұндай құқықтар беретін мемлекетте оның аумағындағы желілерді қандай сипатта және қалай пайдаланатынына немқұрайды қарай алмайды. Осыдан барып халықаралық әуе құқығында шетелдік әуе кәсіпорындарын бақылау мәселесі

пайда болды.

Шетелдік әуе кәсіпорындарына әуе желілерін пайдалануға беру туралы келісім-шарттың негізделген алдын ала шарты, ол - пайдалануға рұқсаттың берілуі болып табылады.

Ондай рұқсат шетелдік әуе компаниясына осы әуе компаниясын тағайындаған мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес, сондай-ақ аумағында әуе желілері пайдаланылатын мемлекеттердің заңдары мен ережелеріне сай құрылғанын және әрекет ететінін, куәландыратын құжаттарды көрсеткен жағдайда беріледі.

Халықаралық әуе желілерінің маршруттарын реттеу. Халықаралық әуе байланыстарының қарқынды дамуы әуе маршруттарын реттеудің анағұрлым күрделі тәртібіне көшуді талап етті. Әдетте, тараптардың аумақтарында аяқталатын нақты белгіленген әуе желілерін келісімдерде бекітудің орнына, келісім-шарттарға әрбір тарапқа келісімде аталып өткен жалпы бағыттардың, маршруттардың негізінде қандай нақты әуе желілерін ұсына алатынын дербес анықтауға құқықтар берілетін болды. Үшінші мемлекет аумағында орналасқан, келісімдерде көрсетілген пункттер, осы үшінші елдерде тараптардың ұшуға және қонуға деген құқығына келісімді бекітеді дегенді білдірмейді, Бұл құқықтарды мүдделі тараптардың әрқайсысы дербес түрде алуы керек.

Тасымалдау көлемі мен халықаралық әуе желілерін пайдаланудың басқа да жағдайларын реттеу. Мемлекеттер тәжірибесі бұл мәселенің түрлі аспектілерінен келіп шығады. Бір мемлекеттер тасымалдау мөлшерін анықтау қажеттігін жақтаса, басқа бірсулері әртүрлі мемлекеттерде әуекәсіпорындары арасындағы бәсекелестіктің шектеулі шараларын бекітуді жақтайды, үшінші біреулері ресми теңдік, әділеттік және тең мүмкіндіктер қағидасына сүйенуді жақтады. Таңдап алынған саясат түріне қарамастан, мемлекеттер кемсіту шараларын қолданбауы керек, мүдделі мемлекеттер арасында тасымалдау мөлшерін және халықаралық әуе желілерін пайдаланудың басқа шарттарын міндетті түрде келісімдеп, жоспарлау қажет.

Жүйесіз халықаралық әуе қатынастарын құқықтық реттеу қажеттігі мынада:

- қатысушы басқа мемлекеттің аумағында аяқталатын нүктедегі ұшуды атқару үшін;
- осындай құқық беретін мемлекет аумағында қонусыз транзиттік ұшу үшін;
- осындай құқық беретін мемлекеттің аумағында қону арқылы транзиттік ұшу.

Мұндай ұшулар егер бұл құқықты беретін мемлекеттің ерекше рұқсаты берілмесе, коммерциялық мақсатта орындалмауы керек.

3.3 Халықаралық экологиялық құқық.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары экономиканы, заңнаманы және қоғамды экологияландыру болып табылады. Теңіз ортасын қорғауды әмбебаптық және аймақтық деңгейде конвенциялық реттеу. Трансұлтты өзендердің су ресурстарын қорғау: шарттық реттеудің негізгі бағыттары. Атмосфераны ластанудан және басқа да зиянды әсерлерден қорғау. Жер айналасындағы ғарыш кеңістігін ластанудан және қоқым-қоқыстан

қорғау. Ғарыш кеңістігіндегі қызмет нәтижесіндегі ластанудан Жер шарының табиғи ортасын қорғау. Жануарлардың көшіп-қонатын түрлерін қорғау. Жойылу қатеріне ұшыраған фауна мен флораны, сондай-ақ ең маңызды экожүйелерді сақтау. Атом энергиясын пайдалану нәтижесіндегі радиоактивтік ластанудан қоршаған ортаны қорғау. Қоршаған ортаны ластау үшін жауапкершілік.

Халықаралық экологиялық құқық - бұл қоршаған ортаны ластанудан қорғау және табиғи ресурстарды рационалды қолдануды қамтамасыз етуге бағытталған нормалар мен принциптердің жиынтығы.

Келесі факторлар қоршаған ортаға қолайсыз әсер етеді:

- а) рационалды емес кейде жыртқыштық тұтыну тіпті кейде табиғаттың бөлек компоненттерін мүлдем жою;
- б) қоршаған ортаны ластау, жаппай қарулану жарысы, қарулы қақтығыстар, локалды соғыстар;

Бейрационалды шаруалықтың нәтижесінде ірі сүтқоректілердің жүздеген түрі ізсіз жоғалып кетті. Мыңдаған жануарлар өлу қаупінде жатыр. Құрғақ жер территорияларының 3\1 бөлігі шөлге айналу қаупінде тұр. Мыс: 1950 жылмен салыстырғанда әлемдегі орман материалдарының шығыны екі есеге, қағаз - 6 есе, су - 3 есе, бидай - 3 есе, жанармай ретіндегі тас көмірді қолдану 4 есеге өсті. Сондай-ақ кен өндірісі 4 есе ұлғайды. Соңғы 50 жылда дүние жүзі орман массивінің жартысын жоғалтты. Шамадан тыс балық аулау балық популяциясының құрдымға кету қаупіне әкелді. Топырақ эрозиясы әлемнің көптеген елдерінде көптеген проблемаға әкелді. АҚШ-та, Еуропада, Индияда, Қытайда, Таяу Шығыста, Африкада су қоры азаюда. Судың жетіспеушілігі азық-түліктің жетіспеушілігін білдіреді. Ғалымдар қоршаған ортаны қорғау мәселелердің шешімін жаңа типтегі экономиканы құруда көреді. Негізінен бұл шикізатты және энергия көздерін қайталап қолдану сондай-ақ тұрғындардың қалыпты деңгейі.

Қоршаған ортаға қолайсыз әсер ететін екінші фактор - адамның қызметінің нәтижесіндегі антропогендік ластау. Ғасыр мәселесі деп табиғаттың қышқыл жаңбырлар жаууының нәтижесіндегі ластануын атайды. Су жүйесіне қалдықтарды тастау таза суресурстарын азайтады және барлық су ресурстарын биологиялық қосуына әкеледі.

Алайда адамзатқа ең үлкен қауіп төндіретін бұл ядролық қару және қоршаған ортаны радиоактивті ластау.

Табиғат және оның объектілері (ауа, теңіз, орман, жануарлар, космос және т.б.) адамзаттың ортақ иелігі б.т. Оларды қорғау және оларды рационалды қолдануға барлық әлемдік құрамдастық мүдделі.

Табиғатты қорғау және олардың ресурстарын рационалды қолдану қазіргі заманның глобальді мәселесі. Бұл мәселені шешудің негізгі шарттары: бүкіл әлемде бейбітшілікті сақтау және қарусыздану мемлекеттер арасындағы өзара түсінушілікпен сенімді табиғатқа қатысты барлық мемлекеттің бір саясат жүргізуі және өз территориясында оны қорғау заңнамасын дамыту, қоршаған табиғатты халықаралық қорғау жөніндегі барлық акцияларды барлық

мемлекеттің белсенді қатысуы, табиғаттың нақты компитенттерін қорғау жөніндегі халықаралық келісімшарттармен және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жалғыз келісімшартты қабылдау және өңдеу.

Қазіргі заманда ең басты мәселенің бірі мемлекеттерді көп жақты әріптестікке қайта оралуын сенімдіру. 1992 жылы Қоршаған орта және оны дамыту жөніндегі Рио-де-Жанейроның жетінші Декларациясы Жердің экосистемасының тұтастығын және тазалығын сақтау және қалпына келтіру үшін мемлекеттің ынтымақтастығы мен әріптестігі туралы айтылады.

Халықаралық экология мәселесі мемлекеттердің арасындағы әріптестік құқығы мен жалпы принциптерімен шешілу қажет. Аймақтық мәселелер егер көрші елдер бірігіп жалпы ресурстарды қолданса мыс: халықаралық өзендер немесе аймақтық теңіздерді пайдаланған жағдайда пайда болады. Сонымен қатар ғаламдық экологиялық ресурстар, бұлар атмосфера және мұхиттар жан-жақты іс-әрекет объектісі болуы қажет. Егер бір елге жататын ресурс, бірақ халықаралық қауымдастыққа бағалы болып табылатын мыс: сирек жануарлар мен өсімдік түрлері, бұндай жағдайда белгілі бір мемлекет өз мұрагерлігін сақтап қалу мүддесіне сай халықаралық әріптестікке мүмкіндігі бар.

Халықаралық құқықтың негізгі принциптері адамды қоршайтын ортаны рационалды түрде қолдану және сақтау сферасында заңдық қатынас регуляторы болып табылады. Сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау халықаралық құқығының өзіндік принциптері бар.

1. Қоршаған орта - адамзаттың жалпы күтімі. Бұл принциптің мағынасы бұл халықаралық әріптестік қоршаған ортаны бірігіп және жекеше сақтауы мүмкін және қажет. Бұл принцип жаңа болып саналмайды, ол халықаралық құқықтың барлық саласында (адам құқығын, халықаралық еңбек құқығын, халықаралық гуманитарлық құқығын сақтау және т.б.) қолданылады. Қоршаған ортаны қорғау принципі көптеген халықаралық келісімшарттарда бекітілген. Мыс: 1946 жылы китобойлық кәсіпорынды реттеу жөніндегі Халықаралық конвенцияның преамбуласы. 1972 жылы теңізге қалдықтарды және басқа да материалдарды тастауды тоқтату жөніндегі конвенцияның преамбуласында былай деп қарастырылған: теңіз орталығы және оның ішіндегі қоректенетін тірі жандар адамға маңызы өте зор және барлық адамдар оның сапасын және ресурстарының зияннанбауын қамтамасыз ету қажет. 1968 жылы табиғаттың және табиғи ресурстарды сақтау жөніндегі Африкандық конвенцияның преамбуласы топырақ, су, флора және фауна адамзат өмірі үшін өте маңызды деп есептеген.

2. Мемлекеттік шекарадан тыс қоршаған орта адамзаттың жалпы байлығы болып табылады. Ұлттық юрисдикция іс-әрекетінен тыс табиғи ресурстар жалпы байлыққа жатады, және оны сақтап қалу барлық ұлт пен мемлекеттің міндеті болып саналады. Бірақ қоршаған ортаға суверенитет жариялау жолымен ұлттық иелену, пайдалану, басып алу немесе басқа да жолдарды пайдалануға жатпайды. Бұл принцип 1967 жылғы космос жөніндегі келісімшартында, 1982 жылғы теңіз құқығы жөнінде БҰҰ-ң Конвенциясында бекітілген.

3. Қоршаған ортаны қорғау және оның компоненттерін пайдалануға және зерттеуге еркіндік. Барлық мемлекеттер және халықаралық үкіметаралық ұйымдар қандай да бір дискриминациясыз қоршаған ортада заңды, бейбіт түрде ғылыми зерттеулер өткізуге құқығы бар. Бұл принцип 1959 жылы Антарктика жөніндегі келісімшартта, 1967 жылғы космос жөніндегі келісімшартта, 1982 жылғы теңіз құқығы жөніндегі БҰҰ-ң Конвенциясында, 1979 жылғы Ай жөніндегі келісімде көрініс тапқан.

4. Қоршаған ортаны тиімді пайдалану. Табиғи ресурстарды эксплуатациялауды максималды экономды және тұрақты деңгейде орындау қажет. Мемлекет табиғи ресурстарды қайта өндіру және қалпына келтіру іс-шараларын тиімді орындау қажет. Бұл принцип 1958 жылы ашық теңіз ресурстарының тірі жандарын қорғау және балық аулау Конвенциясында, 1973 жылғы жабайы флора және фауна түрлерімен халықаралық сауда және олардың жоғалу жөніндегі Конвенциясында қарастырылған.

5. Қоршаған ортаны пайдалану және зерттеу ісіндегі халықаралық әріптестік табиғат ресурстарының қалпына келтірілуі, қоршаған ортаға теріс әсер етуді жою және азайту, қоршаған ортаны қорғаумен байланысты халықаралық мәселелерді барлық әріптестік елдерімен шешу қажет. Бұл принциптердің негізі болып және барлық келісімшарттарда бекітілген.

6. Қоршаған ортаның элементтерінің, дамудың адам құқығының қамтамасыз етілуінің және фундаментальді еркіндігінің өзара тәуелділігі. 1968 жылғы адам құқығы жөніндегі БҰҰ-ң алғашқы Конференциясында халықаралық әріптестік әлемінің және адам құқығымен өзара тәуелділігін мойындайды. Кейіннен Бас Ассамблея өзінің 97\119 резолюциясында әлемнің дамуының және адам құқығының өзара тәуелділігін жариялады. 1972 жылы Стокгольмдік Декларацияның бірінші принципінде адам құқығымен қоршаған ортаның арасындағы байланысты жариялайды. 1992 жылы қоршаған орта және даму жөніндегі Рио-92 Декларациясында адамға қамқорлық тұрақты дамуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің орталық звеносы болып табылатынын жариялайды.

7. Қоршаған ортаға байқаулы көзқарас. Ғылыми зерттеулердің жеткіліксіздігі қоршаған ортаға зақым келтіртпеу сияқты маңызды шараларды кейінге қалдыруына себеп бола алмайды. Бұл принцип Рио-92 Декларациясының 15 принципінде келесі редакциясында: қоршаған ортаны қорғау мақсатында мемлекет өз мүмкіндігіне тәуелді байқаулы принципін кеңінен қолдануын бекітілген. 1982 жылы теңіз құқығы жөніндегі БҰҰ-ң конвенция жағдайының іске асыруы жөнінде келісімшарттың 6-шы бабына сәйкес 1995 жылғы трансшекаралық балық запастарын, көшіп-қонып жүрген балық запастарын сақтау және олармен басқаруына жататын мемлекет трансшекаралық балық запастарын және алысқа көшіп-қонып жүретін балық запасын сақтауына, оларды басқаратын және оларды пайдалануын байқаулы көз қараста кеңінен қолданады.

8. Жетілу құқығы. Бұл принцип қоршаған ортаны қорғаумен даму құқығының байланысының тығыз болуын қарастырады. Ол Рио-92 Декларациясының 3

Принципінде қоршаған ортамен жетілу аймағында өткен және келешектегі ұрпақтың қажетін тепе-тең қанағат етуін, жетілу құқығы бұндай жолмен сақтануы қажет. Сонымен қатар бұл принцип 1986ж жетілдіру құқығы жөніндегі БҰҰ-ң Декларациясында, 1993ж адам құқығы жөнінде БҰҰ-ң қабылданған Бүкіләлемдік конференциясында көрсетілген.

9. Зақым келтірмеу. Бұл принципке сәйкес барлық мемлекеттер ортаға маңызды жолмен әсер етуші және әсер ететін заттарды, технологияларды, өндіріс және категория белсенділігін бағалау және ұқсастыруы қажет. Олар қоршаған ортаға зақым келтіртпеу мақсатында оларды жүйелі түрде зерттеу, реттеу және басқаруы міндетті. Бұл принциптің мазмұны толығынан 1982ж БҰҰ-ң Бас Ассамблеясының XXXVII сессиясының Бүкіләлемдік табиғат хартиясының II бабында мақұлданған. Табиғатқа зақым келтіретін қызмет, бақылануы, табиғатқа басқа да зақым келтіруші немесе қауіп масштабын азайтуға ыңғайлы технологияны пайдалану қажет.

10. Қоршаған ортаны ластандырмау. Мемлекеттер қоршаған орта компоненттерін барлық ластаушы заттарды бақылау және азайту, әсіресе радиоактивті, улы және басқа да зақым келтіруші заттардың болдырмауына жеке және коллективті барлық шараларды қолдану қажет. Бұл мақсаттарға мемлекет тәжірибеде қолданылған шараларды пайдалану қажет. Бұл принцип 1982 жылы теңіз құқығы жөніндегі БҰҰ-ң конвенциясының көптеген халықаралық шарттарында, 1973 жылғы кемелерді ластанудан алдын алу жөніндегі халықаралық конвенциясында, 1972 жылғы теңізді қалдық пен басқа да материалдардан ластанудан алдын алу жөніндегі Конвенциясында бекітілген.

11. Мемлекеттердің жауапкершілігі. Бұл принципке сәйкес әр бір мемлекет қоршаған ортаны қорғау аймағындағы халықаралық құқық нормаларымен және келісімшарттармен қарастырылған өз міндеттерінің аясында саяси және материалды жауапкершілігін атқарады. Бұл принцип Рио-92 Декларациясының 13 принципінде бекітілген. Саяси материалды жауапкершіліктен тыс мемлекет қоршаған ортаға және оның физикалық немесе заңдық тұлғаларына зақым келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін атқарады. Жауапкершіліктің бұл түрі Рио-92 Декларациясының 13 Принципінде, 1992ж Лондон протоколының 3 бабында, 1969ж мұнай мен ластау үшін азаматтық жауапкершілік жөніндегі конвенцияда қарастырылған.

12. Халықаралық немесе Шетелдік Соттық органдарының Юрисдикциясынан, иммунитеттерінен бас тарту. Әрбір иммунитет соттық араласуында дипломатиялық заңнамаға немесе халықаралық құқыққа сәйкес жауапкершілікке қатысты қоршаған ортаны қорғау аймағында халықаралық конвенция негізінде пайда болуда қолданылмайды. Басқа сөзбен айтқанда мемлекет халықаралық экологиялық құқық нормаларына сәйкес соттық араласуында иммунитетке жүгіне алмайды. Бұл принцип бірнеше азаматтық-құқықтық келісімшарттың мазмұндарында қарастырылған. Әсіресе ол 1960 жылғы ядролық зақым үшін азаматтық жауапкершілік жөніндегі Париждік конвенциясының 13-ші бабында,

1963 жылы ядролық зақым үшін азаматтық жауапкершілік жөніндегі Вена 10-шы конвенциясының 3-ші бабында көрініс тапқан.

Бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек түрлерін атаңыз?
2. Халықаралық қылмыстық-процессуалдық құқық түрлері қандай?
3. Ашық теңіз еркіндігі қағидасының нормативтік мазмұны неде?
4. Айрықша экономикалық аймақ дегенді қалай түсінесіз?
5. Халықаралық бұғаздар жөніндегі құқықтық режимді атаңыз.
6. Құрлықтық шельф аймағы дегеніміз не?
7. Ғарыш құқығын прогрессивті дамытудағы БҰҰ-ң ролі қандай?
8. Трансұлтты өзендердің су ресурстарын қорғау қалай жүргізіледі?
9. Әуе кемесі мен экипаждың мәртебелерін атаңыз.
10. Халықаралық әуе құқығындағы жауапкершілік түрлері қандай?

Тест тапсырмаларының сұрақтары:

1. Халықаралық құқық субъектілері арасындағы көпшілік құқықтық қатынастарда әрекет ететін ерекше құқық жүйесі - бұл:

- A) халықаралық құқық
- B) халықаралық жеке құқық
- C) халықаралық мемлекеттер құқығы
- D) халықаралық субъектілік құқық
- E) халықаралық ерекше құқық

2. Халықаралық құқық субъектісі болып табылмайды:

- A) мемлекеттер
- B) өздерінің тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан ұлттар мен халықтар
- C) мемлекет тәрізді құрылымдар
- D) өздерінің төл мемлекеттерін құру жолында күресуші ұлттар мен халықтар
- E) адамдар

3. Халықаралық құқық субъектілерінің өздерімен бекітілген, олармен ерікті түрде немесе қажет болған жағдайда мәжбүрлеудің ерекше түрімен орындалатын, атқарылуы заңи міндетті мемлекеттердің және басқа халықаралық құқық субъектілерінің жүріс-тұрыс ережесі - бұл:

- A) халықаралық құқық нормасы
- B) құқық нормасы
- C) құқықтық норма
- D) халықаралық шарт
- E) халықаралық келісім

4. Халықаралық құқық субъектілерінің өздерімен бекітілген, олармен ерікті түрде немесе қажет болған жағдайда мәжбүрлеудің ерекше түрімен

орындалатын, атқарылуы заңи міндетті мемлекеттердің және басқа халықаралық құқық субъектілерінің жүріс-тұрыс ережесі қалай аталады?

A) халықаралық құқық нормасы

B) құқық нормасы

C) құқықтық норма

D) халықаралық шарт

E) халықаралық келісім

5. Халықаралық келісімшарт құқығы жөніндегі Вена Конвенциясы қашан қабылданды?

A) 1969 жылы

B) 1900 жылы

C) 1915 жылы

D) 2000 жылы

E) 2005 жылы

6. 1969 жылы қабылданған Вена Конвенциясы не жөнінде болды?

A) халықаралық келісімшарт құқығы жөнінде

B) халықаралық әдет туралы

C) халықаралық соттық прецедент туралы

D) халықаралық соттар мәртебесі туралы

E) әдет-ғұрып нормалары жөнінде

7. Объективтік формасы бойынша халықаралық құқық нормалары топтастырылады:

A) келісімшарттық және әдеттік

B) императивтік және диспозитивтік

C) материалдық және процессуалдық

D) міндеттеуші, ерік беруші және тыйым салушы

E) универсалдық және локалдық

8. Әрекет ететін субъективтік территориясының өрісі бойынша халықаралық құқық нормалары топтастырылады:

A) келісімшарттық және әдеттік

B) императивтік және диспозитивтік

C) материалдық және процессуалдық

D) міндеттеуші, ерік беруші және тыйым салушы

E) универсалдық және локалдық

9. Халықаралық құқық нормалары заңи күші бойынша топтастырылады:

A) келісімшарттық және әдеттік

B) императивтік және диспозитивтік

C) материалдық және процессуалдық

D) міндеттеуші, ерік беруші және тыйым салушы

Е) универсалдық және локалдык

10. Халықаралық құқық нормалары субъективтік құқықтар мен міндеттер мәнісі бойынша топтастырылады:

- А) келісімшарттық және әдеттік
- В) императивтік және диспозитивтік
- С) материалдық және процессуалдық
- Д) міндеттеуші, ерік беруші және тыйым салушы
- Е) универсалдық және локалдык

11. Халықаралық құқық нормалары түрі бойынша топтастырылады:

- А) келісімшарттық және әдеттік
- В) императивтік және диспозитивтік
- С) материалдық және процессуалдық
- Д) міндеттеуші, ерік беруші және тыйым салушы
- Е) универсалдық және локалдык

12. Халықаралық құқық нормалары функционалдык міндетіне орай топтастырылады:

- А) реттеуші және қорғаушы
- В) келісімшарттық және әдеттік
- С) универсалдық және локалдык
- Д) материалдық және процессуалдық
- Е) императивтік және диспозитивтік

13. Функционалдык міндетіне орай халықаралық құқық нормаларының топтастырылуы:

- А) реттеуші және қорғаушы
- В) келісімшарттық және әдеттік
- С) универсалдық және локалдык
- Д) материалдық және процессуалдық
- Е) императивтік және диспозитивтік

14. Субъективтік құқықтар мен міндеттер мәнісі бойынша халықаралық құқық нормаларының топтастырылуы:

- А) келісімшарттық және әдеттік
- В) императивтік және диспозитивтік
- С) материалдық және процессуалдық
- Д) міндеттеуші, ерік беруші және тыйым салушы
- Е) универсалдық және локалдык

15. Заңи күші бойынша халықаралық құқық нормаларының топтастырылуы:

- А) келісімшарттық және әдеттік
- В) императивтік және диспозитивтік

- C) материалдық және процессуалдық
- D) міндеттеуші, ерік беруші және тыйым салушы
- E) универсалдық және локалдық

16. Халықаралық құқық нормалары объективтік формасы бойынша:

- A) келісімшарттық және әдеттік болып топтастырылады
- B) императивтік және диспозитивтік болып топтастырылады
- C) материалдық және процессуалдық болып топтастырылады
- D) міндеттеуші, ерік беруші және тыйым салушы болып топтастырылады
- E) универсалдық және локалдық болып топтастырылады

17. Халықаралық құқық субъектілерімен арнаулы конференцияларда немесе халықаралық, үкіметаралық ұйымдар шеңберінде әрекет етуші келісімшарттық немесе әдеттік халықаралық құқықтық нормаларды ресми жүйелеу - бұл:

- A) халықаралық құқық нормаларының кодификациясы
- B) халықаралық құқық нормаларының түсіндірілуі
- C) халықаралық құқық нормаларын бекіту
- D) халықаралық құқық нормаларын бөліп ажырату
- E) халықаралық құқық нормаларының унификациясы

18. Халықаралық құқық принципіне жатпайды:

- A) мемлекеттердің егемендігі теңдігі
- B) күш қолданбау және күшпен қауіп төндірмеу
- C) мемлекеттік шекараның бұзылмауы
- D) мемлекеттік территорияның тұтастығы
- E) жариялылық және әділеттілік

19. Халықаралық құқық принципін атаңыз:

- A) ынтымақтастық
- B) жариялылық
- C) негізділік
- D) әділдік
- E) функционалдық

20. Халықаралық құқық нормаларына немесе халықаралық құқықтық актілер ережесіне сай пайда болатын халықаралық құқықтар және міндеттер иесі:

- A) халықаралық құқық субъектілері
- B) халықаралық құқық объектілері
- C) халықаралық құқық бұзушылар
- D) халықаралық құқық бойынша жауапкерлер
- E) мемлекеттік құқық субъектілері

21. Халықаралық құқық субъектілері құқық субъектілігінің қандай түрлеріне ие болады?

- A) жалпы
- B) салалық
- C) негізгі
- D) жалпы, салалық, арнаулы
- E) негізгі, жанама

22. Тараптың жалпы алғандағы халықаралық құқық субъектісі болу қабілеттілігі қалай аталады?

- A) негізгі құқық субъектілігі
- B) арнаулы құқық субъектілігі
- C) ортақ құқық субъектілігі
- D) жеке құқық субъектілігі
- E) жалпы құқық субъектілігі

23. Тараптардың мемлекетаралық қатынастардың белгілі бір түріндегі құқықтық қатынастың қатысушысы болуы қалай аталады?

- A) салалық құқық субъектілігі
- B) арнаулы құқық субъектілігі
- C) ортақ құқық субъектілігі
- D) жеке құқық субъектілігі
- E) жалпы құқық субъектілігі

24. Тараптардың халықаралық құқықтың белгілі бір саласы шеңберіндегі жекелеген құқықтық қатынастардың қатысушысы болуы қалай аталады?

- A) салалық құқық субъектілігі
- B) арнаулы құқық субъектілігі
- C) ортақ құқық субъектілігі
- D) жеке құқық субъектілігі
- E) жалпы құқық субъектілігі

25. Салалық құқық субъектілігі дегеніміз не?

- A) тараптардың халықаралық құқықтың белгілі бір саласы шеңберіндегі жекелеген құқықтық қатынастардың қатысушысы болуы
- B) тараптардың мемлекетаралық қатынастардың белгілі бір түріндегі құқықтық қатынастың қатысушысы болуы
- C) тараптың жалпы алғандағы халықаралық құқық субъектісі болу қабілеттілігі
- D) тараптың әрекетке қабілетті болуы
- E) тараптың құқық қабілеттілігінің болуы

26. Жалпы құқық субъектілігі дегеніміз не?

- A) тараптардың халықаралық құқықтың белгілі бір саласы шеңберіндегі жекелеген құқықтық қатынастардың қатысушысы болуы

- В) тараптардың мемлекетаралық қатынастардың белгілі бір түріндегі құқықтық қатынастың қатысушысы болуы
- С) тараптың жалпы алғандағы халықаралық құқық субъектісі болу қабілеттілігі
- Д) тараптың әрекетке қабілетті болуы
- Е) тараптың құқық қабілеттілігінің болуы

27. Арнаулы құқық субъектілігі дегеніміз не?

- А) тараптардың халықаралық құқықтың белгілі бір саласы шеңберіндегі жекелеген құқықтық қатынастардың қатысушысы болуы
- В) тараптардың мемлекетаралық қатынастардың белгілі бір түріндегі құқықтық қатынастың қатысушысы болуы
- С) тараптың жалпы алғандағы халықаралық құқық субъектісі болу қабілеттілігі
- Д) тараптың әрекетке қабілетті болуы
- Е) тараптың құқық қабілеттілігінің болуы

28. Нақты мемлекеттің территориясында өмір сүретін, оның заңдарына бағынатын тұлғалар:

- А) тұрғындар
- В) адамдар
- С) босқындар
- Д) азаматтығы жоқ адамдар
- Е) ұйымдар

29. Азаматтықты туылған жеріне тәуелсіз, ата-анасының немесе олардың біреуінің азаматтығымен байланысты алу қалай аталады?

- А) қан құқығы бойынша
- В) топырақ құқығы бойынша
- С) натурализация бойынша
- Д) реинтеграция
- Е) оптация

30. Азаматтықты ата-анасының азаматтығына тәуелсіз оның туылған жерінің территориясына байланысты алу қалай аталады?

- А) қан құқығы бойынша
- В) топырақ құқығы бойынша
- С) натурализация бойынша
- Д) реинтеграция
- Е) оптация

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Анцилотти Д. Курс международного права. М., 1961.
2. Броунли Я. Международное право. М., 1977.
3. Курс международного права. В 7-ми томах. М., Наука, 1989-1993.
4. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. Алматы: «Өнер», 1996.
5. Оппенгейм Л. Международное право. М., 1979.
6. Сарсембаев М.А. Международно-правовые отношения государств Центральной Азии. – Алматы: Гылым, 1995.
7. Сарсембаев М.А. Международное право: Учебное пособие. Алматы, 1991.
8. Құлжабаева Ж.О. Халықаралық жария құқық. Алматы, «НАС» баспа компаниясы, 2003.
9. Токаев К.К. Под стягом независимости: Очерки о внешней политике Казахстана. – Алматы: Білім, 1997.
10. Токаев К.К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. Алматы: АО «САК НП ПИК «GAUHAR», 2000.
11. Фердросс А. Международное право. М., 1989.
12. Хименес де Аречага Э. Современное международное право. М., 1983.

Қосымша:

1. Ушаков Н.А. Проблемы теории международного права. М., 1988.
2. Тункин Г.И. Теория международного права. М., 1970.
3. Даниленко Г.М. Обычай в современном международном праве. М., 1988.
4. Фельдман Д.И. Система международного права. Казань, 1983.
5. Талалаев А.Н. Право международных договоров: договоры с участием международных организаций. М., 1989.
6. Шибаева Е.А. Право международных организаций. Вопросы теории. М., 1986.
7. Игнатенко Г.В. Взаимодействие внутригосударственного и международного права. Свердловск, 1981.
8. Колосов Ю.М. Ответственность в международном праве. М., 1976.
9. Мовчан А.П. Права человека и международные отношения. М., 1982.
10. Блищенко И.И. Дипломатическое право. М., 1990.
11. Бобылев Г.З., Зубков Н.Г. Основы консульской службы. М., 1986.
12. Всеобъемлющая система международной безопасности и международное право. М., 1987.
13. Карпец И.И. Международная преступность. М., 1988.
14. Клименко В.М. Государственная территория: вопросы теории и практики международного права. М., 1974.
15. Малеев Ю.Н. Международное воздушное право: вопросы теории и практики. М., 1980.
16. Международное космическое право: Уч. пособие. Под ред. Ю.М. Колосова. М., 2002.
17. Колбасов О.С. Международно-правовая охрана окружающей среды. М., 1982.
18. Шумилов В.М. Международное экономическое право. М., 1999

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 83 бет 6,9 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.